



ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ
- ҚАЗАҚ ТІЛІ -



2009

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Тестілер – ҰТО-ның интеллектуалдық меншігі.
ҰТО-ның рұқсатынсыз қандай мақсатта болсын, бұл тестілердің толық
не жеке парақтарының көшірмесін жасауға болмайды.

АСТАНА
2009

ББК 74.268.1 Қаз

И 90

Қазақ тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал. /Оқу-әдістемелік құрал. Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2009 – 144 бет.

ISBN 978–601–260–010–0

Оқу-әдістемелік құралға қазақ тілі пәні бойынша 2008 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуде пайдаланылған тест тапсырмаларының 25 нұсқасы енгізілген. Сонымен қатар бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларының 5 нұсқасы ұсынылған.

Оқу-әдістемелік құрал талапкерлердің ҰБТ мен кешенді тестілеуге дайындалуына көмек ретінде ұсынылады. Орта мектеп мұғалімдері тест жинағын оқу барысында оқушы білімін бақылауға пайдалана алады.

ББК 74.268.1 Қаз

Қ $\frac{4306020200}{00(05) - 09}$

ISBN 978–601–260–010–0

© «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2009

КІРІСПЕ

Құрметті талапкер!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға дайындалу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Қазақ тілі пәні бойынша ұсынылып отырған тест тапсырмалары қазақ тілінің даму жүйесі мен нормаларының меңгерілуін; оның қоғамдық-әлеуметтік рөлі мен қызметін; тілдік материалдардың меңгерілу дәрежесін; тілдің прагматикалық қызметінің қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі және шешендік үрдістегі рөлін меңгеруін тексереді.

Кітапшаның **I бөлімі** 2008 жылы ҰБТ-де пайдаланылған тест тапсырмаларынан құралған 25 нұсқадан тұрады.

Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары жабық түрде беріліп, 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды ұсынады.

Кітапшаның **II бөлімінде** сіздерге танысып, өз білім деңгейлеріңізді саралау мақсатында бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тест сұрақтарының 5 нұсқасын ұсынамыз.

Бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тест талапкердің білімін неғұрлым толығырақ, тереңірек және нақтырақ тексеруге мүмкіндік беріп, жобалап жауап беруге шектеу қояды. Тест тапсырмалары жабық түрде беріліп, 8 жауап нұсқасынан бір, екі немесе үш дұрыс жауапты таңдауды ұсынады. Бұл тест тапсырмаларын бағалау ерекшелігі:

Егер тапсырманың бірнеше «1,2 немесе 3» дұрыс жауабы болып, барлығына дұрыс жауап берілсе, әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі. Ал қате берілген әр жауап үшін «-1» балл қойылады. Егер бір, екі немесе үш дұрыс жауаптың біреуіне қате жауап берілсе, балл жиынтығынан 1, 2 және сәйкесінше 3 балл шегеріледі.

Қорытынды балл – барлық тапсырмалардан жиналған балл қосындысының жиынтығы. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта, барлық балл жиынтығы 40 болады. Балл қосындысы теріс сан болса, қорытынды балл «0» болады.

Екі бөлімдегі тест тапсырмалары үш қиындық деңгейіндегі сұрақтардан тұрады: «А» - жеңіл, «В» - орташа, «С» - қиын.

Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін кітапша соңында берілген дұрыс жауап кілттерін пайдалануға болады.

2008-2009 оқу жылында ҰБТ-ге пайдаланатын тест тапсырмаларының түрі кітапшаның I бөлімінде берілген.

Тест спецификациясы

1. **Тақырыбы:** Қазақ тілі пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне арналған тест.
2. **Мақсаты:** Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау және ҰБТ өткізу.
3. **Міндеттері:** 1. Қорытынды аттестациялау барысында жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерінің қазақ тілінен білім деңгейін анықтау.
2. ҚР ЖОО-на қабылдау үшін жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерін саралау.
4. **Тест мазмұны:** Тапсырмалардың мазмұн бойынша жіктелуі сарапшылар мен әзірлемешілерден құрылған шығармашылық топтардың әзірлеп, ҰТО-ның бекітуімен тақырып, тақырыпшалар түрінде ұсынылады.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 9, екінші деңгейде – 10, үшінші деңгейде – 6 тапсырма.

Тест тапсырмалары Мемлекеттік стандарт негізінде жасалған орта мектеп бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

| Тақырып № | Мазмұны |
|-----------|--|
| 1. | Лексика |
| 2. | Сөздік қор. |
| 3. | Фонетика. Дауысты дыбыстар |
| 4. | Фонетика. Дауыссыз дыбыстар |
| 5. | Фонетика. Буын және тасымал. |
| 6. | Үндестік заңы. Орфография, орфоэпия |
| 7. | Сөзжасам. |
| 8. | Морфология. Зат есім |
| 9. | Морфология. Сын есім |
| 10. | Морфология. Сан есім |
| 11. | Морфология. Есімдік |
| 12. | Морфология. Етістік |
| 13. | Морфология. Үстеу |
| 14. | Морфология. Еліктеу сөздер |
| 15. | Морфология. Одағай |
| 16. | Морфология. Шылау |
| 17. | Синтаксис. Сөз тіркесі |
| 18. | Синтаксис. Сөйлем |
| 19. | Синтаксис. Сөйлем мүшелері |
| 20. | Синтаксис. Жай сөйлем |
| 21. | Синтаксис. Құрмалас сөйлем |
| 22. | Синтаксис. Оқшау сөздер. Қаратпа сөз. Қыстырма сөз |
| 23. | Синтаксис. Төл сөз |
| 24. | Пунктуация. Тыныс белгілері |
| 25. | Стилистика. Сөз мәдениеті, шешендік сөз. |

5. Тест жоспары:

Лексика – 3 тапсырма.

Фонетика мен графика – 2 тапсырма.

Үндестік заңы – 1 тапсырма.

Сөзжасам – 2 тапсырма.

Морфология – 8 тапсырма.

Синтаксис – 7 тапсырма.

Пунктуация – 1 тапсырма.

Стилистика, сөз мәдениеті мен шешендік өнер – 1

6. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Фонетика мен графика: Орфографиялық және орфоэпиялық дағдылар;

Орфоэпия мен орфография: әдеби тіл нормалары мен орфографиялық біліктіліктері;

Лексика: тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

Сөзжасам: тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

Морфология: тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

Синтаксис: тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

Пунктуация: тыныс белгілерді қолдана білу дағдылары;

Стилистика: әдеби тілді менгеру дәрежелері, сөйлем құрау дағдылары.

7. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 1,5 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 37,5 минут.

8. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Нұсқалардың санын ҚР БҒМ анықтайды. Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;

- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;

- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 25 сұрақ.

9. Тапсырмалар формасы:

Берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.

Нұсқау: «Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».

10. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін мектеп бітіруші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта 25 балл алады.

11. Тапсырманың апробациясы:

Тапсырмалар республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 11-сынып түлектерінде апробацияланады. (Шамамен алғанда 100 адамнан тұратын 2 қалалық, 2 ауылдық мектеп).

12. Тест нәтижелерінен күтілетін талдау:

1. Балдардың жиынтығына орай жалпы білім беретін орта мектеп курсы үшін аттестациялық баға қойылады.

2. Сертификатқа қойылатын балл жиынтығы ҚР ЖОО-на қабылдау конкурсына қатысуға құқық береді.

Тест тапсырмалары ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынып, бекіткен оқулықтар негізінде жасалған:

| № | Оқулық | Авторы | Баспасы, жылы |
|-----|--|---|-----------------------------|
| 1. | Қазақ тілі, 5-сынып | Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова | Алматы, «Атамұра», 2005 |
| 2. | Қазақ тілі, 6-сынып | С.Исаев, К.Назарғалиева, Ж.Дәулетбекова | Алматы, «Атамұра», 2006ж |
| 4. | Қазақ тілі, 7-сынып | С.Исаев, Г.Қосымова | Алматы, «Атамұра», 2007 |
| 5. | Қазақ тілі, 8-сынып | С.Аманжолов, Ф.Аманжолов, Г.Қосымова | Алматы: «Мектеп» 2004 ж |
| 6. | Қазақ тілі, 9-сынып | Р.Әмір, М.Атабаева | Алматы: «Мектеп» 2005 ж |
| 7. | Қазақ тілі, 10-сынып. (Жаратылыстану- математика бағыты) | Н.Оразақынова, Н.Әмірсев, Н.Сапақова | Алматы: «Мектеп» 2006 ж. |
| 8. | Қазақ тілі, 10-сынып. (Қоғамық-гум. бағыт) | Н.Уәли, Ө.Қыдырбаев | Алматы: «Мектеп» 2006 ж. |
| 9. | Қазақ тілі, 11-сынып. (Жаратылыстану- математика бағыты) | Г.Қосымова | Алматы: «Мектеп» 2007 ж. |
| 10. | Қазақ тілі, 11-сынып. (Қоғамық-гум. бағыт) | Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Ш.Есмағамбетова | Алматы: «Мектеп» 2007 ж. |

Әдістемелік құрал авторлары қазақ тілі пәні бойынша тест жинағы сіздерге ұлттық бірінғай тестілеуге дайындалуға көмек береді деп үміттенеді.

Жинақ құрылымы мен мазмұнын жақсару бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауға әзірміз. Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 60. Веб-сайт: www.tectcenter.kz, электрондық пошта: info@tectcenter.kz, факс/тел: 8(7172)31-74-04.

I бөлім

1-нұсқа

1. Омоним бола алмайтын сөзді табыңыз.
 - A) Шап.
 - B) Сақал.
 - C) Сөк.
 - D) Хор.
 - E) Үгіт.
2. Басқа тілден енген сөзді анықтаңыз.
 - A) Балық.
 - B) Мағлұмат.
 - C) Көшпелі.
 - D) Әуесқой.
 - E) Шаңырақ.
3. Еріндік дауыстыны белгілеңіз.
 - A) ө
 - B) е
 - C) о
 - D) и
 - E) а
4. Қатаң дауыссызды толықтырыңыз: п, ф, к, қ, т, с, ...
 - A) Ш.
 - B) Д.
 - C) З.
 - D) М.
 - E) Ж.
5. Зат есім дегеніміз не, дұрысын белгілеңіз.
 - A) Зат, құбылыстың сынын білдіреді.
 - B) Заттың мөлшерін білдіреді.
 - C) Зат, құбылыстың атын білдіреді.
 - D) Адамның әр түрлі көңіл- күйін білдіреді.
 - E) Қимыл, амал-әрекеттің түрлі белгілерін білдіреді.
6. Топтау сан есімді анықтаңыз.
 - A) Алпыстай.
 - B) Отызға тарта.
 - C) Қырыққа таяу.
 - D) Екі-екіден.
 - E) Ондаған.

7. Жіктеу есімдігін табыңыз.
 - A) Мен.
 - B) Сол.
 - C) Мынау.
 - D) Кім.
 - E) Барлық.
8. Еліктеу сөзі бар тіркесті анықтаңыз.
 - A) Үй айналасы
 - B) Құлақшын бауы.
 - C) Өскен гүл.
 - D) Бүлк ету.
 - E) Мәдени орталық.
9. Толық мағыналы 2 сөзден тұрып, бірі екіншісіне бағына байланысатын сөздер тізбегінің атауын белгілеңіз.
 - A) Сөйлем.
 - B) Буын.
 - C) Сөз тіркесі.
 - D) Дыбыс.
 - E) Сөз.
10. “*Су жүрек*” – тұрақты сөз тіркесінің мағынасын белгілеңіз.
 - A) Аз.
 - B) Көп.
 - C) Батыл.
 - D) Қорқақ.
 - E) Момын.
11. Қай сөзде ілгерінді ықпал барын белгілеңіз.
 - A) Жауып.
 - B) Сабағы.
 - C) Жазса.
 - D) Ашса.
 - E) Көнбеді.
12. Сөз түрлендіруші жұрнағы бар сөзді табыңыз.
 - A) Бағала.
 - B) Күлкілі.
 - C) Қызғылт.
 - D) Көрме.
 - E) Үрле.
13. Дара сын есімді көрсетіңіз.
 - A) Өте әдемі.
 - B) Қызыл ала.
 - C) Ұзын бойлы.
 - D) Әдемі.
 - E) Әп-әдемі.

14. Болымсыз етістіктің жұрнағы жалғанып тұрған сөзді көрсетіңіз.
- A) Кел(ме)й ме?
 - B) Отырған(жөк).
 - C) Келген (жөк).
 - D) Отыр(мақ).
 - E) Барасын(ба?).
15. Үстеуден жасалып тұрған туынды үстеуді табыңыз.
- A) Бұлбұлша.
 - B) Шалқасынан.
 - C) Бұрын.
 - D) Осыншалық.
 - E) Ілгері.
16. Септеулік шылауды табыңыз.
- A) Алыс пен жақынды жортқан білер.
 - B) Бірақ бой жағынан екеуі де қатарлас түсті.
 - C) Жолшыбай аптап ыстық еңсемізді көтертпей қойған-ды.
 - D) Колхоз үшін балық аулау маңыздырақ қой.
 - E) Күн еңкейе барып, қалың орманға батты.
17. Хабарлы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Түн ұйқысын төрт бөлді, ө
 - B) «Көер таңды көзімен атырды» демекпісін
 - C) Күләш – белгілі әнші
 - D) Шығарманың көркемдігі
 - E) Жазбай қойғанбысың
18. Бірыңғай бастауышты табыңыз.
- A) Біздерге, карттарға, жастар сияқты өмір сүруге тура келеді.
 - B) Түйе, жылқы, өгіз көлік ретінде пайдаланылады.
 - C) Сабаға құйылған қымызды піспекпен піседі.
 - D) Адамға адал дос табу қиын.
 - E) Ел сыры жер сырымен сабақтас.
19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қыстырма сөзді табыңыз.
- A) Егіннің өсуі: расында ғажап екен.
 - B) Егіннің өсуі - расында ғажап екен.
 - C) Егіннің өсуі, расында, ғажап екен.
 - D) Егіннің өсуі; расында ғажап екен.
 - E) Егіннің өсуі – расында, ғажап екен.
20. Ойын атауына байланысты біріккен сөзді табыңыз.
- A) Айдаршөп.
 - B) Балтамтап.
 - C) Екібастұз.
 - D) Ұлтабар.
 - E) Киікоты.

21. Сөйлем түрін анықтаңыз.

Бұрын сыныпта, балалар арасында, өзін өзгеше биік санайтын оның осы арада бірінші рет сағы сынды.

- A) Атаулы.
- B) Жақты.
- C) Жақсыз.
- D) Жалаң.
- E) Құрмалас.

22. Шартты бағыныңқы сөйлемді табыңыз.

- A) Күзетші сезіп қалмау үшін, біз жыраның ішімен еңбектеп кеттік.
- B) Оның құр мақтанғаны болмаса, қолынан ештеңе келмейді.
- C) Есікте жүріп оңбайтынымды білген соң, өз тұсымнан талпынып байқадым.
- D) Жақсының басына іс түссе, ашынар да ашылар.
- E) Дауыс құлағына тигенше, Ботагөз бетінен алақанын алған жоқ.

23. Төл сөзге тән анықтаманы табыңыз.

- A) Біреудің өзгертілмей айтылған сөзі.
- B) Екі адамның сөйлескен сөзі.
- C) Біреудің сөзінің мазмұны.
- D) Біреудің сөзін жеткізушінің сөзі.
- E) Біреудің өзгертіліп айтылған сөзі.

24. Сызықша қойылуға тиісті сөйлемді анықтаңыз.

- A) Жалқаулық жаман ауру.
- B) Көп адам қорқытады, терең су батырады.
- C) Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.
- D) Басқа пәле тілден болады.
- E) Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады.

25. Ғылыми стильге жататын сөйлемді табыңыз.

- A) Қасына отырғызып, жөн сұрады.
- B) Ол әлгі орманды картадан көрсетті.
- C) Онда тас дәуіріне жататын мүліктер бары анықталды.
- D) Жұмыстан соң олар табиғат аясында демалады.
- E) Алыс жол атты сынайды.

2-нұсқа

1. Қызылша шаруашылығына қатысты кәсіби сөзді белгілеңіз.
 - A) Алмұрт.
 - B) Бидай.
 - C) Өркен.
 - D) Шигі.
 - E) Мақта.
2. Езулік дауыстыны көрсетіңіз.
 - A) у
 - B) о
 - C) а
 - D) ұ
 - E) ө
3. Ұяң дауыссыздан басталған қосымшалар қатарын белгілеңіз.
 - A) Аналар, әкелер, қарттар.
 - B) Жігіттер, допты, әкелді.
 - C) Балажан, қамқоршы, әжелер.
 - D) Қыздар, жағада, жүрген.
 - E) Кітапты, әкелген, інісі.
4. Туынды зат есімді анықтаңыз.
 - A) Ана.
 - B) Сөз.
 - C) Жапырақ.
 - D) Достық.
 - E) Ою.
5. Күрделі сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Он төрт.
 - B) Үш бала.
 - C) Миллионыншы.
 - D) Отыз орындық.
 - E) Бесінші сынып.
6. Өздік есімдігі бар қатарды табыңыз.
 - A) Түсініп оқимын.
 - B) Тез оқимын.
 - C) Мәнерлеп оқимын.
 - D) Өзім оқимын.
 - E) Баяу оқимын.
7. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдері нешеу екенін табыңыз.
 - A) 4
 - B) 2
 - C) 3
 - D) 5
 - E) 1

8. Хабарлы сөйлемді табыңыз.
- A) Сағат шырылдады.
 - B) Шіркін, дәурен!
 - C) Маған айтпа.
 - D) Сен қашан келесің?
 - E) Тіліңізді тартыңыз.
9. Нүктенің қойылу себебін анықтаңыз.
- Түн. Қала. Тыныштық.
- A) Қысқарған сөз.
 - B) Атаулы сөйлем.
 - C) Толымсыз сөйлем.
 - D) Жақсыз сөйлем.
 - E) Түбір сөз.
10. Тура мағыналы сөзді сөйлемді белгілеңіз.
- A) Әкесі – соғыс ардагері.
 - B) Әкесінің аузынан түскендей.
 - C) Әкесін таныта істейді.
 - D) Әкесі базардан келгендей.
 - E) Әкеңнің құны бар ма?
11. Омонимнің анықтамасын табыңыз.
- A) Мағыналары бір, жазылуы бөлек.
 - B) Мағыналары қарама - қарсы.
 - C) Мағыналары бөлек, жазылуы бірдей.
 - D) Жаңа мағыналы сөз.
 - E) Мағынасы - ауыспалы сөз.
12. Үндестік заңына бағынбай тұрған біріккен сөзді белгілеңіз.
- A) Өнеркәсіп.
 - B) Екібастұз.
 - C) Талдықорған.
 - D) Қызылжар.
 - E) Қызылорда.
13. Сын есімнің шырай түрін белгілеңіз.
- Көшелердегі жап-жарық шамдар жарқ-жұрқ етіп өшті де қалды.*
- A) Шырай.
 - B) Сапалы.
 - C) Салыстырмалы.
 - D) Күшейтпелі.
 - E) Жай.
14. Етістікті тіркесті табыңыз.
- A) Малды өлке.
 - B) Аялы алақан.
 - C) Көптен тосқан.
 - D) Он бес адам.
 - E) Туған жер.

15. Мезгіл үстеуді көрсетіңіз.
- A) Ілгері.
 - B) Еләуір.
 - C) Бүгін.
 - D) Онша.
 - E) Ең әдемі.
16. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулық шылауды табыңыз.
- A) Дегенмен
 - B) Өйткені
 - C) Бұрын
 - D) Біресе
 - E) Бірақ
17. Қатыстық сын есімнен болып тұрған анықтауышты табыңыз.
- A) Басы күндегідей ыстық емес, қоңыр салқын.
 - B) Ақ қардың үстінде шанамен екі адам келе жатты.
 - C) Ала шапанды, сәлделі бір жат адамды көрдің бе?
 - D) Белмеге жас әйел кірді.
 - E) Қара торы келіншек екен.
18. Бірыңғай қыстырма сөздер қатарын көрсетіңіз.
- A) Амал қанша, әрине.
 - B) Пай-пай, ой.
 - C) Қарағым-ау, қап.
 - D) Біріншіден, шіркін-ай.
 - E) Жаңылмасам, уа.
19. Барлық стильдер элементі кездесетін стиль түрін белгілеңіз.
- A) Ауызекі.
 - B) Ғылыми.
 - C) Іс - қағаздар.
 - D) Көркем әдебиет.
 - E) Публицистикалық.
20. Біріккен сөз қатысқан қатарды табыңыз.
- A) Аяғымен кезек тебу.
 - B) Беті ашық шелек.
 - C) Еламан түршігіп кетті.
 - D) Қуаныш ұзағынан болсын.
 - E) Төргі бөлмеде.
21. Антонимді қосарлама қос сөзді көрсетіңіз.
- A) Ауыл-аймақ.
 - B) Қысы-жазы.
 - C) Ат-мат.
 - D) Дүркін-дүркін.
 - E) Ертемен.

2-нұсқа

22. Еліктеу сөзді көрсетіңіз.
- A) Ұстаз.
 - B) Қарш-қарш.
 - C) Біреу.
 - D) Әдейі.
 - E) Жиырма.
23. Атаулы сөйлемнің жасалу жолын көрсетіңіз.
- Долы боран. Түнгі дала.*
- A) Туынды сөз.
 - B) Сөз тіркесі.
 - C) Қос сөз.
 - D) Біріккен сөз.
 - E) Күрделі сөз.
24. Қарсылықты салалас жасауға болатын қатарды көрсетіңіз.
- A) Жау шегінді. Бауыржан оны білген жоқ.
 - B) Қасиетті мекен. Күн сәулесі.
 - C) Ескек қолынан түсіп кетті. Оның есі шығып кетті.
 - D) Шоқан ғылымға әбден берілді. Әскери қызметтен бас тартты.
 - E) Түн. Ышқынған дауыл.
25. Төл сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
- A) “Қазақ солдаты” романы талданды.
 - B) “Қорғансыздың күні” әңгімесін оқиық.
 - C) Қазақстан Республикасының “Тіл туралы” Заңы шықты.
 - D) “Еңбек адамды биікке жетелер,” - деді Ақнұр.
 - E) “Жақсы сөз жараны да жазар” дегендей, балаға әке тәрбиесі керек.

3-нұсқа

1. Омоним болатын сөз қайсысы, табыңыз.
 - A) Жиырма бес.
 - B) Әлдене.
 - C) Алайда.
 - D) Жансыз.
 - E) Өзіміз.
2. Термин сөзді көрсетіңіз.
 - A) Ардақты.
 - B) Ақылды.
 - C) Аңқау.
 - D) Аммиак.
 - E) Арамза.
3. Қазақ тіліне тән дыбыстардың санын анықтаныз.
 - A) 5.
 - B) 9.
 - C) 7.
 - D) 8.
 - E) 6.
4. Оңға оқысаң да, солға оқысаң да қатаң дауыссыздан басталатын сөзді көрсетіңіз.
 - A) Әдеп.
 - B) Күткен.
 - C) Сақтану.
 - D) Қызық.
 - E) Жазып.
5. Тәуелді септеулі сөзді табыңыз.
 - A) Тәсілін.
 - B) Топтардан.
 - C) Руды.
 - D) Аттыдан.
 - E) Күннің.

3-нұсқа

6. Толықтауыш қызметінде тұрған сан есімді табыңыз.
- A) Адамның жартысы тарады.
 - B) Береке, мекенжай.
 - C) Жиырма бес қайта айналып келмес.
 - D) Екіні, онды беске көбейт.
 - E) Кітапты бестерде алды.
7. Өздік есімдікті тіркесті табыңыз.
- A) Жүз шамалы.
 - B) Өз баласы.
 - C) Қос қыран.
 - D) Бірер елік.
 - E) Көркем дүние.
8. Бейнелеуіш сөз қатысқан тіркесті анықтаңыз.
- A) Гүрс етті.
 - B) Саңқ етті.
 - C) Қайқаң етті.
 - D) Ырс етті.
 - E) Тарс етті.
9. Шылау арқылы байланысты көрсетіңіз.
- A) Ұзатқан қыз.
 - B) Көршімен сыйласу.
 - C) Әке-шешесіне көмектесу.
 - D) Отаным үшін аттанам.
 - E) Достың пейілі.
10. Тұрақты тіркес қатысып тұрған сөйлемді табыңыз.
- A) Тғындай білу де керек.
 - B) Ол түймесін қадады.
 - C) Еркін тұрған жерде аузына құм құйылатын әдеті.
 - D) Мен көзіммен көріп, құлағыммен естідім.
 - E) Ардақ бұл хабарға қуанды.
11. Біріккен сөздегі ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
- A) Өскемен.
 - B) Кішкентай.
 - C) Қарақұйе.
 - D) Сырдария.
 - E) Қартқожа.

12. Түбірлес сөздерді белгілеңіз.
- А) Үйге, балада, шана.
 - В) Әдет, жігер, бірлік.
 - С) Маған, саған, оған.
 - Д) Су, сулық, сушы.
 - Е) Арман, Айбын, Абай.
13. Бастауыш қызметінде тұрған сын есімі бар сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Күн желсіз, тып-тыныш.
 - В) Мұнара көкке өрмелей тым биіктеп барады.
 - С) Ұялшақ сыбағасынан құр қалар.
 - Д) Туған жерге туың тік.
 - Е) Күннен күнге өзгеріп келе жатқан мұнараны қызықтайтын болды.
14. Сабақты етістікті тіркесті табыңыз.
- А) Өмірмен өзектес.
 - В) Өнеріне риза болды.
 - С) Өнерін бағалады.
 - Д) Тағдырдан көрме.
 - Е) Үлкеннен үйрен.
15. Сөздердің бірігуінен жасалған үстеуді көрсетіңіз.
- А) Ертең.
 - В) Бүгін.
 - С) Ретімен.
 - Д) Білмейді.
 - Е) Тосынан.
16. Септеулік шылаумен байланысып тұрған тіркесті көрсетіңіз.
- А) Орта мектеп.
 - В) Қазыбектің жоспары.
 - С) Жиналыстан кейін.
 - Д) Дәл өзі.
 - Е) Бекерге киналу.
17. Сұраулы сөйлемді анықтаңыз.
- А) Басшыларың кім.
 - В) Ол бір қызық дәурен екен.
 - С) Үйде пеш жоқ.
 - Д) Пай-пай, мына аттың семізін-ай.
 - Е) Ол бізге келмеді.

18. Бастауыш қызметін атқарып тұрған етістікті табыңыз.
- А) Жаманға ерме.
 - В) Оқыған жетер мұратқа.
 - С) Айтқанды ұғып алғанға не жетсін!
 - Д) Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
 - Е) Күлме досқа, келер басқа.
19. Қаратпа сөз қатысып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.
- А) Дәурен кетті.
 - В) Жатпалық, жастар, жатпалық.
 - С) Қысқасы, оқиға бітті.
 - Д) Еңбек адам баласын даңққа бөлейді.
 - Е) Бір топ адам егінге беттеді.
20. Екі түрлі түбірден жасалған мағыналы қос сөзді көрсетіңіз.
- А) Ет-мет.
 - В) Қамыт-сайман.
 - С) Аттап-аттап.
 - Д) Токты-торым.
 - Е) Анда-санда.
21. Жақты сөйлемді табыңыз.
- А) Бұлт астында жылжыған ай.
 - В) Бүгін жиналысқа қатысуға тиіссіз.
 - С) Қап, ұят болған екен!
 - Д) Саған соны ғана айтқым келеді.
 - Е) Қатерліден осылай құтылар болар.
22. Салдар мәндісі екінші тұрған салаласты көрсетіңіз.
- А) Жанар бар шынын айтты, өйткені анасын ренжіткісі келмеді.
 - В) Ақан шын сүйді, сол себепті өз сүйгенін жамандыққа бұрмады.
 - С) Шұға мырс етіп күліп жіберді, оған Қадишаның ойы ұнаған жоқ.
 - Д) Ол бірде-бір жиналысқа қатыса алмады, себебі өкіл емес еді.
 - Е) Біржан келесі өлеңін оқыған: мұнда ел билеушілерді сынап жазыпты.

23. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.

- A) Бурабай – қазақ даласының ең әдемі де қасиетті жерінің бірі.
- B) “Жасу, жабырқау – халық мінезі емес,- деп ойлады Ыбырай,- ерлік, ізгілік қана халық мінезі”
- C) Сабыр түбі – сары алтын.
- D) “Қозы Көрпеш” жыры қай заманда шықса да, Жетісу топырағында туған сияқты.
- E) Біраздан соң, Базаралы өзі де шешіле түсіп, Абайдың саушылығын сұрастырды.

24. Қандай тыныс белгісі жетпей тұр, белгілеңіз.

Кімде-кім жеңіл еңбекке үйренсе, ол жалқау болады кімде-кім жалқау болса, ол - өмірінде оңбайды.

- A) Үтір.
- B) Көп нүкте.
- C) Нүкте.
- D) Нүктелі үтір.
- E) Қос нүкте.

25. «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты лингвистикалық еңбектің авторын көрсетіңіз.

- A) Жүсіп Баласағұн.
- B) Ахмет Югнаки.
- C) Сайф Сарай.
- D) Махмұд Қашқари.
- E) Қожа Ахмет Яссауи.

4-нұсқа

1. Термин сөздерді көрсетіңіз.
 - А) Отарба, ұрын бару.
 - В) Диалект, садақ.
 - С) Эвфемизм, дисфемизм.
 - Д) Адырна, найза.
 - Е) Сауыт, айбалта.
2. Ашық дауыстылардан құралған сөзді көрсетіңіз.
 - А) Көкшетау.
 - В) Ынтымақ.
 - С) Егіз.
 - Д) Сегіз.
 - Е) Ырыс.
3. Ұяң дауыссызға аяқталатын сөзді көрсетіңіз.
 - А) Қыз.
 - В) Саң.
 - С) Болат.
 - Д) Таң.
 - Е) Қыс.
4. Жұрнақ арқылы жасалған зат есімді анықтаңыз.
 - А) Үй.
 - В) Көл.
 - С) Арман.
 - Д) Отын.
 - Е) Дос.
5. Есептік сан есімді көрсетіңіз.
 - А) Оныншы.
 - В) Жиырма бес.
 - С) Жиырма шақты.
 - Д) Елулерде.
 - Е) Бес-алты.
6. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.
 - А) Барша.
 - В) Ынта.
 - С) Ажарлы.
 - Д) Ағайын.
 - Е) Қуану.

7. Сөз бен сөздің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктері арқылы байланысу түрін белгілеңіз.
- A) Матасу.
 - B) Жанасу.
 - C) Қабысу.
 - D) Меңгеру.
 - E) Қиысу.
8. Сұраулы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Ол үшін жазалама.
 - B) Туысыма келіп кеттім.
 - C) Сен барамысың.
 - D) Ауа қандай керемет.
 - E) Сол кездері жоқ болдың.
9. Ресми стильге жататын қатарды көрсетіңіз.
- A) Газет-журнал тілі.
 - B) Қоғамдық-саяси әдебиет.
 - C) Ғылыми шығармалар.
 - D) Өтініш, сенімхат, қолхат.
 - E) Көркем шығарма.
10. Сөздің тура мағынасын табыңыз.
- A) Үрген қарындай өте семіз адам.
 - B) Дүниенің тыныштығын үрген иттің үні бұзады.
 - C) Саржанның аяғында үр жаңа етік.
 - D) Молшылықтан үріп ішіп, шайқап төкті.
 - E) Үріп ауызға салғандай сүйкімді екен.
11. Омоним болатын сөзді табыңыз.
- A) Орман-тоғай.
 - B) Осында.
 - C) Отыр.
 - D) Қаңтар.
 - E) Жиырма шақты.
12. Сөз ішіндегі кейінді ықпалды белгілеңіз.
- A) Бозша торғай сайрайды.
 - B) Шилі өзен қамыс – ай.
 - C) Ертістің жағалауын жағалаймын.
 - D) Алма ағаштың гүліндей.
 - E) Арманымның ақ құсы.

4-нұсқа

13. Сапалық сын есімді табыңыз.
- A) Желсіз.
 - B) Базарлы.
 - C) Ақшыл.
 - D) Мейірімді.
 - E) Баласыз.
14. Болжалды келер шақты ажыратыңыз.
- A) Оқуды бітірді.
 - B) Хат жазып отыр.
 - C) Сен оқырсың.
 - D) Мектепте оқиды.
 - E) Мен келемін.
15. Мақсат үстеуді табыңыз.
- A) Қыстыгүні.
 - B) Сонда.
 - C) Бекерге.
 - D) Қасақана.
 - E) Өрең.
16. Жалғаулық шылауларды табыңыз.
- A) Сайын, түгіл, қатар.
 - B) Шейін, бұрын, бірге.
 - C) Май, -ай, -мыс.
 - D) Кейде, сонда да, бірде.
 - E) Фана, -ақ, -ды.
17. Анықтауыш қатысып тұрған тіркесті табыңыз.
- A) Жалғыздың үні.
 - B) Қуанғанынан күлді.
 - C) Еріктен тыс.
 - D) Кешке қарай.
 - E) Жүгіріп келді.
18. Қаратпа сөзді табыңыз.
- A) Дәурен кітапханаға кетті.
 - B) Бір топ адам егінге беттеді.
 - C) Жатпалық, жастар, жатпалық.
 - D) Қысқасы, оқиға бітті, шешілді.
 - E) Еңбек адам баласын даңққа бөлейді, абырой өпереді.

19. Сұраулық шылаудың түрлену түрін анықтаңыз.
Сен келіп қойғанбысың?
- A) Септелді.
 - B) Жіктелді.
 - C) Тәуелденді.
 - D) Көптік тұлғасында.
 - E) Көмектес септікте.
20. Сөздердің қайсысы туынды түбір, табыңыз.
- A) Ертең.
 - B) Асыранды.
 - C) Ағаштар.
 - D) Жапырақ.
 - E) Жүздерде.
21. Еліктеуіштен болған қос сөзді көрсетіңіз.
- A) Арба-арба отын.
 - B) Ашпалы-жаппалы қағаз.
 - C) Өзіне-өзі ренжулі.
 - D) Балпаң-балпаң жүрді.
 - E) Ат-мат.
22. Көмекші етістікті еліктеу – сөйлемнің қай мүшесі екенін көрсетіңіз.
Ол қалт еткенді аңдып отыр.
- A) Бастауыш.
 - B) Баяндауыш.
 - C) Анықтауыш.
 - D) Толықтауыш.
 - E) Пысықтауыш.
23. Жай сөйлемнің қай түрі екенін белгілеңіз.
Қаңтар, 1917 жыл.
- A) Атаулы.
 - B) Жалаң.
 - C) Жақсыз.
 - D) Жақты.
 - E) Жайылма.

24. Түсіндірмелі салаласты көрсетіңіз.

- A) Құс атаулы аспанда да толып жүр: қарлығаш, ұзақ, қарға, торғай - бәрі де бар.
- B) Жолында асқар тау тұрса да, топ жарып өтетін сияқты.
- C) Күн бұлттанды.
- D) Сыныпқа мұғалім, директор кірді.
- E) Мына ағайдың жүзінде әжімнен сау жер жоқ, әйтсе де беті ойнақы еді.

25. Төлеу сөзді табыңыз.

- A) Балалар қуанып, өздерінің әлі де көп жаңалықтар табатындығын айтты.
- B) – Ойбай, жеңге, біз сөгетін адам емеспіз.
- C) Ал, сол “шоң” деген сөздің түп төркіні, мен білсем, қазақ сөзі емес.
- D) Айтып тұрғаны – “Көзімнің қарасы”.
- E) Халықтық шығармаларды оқудан, білуден еш жалықпайды.

5-нұсқа

1. Архаизм сөздерді қай топ қатарына жатқызамыз, табыңыз.
 - A) Табу.
 - B) Омоним.
 - C) Көнерген сөздер.
 - D) Синоним.
 - E) Эвфемизм.
2. Тек орыс тілінен енген сөздерде жазылатын әріпті белгілеңіз.
 - A) а
 - B) ә
 - C) ү
 - D) э
 - E) ы
3. Бірыңғай ұяң дауыссыз дыбыстарды көрсетіңіз.
 - A) Б, Д, З, Ж.
 - B) Д, З, Ж, Л.
 - C) Ғ, Һ, Н, Ң.
 - D) Ж, Б, В, М.
 - E) Г, Ғ, Й, З.
4. Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз.
 - A) Айнашпен сөйлесті.
 - B) Жақсы-жаман.
 - C) Аяқ-табақ.
 - D) Үйдің іші.
 - E) Маған айтты.
5. Жинақтық сан есімді анықтаңыз.
 - A) Үшеу.
 - B) Төрт-төрттен.
 - C) Жүз қаралы.
 - D) Оннан астам.
 - E) Тоғызыншы.
6. Есімдіктің қай сөз табының орнына жұмсалатындығын табыңыз.
 - A) Шылау.
 - B) Етістік.
 - C) Еліктеу.
 - D) Зат есім.
 - E) Одағай.

7. Еліктеу сөзден жасалған қос сөзді табыңыз.
- A) Ат-мат.
 - B) Жалт-жұлт.
 - C) Бала-шаға.
 - D) Қап-қара.
 - E) Әке-шеше.
8. Сөздердің жалғау арқылы байланысу тәсілін көрсетіңіз.
- A) Үйге келсем.
 - B) Отыр екен.
 - C) Қызыл сиыр.
 - D) Өзің үшін үйрен.
 - E) Үшінші сынып.
9. Мына сөйлемдердің қайсысы ғылыми стильге жататынын анықтаңыз.
- A) Әр халықтың өзінше жаңа жылы, жыл басы болады.
 - B) Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады.
 - C) Күнге бәрінен де жақын бірінші шеңбер жолында Меркурий тұрады.
 - D) Президент республика халқын жаңа жылмен құттықтады.
 - E) Қайдан келуші ем? Сендерді іздеп келдім.
10. Тура мағыналы сөзді табыңыз.
- A) Ақ көңіл.
 - B) Үйдің кілті.
 - C) Ұяттан өлу.
 - D) Зымыраған уақыт.
 - E) Ыстық сезім.
11. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
- A) Сөндіру, өшіру, жағу.
 - B) Жирен, бозғылт.
 - C) Мылжың, үндемес.
 - D) Ақсаңдау, сылту, шойнаңдау.
 - E) Сотқар, бұзақы, тәртіпті.
12. Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.
- A) Бізтұмсық.
 - B) Абайтану.
 - C) Жыланкұрт.
 - D) Қаратау.
 - E) Қозықұйрық.

13. Заттанған сын есімді белгілеңіз.

Жақсының қадірін жаманды көргенде білерсің.

А) 1, 2-сөз.

В) 2, 3-сөз.

С) 1, 3-сөз.

Д) 3, 4-сөз.

Е) 4, 5-сөз.

14. Етістіктің ауыспалы өткен шак түрінде тұрған сөзді көрсетіңіз.

А) Жиналды.

В) Жиналады.

С) Жиналған еді.

Д) Жиналатынбыз.

Е) Жиналған емес.

15. Күрделі үстеуді ажыратыңыз.

А) Биыл.

В) Айтпайынша.

С) Бірге.

Д) Кешке.

Е) Баяғыда.

16. Шылаулар қатарын көрсетіңіз.

А) Гөрі, бұрын, бар.

В) Ма, ме, бірақ.

С) Секілді, ешқашан.

Д) Өйткені, үшін, жүзге тарта.

Е) Я, яки, қажет.

17. Бұйрықты сөйлемді табыңыз.

А) Халықтан қайырымдылықты, қариядан байымдылықты үйрен.

В) Сүйіп істеген іс шаршатпайды.

С) Мәуелі ағаш майысқак.

Д) Құс балапаны үшін тұзаққа түседі.

Е) Өлеңі не деген жақсы.

18. Тек тұрлаулы мүшелерден тұрған сөйлемді белгілеңіз.

А) Атың әдемі екен.

В) Оның өзі шеткерірек түр екен.

С) Көп ұзамай жауын басылды.

Д) Өңі алабұрға күрең тартқан.

Е) Бүгін сабақта Әмір жоқ.

19. Қыстырма сөз қатысып тұрған сөйлемді табыңыз.
- A) Айналайын, жиен-ай, тура қарашы.
 - B) Бәлкім, кім біледі, сенің айтқаның болып қалар.
 - C) Ой, байғұс, бала-ай!
 - D) Аңсаған менің арманым, жеттім бе бүгін шегіңе!
 - E) Тәңірі сұлулықтың, ақын Сара!
20. "Қолған", "әнер" деген сөздердің тұлғасын анықтаңыз.
- A) Қос сөз.
 - B) Туынды сөз.
 - C) Біріккен сөз.
 - D) Қысқарған сөз.
 - E) Тұрақты тіркес.
21. Қосымшалы түбірдің қайталануынан жасалған қос сөзді табыңыз.
- A) Көзбе-көз
 - B) Өз-өзіне
 - C) Көре-көре
 - D) Биік-биік
 - E) Жарқ-жүрқ
22. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Бес те бес – жиырма бес.
 - B) Тоғай. Егін, шалғын.
 - C) Қала түнде жайнап тұр.
 - D) Балбыраған жерге күн нұрын құйып тұр.
 - E) Дәулет тосылып қалды.
23. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.
- A) Қаршадайымнан қозы бақтым, және қабырғам қата қой бақтым, соның бәрінде осы бозторғай серігім болды.
 - B) Қаршадайымнан қозы бақтым - және қабырғам қата қой бақтым, соның бәрінде осы бозторғай серігім болды.
 - C) Қаршадайымнан қозы бақтым және қабырғам қата қой бақтым, соның бәрінде осы бозторғай серігім болды.
 - D) Қаршадайымнан қозы бақтым және қабырғам қата қой бақтым: соның бәрінде осы бозторғай серігім болды.
 - E) Қаршадайымнан қозы бақтым және қабырғам қата қой бақтым - соның бәрінде осы бозторғай серігім болды.

24. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.

- A) "Волгамның" бары бар, бірақ ескі.
- B) "Ақ Жайық" пен "Көп жылдар өткен соң" шығармалары кімдікі?
- C) Төж-Махал – үнді жерінің мақтанышы.
- D) Ақсақал: "Сен өзің сезімтал екенсің", - деді.
- E) Бала өзінің бармайтындығын айтты.

25. Қай жердегі тыныс белгісі дұрыс қойылғанын табыңыз.

- A) Есіктің киізін олай итерем, былай итерем, - ашылмайды.
- B) Есіктің киізін олай итерем, былай итерем, ашылмайды.
- C) Есіктің киізін олай итерем: былай итерем, ашылмайды.
- D) Есіктің киізін олай итерем- былай итерем, ашылмайды.
- E) Есіктің киізін олай итерем; былай итерем; ашылмайды.

6-нұсқа

1. Көнерген сөздер қатарын табыңыз.
 - A) Ассонанс, аллитерация.
 - B) Айбалта, найза.
 - C) Меридиан, экватор.
 - D) Аренда, серіктестік.
 - E) Көсек, құлақ.
2. Бірыңғай еріндік дауысты дыбыстан тұратын сөзді анықтаңыз.
 - A) Ұлу, ұйту.
 - B) Ұзақ, үркек.
 - C) Ұшқын, үтір.
 - D) Үзеңгі, ұксау.
 - E) Үгіт, ұйыту.
3. Ұяң дауыссыздан басталатын айтыс ақынын табыңыз.
 - A) Біржан.
 - B) Балуан Шолақ.
 - C) Бекболат.
 - D) Бейімбет.
 - E) Бауыржан.
4. Көмекші есімді тіркесті табыңыз.
 - A) Қалаға бар.
 - B) Көппен бол.
 - C) Мектепке дейін.
 - D) Үйдің маңы.
 - E) Астан кейін.
5. Пысықтауыш қызметінде тұрған сан есімді табыңыз.
 - A) Сабақ сегіз жарымда басталады.
 - B) Шексіз жазық басталды.
 - C) Бүгін үш үйірменің жұмысы болмайды.
 - D) Оларға екі рет жәрдемақы берілді.
 - E) Ертең жарыс басталады.
6. Сілтеу есімдігін табыңыз.
 - A) Әне.
 - B) Және.
 - C) Енді.
 - D) Әлді.
 - E) Әрі.

7. Шылауды табыңыз.
- A) Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
 - B) Сөз – өмірдің үлкен қаруы.
 - C) Басты мәселе – оқу үлгерімі.
 - D) Ой жетпейтін жер болмайды.
 - E) Үміт өрге тартады, үмітсіздік көрге тартады.
8. Жалғау арқылы байланысты табыңыз.
- A) Батыр жігіт.
 - B) Үйге кіргізу.
 - C) Ұсақ жәндік.
 - D) Бірте-бірте түсіну.
 - E) Қалың орман.
9. Стиль түрін анықтаңыз.
- Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеттері болады.*
- A) Көркем әдебиет.
 - B) Ауызекі сөйлеу.
 - C) Ис-қағаздар.
 - D) Ғылыми.
 - E) Публицистикалық
10. Ауыспалы мағынадағы сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) Жаңылтпаш барлық халықтардың әдебиетінде бар.
 - B) Ажар ағасымен жидек теруге барды.
 - C) Оңтүстіктен жел соқты.
 - D) Жел мінезді адамда мұрат болмайды.
 - E) Лашын қазіргі кезде сирек кездеседі.
11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
- A) Үлкен өмір.
 - B) Аңқау бала.
 - C) Жалғыз үй.
 - D) Ана сүтін актау.
 - E) Ұят болды.
12. Айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар сөзді табыңыз.
- A) Жан-жануар.
 - B) Іші-сырты.
 - C) Күндіз-түні.
 - D) Ақын-жазушы.
 - E) Ойын-сауық.

13. Қатыстық сын есім қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Қаһарлы, қажырлы әже мұның алдында кінәлі адамдай жасқаншақтады.
 - B) Жіңішке қап-қара қасы Абайға алдымен байқалды.
 - C) Түсі торыдан гөрі күреңге жуық болса керек.
 - D) Кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген.
 - E) Үлкен кара үйдің іші бар байлықтың жайын айтып отыр.
14. Болымсыз етістіктің жұрнағы жалғанып тұрған сөзді көрсетіңіз.
- A) Сағат бұралды(ма).
 - B) Жайлауға келді(ме).
 - C) Сөзді бөл(ме).
 - D) Бөл(ме) жарық.
 - E) Институтқа түсті(ме).
15. Үстеудің қандай қызмет атқарып тұрғанын белгілеңіз.
- Асан екеуміз ақырын өңгімелесіп келеміз.*
- A) Бастауыш.
 - B) Толықтауыш.
 - C) Пысықтауыш.
 - D) Баяндауыш.
 - E) Анықтауыш.
16. Лепті сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Олар егіншілікпен айналысты
 - B) Дән қалай өнеді екен
 - C) Түу, мына жер тым тастақ екен
 - D) Егін науқаны өткен
 - E) Баян-жердің шұрайы
17. Тура толықтауышты көрсетіңіз.
- A) Ол бүгін барған-ды.
 - B) Қағазды әкел.
 - C) Сазды жер.
 - D) Ақылды бала.
 - E) Ол барды.

18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
- A) - Балам-өмірге аралас, өмірге!-деді Козлов.
 - B) - Балам өмірге аралас, өмірге!-деді Козлов.
 - C) - Балам, өмірге аралас, өмірге!-деді Козлов.
 - D) - Балам-өмірге аралас өмірге!-деді Козлов.
 - E) - Балам: өмірге аралас өмірге!-деді Козлов.
19. Төл сөзге тыныс белгілері дұрыс қойылған нұсқаны ажыратыңыз.
- A) Абай аттың басын іркіп тоқтап қап: «Тұра тұр»,-деді.
 - B) Абай аттың басын іркіп тоқтап қап; «Тұра тұр»-деді.
 - C) Абай аттың басын іркіп тоқтап қап. «Тұра тұр»,-деді.
 - D) Абай аттың басын іркіп тоқтап қап- «Тұра тұр»:-деді.
 - E) Абай аттың басын іркіп тоқтап қап, «Тұра тұр»,-деді.
20. Қай сөзде «ала» сөзі бірге жазылатынын көрсетіңіз:
- A) Ала(бұға).
 - B) Ала(шалбар).
 - C) Ала(ат).
 - D) Ала(шұбар).
 - E) Ала(топалаң).
21. Екі сыңары да мағынасыз қосарлама қос сөзді көрсетіңіз.
- A) Сөйлей-сөйлей.
 - B) Қазақша-орысша.
 - C) Ығы-жығы.
 - D) Келер-келмесімді.
 - E) Айтып-айтпай.
22. Бейнелеуіш сөзді анықтаңыз.
- A) Сарт етті.
 - B) Саңқ етті.
 - C) Топ ете түсі.
 - D) Бүгжең қақты.
 - E) Қыңқ етті.
23. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Зал кең.
 - B) Өмір қызық.
 - C) Өмір гүлденді.
 - D) Жазық дала.
 - E) Дала жазық.

24. Себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Оның сөздік қоры мол болғандықтан, өз ойын еркін жеткізеді.
 - B) Әдейі танытпайын деп, ол бет-аузын таңып алыпты.
 - C) Мен оқыған кітап қызық-ақ!
 - D) Түн.
 - E) Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде Абай шешіле түсті.
25. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылмаған тыныс белгіні табыңыз.
- A) Алма, Жанат – екі қыз бір анадан туғандай, бір ауылда ер жетті.
 - B) Екі ақсақ, бір жел аяқ – үш боздақ енді базарға бет алды.
 - C) Мәкіш, Ербол екеуі Абаймен құшақтасып амандасты.
 - D) Жандармдар қораны, үйді – бәрін қоймай тінте бастады.
 - E) Адам баласының тамаша қасиеттері, атап айтқанда: табандылық, ерлік, қайсарлық – оның бойынан табылады.

7-нұсқа

1. Термин сөздер қатысып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Мен оның жақсы жырларын көрсем, шын қуанамын.
 - B) Эвфемизм әдепті, сыпайы сөйлеу мақсатынан туған.
 - C) Бақша ішінде әңгелек, жәмше пісіп қалыпты.
 - D) Терімшілер таң сәріден мақта теруге шықты.
 - E) Көп сырластық, қолөнершілік жайлы әңгімелестік.
2. "О" дыбысына лайық сипаттаманы белгілеңіз.
 - A) Еріндік, дауысты, ашық.
 - B) Дауысты, жуан, езулік.
 - C) Дауысты, еріндік, жіңішке.
 - D) Дауысты езулік, қысаң.
 - E) Дауысты, жіңішке, қысаң.
3. Ұяң дауыссыздар қатарын белгілеңіз.
 - A) Ж, М, Н.
 - B) Б, Ж, З.
 - C) Ғ, Й, Д.
 - D) Р, З, Г.
 - E) Ц, Ф, К.
4. Деректі зат есімі бар тіркесті анықтаңыз.
 - A) Ауыр мінез.
 - B) Қастандық жасау.
 - C) Қуаныш сезімі.
 - D) Ағаш отырғызу.
 - E) Адамгершілік қасиет.
5. Күрделі сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Құла қасқа бие.
 - B) Жиырма бірлерде.
 - C) Жан қиярлық іс.
 - D) Мұзға тайдыру.
 - E) Мыңдаған қой.
6. «Еш» есімдігімен қосылып жазылатын сөзді табыңыз.
 - A) Қашан.
 - B) Нәрсе.
 - C) Уақыт.
 - D) Сәт.
 - E) Адам.
7. Еліктеу сөзден жасалған сөз табын анықтаңыз.

Үйдің іші күннің көзінен жарқырай түсті.

 - A) Туынды етістік.
 - B) Туынды үстеу.
 - C) Туынды еліктеу сөз.
 - D) Туынды сын есім.
 - E) Негізгі еліктеу сөз.

8. Сөздердің септеулік шылау арқылы байланысын көрсетіңіз.
- A) Оқыған соң ұғу.
 - B) Мұражайға саяхат.
 - C) Әр уақытта.
 - D) Бас киім.
 - E) Бал арасы.
9. Стиль түрін ажыратыңыз.
- Тіл – тілің түсер наркескен, сөз – өткір жебе тау тескен.*
- A) Ғылыми.
 - B) Публицистикалық.
 - C) Ресми.
 - D) Көркем әдебиет.
 - E) Ауызекі.
10. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз.
- A) Қатты адам.
 - B) Қатты тас.
 - C) Қатты көңіл.
 - D) Қатты сөз.
 - E) Қатты өкпелі.
11. Тұрақты сөз тіркесі қатысқан сөйлемді табыңыз.
- A) Өз сөзіндей қып жеткізейін!
 - B) Ол көптен ат ізін салмады.
 - C) Құдайменде үн-түнсіз түрегелді.
 - D) Үйдегі кісілерді бастап, тысқа шықты.
 - E) Сол уақытта Ақбала кірді.
12. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды белгілеңіз.
- A) -ік, -ім.
 - B) -ме, -бе.
 - C) -гіш, -ғақ.
 - D) -ов, -ин.
 - E) -ін, -мек.
13. Күрделі сын есімді табыңыз.
- A) Арқаннан ұстау.
 - B) Жайылымды аралау.
 - C) Ал қара көк.
 - D) Үшеуінің арманы.
 - E) Көрер таңды көзімен атырды.
14. Баяндауышы етістіктің қалау райынан болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты.
 - B) Мен бұл аттан күдерімді үзіп тұрмын.
 - C) Мен дәрігер боламын.
 - D) Қазір балалардың бәрі де бизнесмен болғысы келеді.
 - E) Жаның сүйген еңбегің-жан рақаты.

15. Мекен үстеуін табыңыз.
- A) Ертең.
 - B) Жоғары.
 - C) Жедел.
 - D) Сонша.
 - E) Былтыр.
16. Септеулік шылаумен тіркесіп тұрған сөзді көрсетіңіз.
- A) Сенен бұрын.
 - B) Сол ғана.
 - C) Ержанға да.
 - D) Бәрежелді-ай.
 - E) Тек қана.
17. Сұраулық шылау арқылы жасалған сұраулы сөйлемді табыңыз.
- A) Сен одан қорық(па).
 - B) Әй, сен көп асқақта(ма).
 - C) Күн бұлттанып тұр (ма).
 - D) Жабырқа(ма), сабыр ет.
 - E) Ғылым таппай мақтан(ба).
18. Сын есімнен жасалған баяндауышты көрсетіңіз.
- A) Қыста салқын суға түскен жөн.
 - B) Солтүстіктен салқын жел есті.
 - C) Тау жақтан ескен самалдың лебі салқын.
 - D) Жолдасы оған салқын қабақ танытты.
 - E) Оларды салқын бөлмеге кіргіздік.
19. Қыстырма сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Өмірде бәрі кездеседі, дегенмен жақсылық жеңеді.
 - B) Біреулері ызғарлы, біреулері көңілді отыр екен.
 - C) Не ексең, соны орасың.
 - D) Әрине, адам өмірінде көп қиындықтар кездеседі.
 - E) Жә, мырза, мына келе жатқан біздің көшіміз еді.
20. Дыбыстық өзгеріске ұшырап барып біріккен сөзді көрсетіңіз.
- A) Алағау.
 - B) Жаңатас.
 - C) Бүгін.
 - D) Сезімтал.
 - E) Күнбағыс.
21. *Анар* сөзінің толық айтылуын көрсетіңіз.
- A) Әкел.
 - B) Алып бар.
 - C) Алып бер.
 - D) Алып жібер.
 - E) Апарып бер.

22. Толымсыз сөйлемдер жиі кездесетін қатарды көрсетіңіз.
- A) Жай сөйлем.
 - B) Құрмалас сөйлем.
 - C) Оқшау сөзді сөйлем.
 - D) Диалогті сөйлем.
 - E) Бірыңғай мүшелі сөйлем.
23. Мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлемді анықтаңыз.
- A) Білмегенін білем деп, оқушылар ынтығар.
 - B) Ұрысқа кіргелі, хат болмай кетті.
 - C) Әміренің барғысы келгенмен, Қажымұқан босатпады.
 - D) Малы кеткен соң, бағы кете бастады.
 - E) Бірлік болмай, тірлік болмайды.
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) - Сыйласқанға ештеңе жетпейді екен, деді Бейсен.
 - B) - Сыйласқанға ештеңе жетпейді екен!- деді Бейсен.
 - C) - Сыйласқанға ештеңе жетпейді екен!, деді Бейсен.
 - D) - Сыйласқанға ештеңе жетпейді екен!:- деді Бейсен.
 - E) - Сыйласқанға ештеңе жетпейді екен! деді Бейсен.
25. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемде *алайда, бірақ* деген жалғаулықтар түсіп қалса, екі сөйлем арасына не қойылатынын белгілеңіз.
- A) Үтір, сызықша.
 - B) Үтір, дефис.
 - C) Қос нүкте.
 - D) Үтір.
 - E) Нүкте.

8-нұсқа

1. Термин сөздерден географияға тәнін белгілеңіз.
 - A) Түбек.
 - B) Бастауыш.
 - C) Лексика.
 - D) Механика.
 - E) Антоним.
2. Ашық дауысты дыбыстарды табыңыз.
 - A) Е, и.
 - B) Ы, і.
 - C) А, ө.
 - D) Ү, о.
 - E) Ұ, у.
3. "Ш" қандай дауыссыз дыбыс, белгілеңіз.
 - A) Үнді дауыссыз дыбыс.
 - B) Тек қазақ сөздерінде ғана жазылады.
 - C) Ұяң дауыссыз дыбыс.
 - D) Қатаң дауыссыз дыбыс.
 - E) Сөздің соңында ғана жазылады.
4. "Не?" сұрағына жауап беретін сөзді табыңыз.
 - A) Оқытушы.
 - B) Баспахана.
 - C) Кәсіпкер.
 - D) Кітапханашы.
 - E) Тәлімгер.
5. Сан есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Бір дегеніңіз - бірлігі кеткен ел жаман.

 - A) Пысықтауыш.
 - B) Баяндауыш.
 - C) Бастауыш.
 - D) Анықтауыш.
 - E) Толықтауыш.
6. «Күллі» сөзі есімдіктің қай түріне жататындығын белгілеңіз.
 - A) Сілтеу.
 - B) Бولымсыздық.
 - C) Жіктеу.
 - D) Жалпылау.
 - E) Белгісіздік.
7. Бағыныңқысы есімдікпен келген тіркесті табыңыз.
 - A) Інісінің баласы.
 - B) Онның жартысы.
 - C) Жаманның кесапаты.
 - D) Мынаның кесірі.
 - E) Айтқанның жазығы.

8. Сөйлемді табыңыз.
- A) Біз жидек тердік.
 - B) Ақ шағала.
 - C) Қызыл күрең шай.
 - D) Суға жүзу.
 - E) Тепсе темір үзетін.
9. Шешенге ең қажетті қасиетті табыңыз.
- A) Көп тіл білу.
 - B) Келісімпаз болу.
 - C) Сөзге тапқырлық.
 - D) Көп сөйлеу.
 - E) Өзін көрсету.
10. Заттық ұғымды білдіретін синонимдерді көрсетіңіз.
- A) Уақыт, мезгіл.
 - B) Күдіктену, шүбәлану.
 - C) Абайсызда, қапыда.
 - D) Зерек, алғыр.
 - E) Көңілсіз, ықылассыз.
11. Тұрақты тіркесті табыңыз.
- A) Қала мен ауыл арасы.
 - B) Қас пен көздің арасында.
 - C) Ел арасында.
 - D) Көпке тараған өн.
 - E) Алты қанат ақ үй.
12. Ілгерінді ықпал бар жерді көрсетіңіз.
- A) Бағы.
 - B) Ала көз.
 - C) Сенбеді.
 - D) Тұзсыз.
 - E) Оғым.
13. Күрделі сөзді табыңыз.
- A) Жүрегі алып ұшты.
 - B) Көктемгі демалыс.
 - C) Қызылды-жасылды.
 - D) Көзін ала бере.
 - E) Боранмен айқас.
14. Осы шақ мағынасы мен жасалуына қарай неше түрге бөлінетінін анықтаңыз.
- A) 2.
 - B) 4.
 - C) 5.
 - D) 3.
 - E) 7.

15. Себеп-салдар үстеуін табыңыз.
- A) Бағана.
 - B) Осында.
 - C) Мұнша.
 - D) Амалсыздан.
 - E) Әбден.
16. Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулық шылауды табыңыз.
- A) Дегенмен
 - B) Ғана
 - C) Мен
 - D) Бері
 - E) Егер
17. Бірыңғай мүшенің қызметін анықтаңыз.
- Желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.*
- A) Пысықтауыш.
 - B) Баяндауыш.
 - C) Анықтауыш.
 - D) Тольқтауыш.
 - E) Бастауыш.
18. Қыстырма сөзді табыңыз.
- A) Ойбай.
 - B) Жандарым-ау.
 - C) Тәйт.
 - D) Амал нешік.
 - E) Жоқ.
19. Төл сөздің төлеу сөзге айналып тұрған түрін көрсетіңіз.
- A) – Мен сізге қонаққа келдім, - деді ол түрі бал-бұл жанып.
 - B) Жүзі бал-бұл жанып ол былай деді: – Мен сізге қонаққа келдім.
 - C) Жүзі бал-бұл жанып: – Мен сізге қонаққа келдім, - деді ол.
 - D) Жүзі бал-бұл жанған ол өзінің қонаққа келгенін айтты.
 - E) – Мен, - деді ол түрі бал-бұл жанып, - сізге қонаққа келдім.
20. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.
- A) Аялдама, айтыс, күрек.
 - B) Ауылға, институтқа, досыма.
 - C) Адаммын, қонақсың, келіндер.
 - D) Дәрінің, тонның, қаланың.
 - E) Әндер, күйлер, сенсің.
21. «Бала-шаға» қосарлама қос сөзіндегі «шаға» сөзінің қандай ұғымды білдіретіндігін анықтаңыз.
- A) Көншек.
 - B) Егде.
 - C) Бөлек.
 - D) Кішкентай.
 - E) Дара.

22. Еліктеу сөзден жасалған зат есім қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын белгілеңіз.
Оның құлағына гүріл естілді.
А) Анықтауыш.
В) Бастауыш.
С) Толықтауыш.
D) Пысықтауыш.
E) Баяндауыш.
23. Жай сөйлемнің қай түрі екенін белгілеңіз.
Мың тоғыз жүз он сегізінші жыл, наурыз айының іші.
А) Жалаң.
В) Толымды.
С) Атаулы.
D) Жақсыз.
E) Жақты.
24. Түсіндірмелі салаласты көрсетіңіз.
А) Айтар ештеңесі жоқтар әрқашан нашар сөйлейді.
В) Халықтардың жарқын өмірінің кепілі - бірлік пен береке.
С) Өтірікші өзін алдайды.
D) Ол қызына 2 түрлі нәрсені үйретуге тырысты: бірі - тұрақтылық, бірі - махаббат.
E) Дүниеде таймайтын қорғаушың - ақыл.
25. Қай сөйлемде үтір дұрыс қойылған, табыңыз.
А) Жарайсың Баймұратов, мен саған отыруға рұқсат етемін.
В) Жарайсың Баймұратов, мен саған, отыруға рұқсат етемін.
С) Жарайсың, Баймұратов, мен саған отыруға рұқсат етемін.
D) Жарайсың Баймұратов мен саған, отыруға рұқсат етемін.
E) Жарайсың, Баймұратов мен саған отыруға рұқсат етемін.

9-нұсқа

1. Кірме сөзді табыңыз.
 - A) Жаксы.
 - B) Бес.
 - C) Қара.
 - D) Жәшік.
 - E) Балға.
2. Жуан дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.
 - A) у, і
 - B) ұ, і
 - C) о, э
 - D) а, о
 - E) ы, и
3. Қатаң дыбысты ұяңға айналдыратын қосымшаны белгілеңіз.
 - A) Тәуелдік жалғауы.
 - B) Шырай жұрнағы.
 - C) Септік жалғауы.
 - D) Жіктік жалғауы.
 - E) Көптік жалғауы.
4. Жіктік жалғаудағы II жақ, көпше түрде тұрған сөзді табыңыз.
 - A) Барасындар.
 - B) Баруға.
 - C) Барады.
 - D) Барасыз.
 - E) Барамыз.
5. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Жүздеген.
 - B) Он үшінші.
 - C) Екеу.
 - D) Екі бүтін оннан үш.
 - E) Жиырма.
6. Өздік есімдігінің септелген түрін көрсетіңіз.
 - A) Өзіме, өзімен.
 - B) Маған, саған.
 - C) Жалт-жұлт, ирелең-ирелең.
 - D) Өзегі, өртенді.
 - E) Оннан бір, екінші бірі.

7. Пысықтауыш қызметіндегі бейнелеуішті табыңыз.

Олар жапыр-жұпыр, тез амандасып шықты.

- A) Жапыр-жұпыр.
- B) Шықты.
- C) Тез.
- D) Амандасып.
- E) Олар.

8. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысқан түрін табыңыз.

- A) Оның еркі.
- B) Ғибратты ғұмыр.
- C) Уақыттан озған.
- D) Дүйсенбіде жолығу.
- E) Өмір үшін талас.

9. Хабарлы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Арлы-ожданды
- B) Сонша уақыт жүргенбісің
- C) Армандар үйге соқты
- D) Шіркіннің сезімталын - ай
- E) Еріккеннің шатпағы

10. Антоним бола алмайтын сөзді табыңыз.

- A) Сары.
- B) Ірі.
- C) Қас.
- D) Осал.
- E) Қара.

11. “Қуанышы қойтына сыймау” – тұрақты сөз тіркесінің мағынасын белгілеңіз.

- A) Зұлым.
- B) Қатты қуану.
- C) Қатты қорқу.
- D) Зұлымдық ойлау.
- E) Момын адам.

12. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалы сөзді белгілеңіз.
- A) Даланікі.
 - B) Жазғы.
 - C) Ондаған.
 - D) Есімше.
 - E) Оқушы.
13. «-шілтім, -ғыл» арқылы жасалатын сын есімді белгілеңіз.
- A) Жай шырай түрі.
 - B) Негізгі сын есім.
 - C) Салыстырмалы шырай.
 - D) Қатыстық сын есім.
 - E) Күшейтпелі шырай.
14. Күрделі етістікті табыңыз.
- A) Оқып отыра бергісі келді.
 - B) Таяқ тастам жер.
 - C) Он бір бала.
 - D) Қаса сұлу қыз екен.
 - E) Көзі ашық, көкірегі ояу.
15. Сын- қимыл үстеуін табыңыз.
- A) Төмен.
 - B) Өзбекше.
 - C) Азғантай.
 - D) Кілең.
 - E) Босқа.
16. Қате қойылған тыныс белгісін анықтаңыз.
- A) Аз-ба, көп-пе.
 - B) Сен түгіл өзіне қимайды.
 - C) Ол кінәні өзінен іздейтін-ді.
 - D) Мектепке қарай бар.
 - E) Сен-ақ ала бердің.
17. Қай сөйлемге бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның керектігін анықтаңыз.
- A) Ең желгі адам Маңғыстау жерінен табылған.
 - B) Жүз жиырма беске бөлінеді.
 - C) Жібермесем сағы сынады-ау.
 - D) Сендер бақытты адамсындар.
 - E) Алқапты қақ жарып өзен ағады.

18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
- A) Қыздар - бос әңгімені қайтесіңдер - сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
 - B) Қыздар бос әңгімені қайтесіңдер, сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
 - C) Қыздар - бос әңгімені қайтесіңдер сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
 - D) Қыздар, бос әңгімені қайтесіңдер, сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
 - E) Қыздар: бос әңгімені қайтесіңдер, сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
19. Дефис қойылмайтын орынды көрсетіңіз.
- A) Қарсы мәнді сөздер қатар келгенде.
 - B) Қысқарған сөздер арасында.
 - C) Екі сөзден тұратын қызмет, дәреже, атауларды білдіретін сөздерде.
 - D) Реттік сан есімдер цифрмен жазылғанда.
 - E) Қос сөздерде.
20. Біріккен сөзді табыңыз.
- A) Жасампаз.
 - B) Өндіріс.
 - C) Жолсерік.
 - D) Алынған.
 - E) Тапсырды.
21. Қосарлама қос сөзді көрсетіңіз.
- A) Көкпеңбек, қолма-қол.
 - B) Шегара, құрбы-құрдас.
 - C) Көзбе-көз, жалт-жұлт.
 - D) Қысы-жазы, оқта-текте.
 - E) Қып-қызыл, түйе-мүйе.
22. Толымды сөйлемді табыңыз.
- A) Сендерді іздеп келдім.
 - B) Қайдан келуші ем?
 - C) Абай балаға бар денесімен шұғыл бұрыла қарады.
 - D) Не істеп жүрсің?
 - E) Қаладан келдім.

23. Мақсат бағыныңқы сабақтасты табыңыз.
- A) Ойын аяқталған соң, Санжарлар үйге қайтты.
 - B) Келгендердің бәрі разы болсын деп, жан-тәні қалмай қалбалақтауда.
 - C) Бала, Абай өлеңге кетті-ау!
 - D) Жұмысын ерте бітіргендіктен, қосымша тапсырма бердім.
 - E) Жаз келді.
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді белгілеңіз.
- A) – Рахмет, ақсақал, қош болыңыз деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
 - B) – Рахмет, ақсақал, қош болыңыз,- деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
 - C) Рахмет ақсақал қош болыңыз! - деп меңгеруші бізді шығарып салды.
 - D) – Рахмет ақсақал қош болыңыз,- деп меңгеруші бізді шығарып салды.
 - E) – Рахмет ақсақал, қош болыңыз – деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
25. Жалпыға ортақ, бірізділік талабына тән қатарды белгілеңіз.
- A) Ауызекі тіл.
 - B) Әдеби тіл.
 - C) Газет - журнал тілі.
 - D) Радио тілі.
 - E) Кәсіби тіл.

10-нұсқа

1. Диалект болатын сөздерді табыңыз.
 - А) Жөткіру, сым.
 - В) Бекіре, шортан.
 - С) Нарық, делдал.
 - Д) Кіреуке, малта.
 - Е) Шалбар, көйлек.
2. Бірыңғай еріндік қатысқан сөзді ажыратыңыз.
 - А) Мүше.
 - В) Мотор.
 - С) Дала.
 - Д) Таныс.
 - Е) Жусан.
3. Қате жазылған сөзді белгілеңіз.
 - А) Төмеңгі.
 - В) Орында.
 - С) Отырғандарға.
 - Д) Анық.
 - Е) Көрінеді.
4. Көмекші есімді көрсетіңіз.
 - А) Дүрс, сол.
 - В) Өлең, бұл.
 - С) Шак, жақ.
 - Д) Алд, үст.
 - Е) Жалт, әрең.
5. Дара сан есімді көрсетіңіз.
 - А) Он жеті, қырық бір.
 - В) Жетеу, он.
 - С) Мың тоғыз жүз.
 - Д) Оқы, біл.
 - Е) Көк түсті, қызыл ала.
6. Жалпылау есімдігін табыңыз.
 - А) Біреу.
 - В) Барлық.
 - С) Өзің.
 - Д) Біз.
 - Е) Сонау.
7. Жалғау арқылы байланысты көрсетіңіз.
 - А) Дәрі ішу.
 - В) Қос құрбы.
 - С) Марат - оқушы.
 - Д) Тыныштық үшін күрес.
 - Е) Қызық өмір.

8. Хабарлы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Жауап берсең ше.
 - B) Сен кашан келесің.
 - C) Балалар далада ойнап жүр.
 - D) Өттең, кешігіп қалдың-ау.
 - E) Келгеніңе қанша болды.
9. «Қазақ тілі - әрі бай, әрі көркем тіл» деген кімнің сөзі, табыңыз.
- A) К.Аханов.
 - B) С.Мұқанов.
 - C) М.Әуезов.
 - D) Б.Момышұлы.
 - E) А.Құнанбаев.
10. Көп мағынаға ие бола алатын сөзді көрсетіңіз.
Көйлектің етегі әдемі етілін тігілді.
- A) Көйлектін.
 - B) Тігілді.
 - C) Етегі.
 - D) Етіліп.
 - E) Әдемі.
11. Тұрақты тіркесті көрсетіңіз.
- A) Ит терісін басына қаптады.
 - B) Алты қанат ақ үй.
 - C) Тез келді.
 - D) Көпке тараған күй.
 - E) Қала мен ауыл арасы.
12. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаны табыңыз.
- A) – сы(-ы, -і).
 - B) – да(-де, -та, -те).
 - C) – ға (-ге, -қа, -ке).
 - D) – нікі (-дікі, -тікі).
 - E) – ым (-ім).
13. Күрделі сөзді табыңыз.
- A) Қызыл шұбар.
 - B) Әңгіме жазу.
 - C) Дүниені шарлау.
 - D) Көзді ашып-жұмғанша.
 - E) Ит терісін басына қаптау.
14. Заттанған тұйық етістікті көрсетіңіз.
- A) Демалуға келді.
 - B) Көрмегенге көсеу таң.
 - C) Оған сенуге болмайды.
 - D) Мына ағаш қисықтау өсіпті.
 - E) Ол бүгін келу керек.

10-нұсқа

15. Үстеу бар сөйлемді белгілеңіз.
- A) Ағам келді.
 - B) Асқар есікті жаппай сөйлесіп тұр.
 - C) Сұлтанның даусы саңқ-саңқ естілді.
 - D) Ағам кеше келді.
 - E) Біздің пәтеріміз үйдің алтыншы қабатында.
16. Болжалдық демеулікті табыңыз.
- A) –мыс.
 - B) тұрмақ.
 - C) те.
 - D) ғана.
 - E) бірақ.
17. Тура толықтауышты тіркесті табыңыз.
- A) Келгеніне риза болды.
 - B) Ауданға барды.
 - C) Ойында сақтаулы.
 - D) Оның білгенін жасырды.
 - E) Ауылдан келді.
18. Сөйлемдегі үтірдің қойылу себебін анықтаңыз.
- ... Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел.
- A) Қаратпа.
 - B) Қыстырма.
 - C) Одағай.
 - D) Төл сөз.
 - E) Құрмалас.
19. Көп құрамды төл сөзді табыңыз.
- A) – Мен барак жайын айтам, – деді Ушаков.
 - B) «Тіл тас жарады. Тас жармаса, бас жарады,» – деген.
 - C) Әсел Айгүлге бүгін мектепке бармайтынын, дүкенге баратынын айтты.
 - D) – Құдай біледі, сол сенің Ақботаң, – деді. – Мұндай ұқсамас, – деп бастады да, артығырақ кетіп бара жатқанын аңдап, тоқтай қалды.
 - E) Өнер алды – қызыл тіл.
20. Біріккен сөзді табыңыз.
- A) Соңғы(сөз).
 - B) Еңбек(күн).
 - C) Ата(ана).
 - D) Он(екі).
 - E) Ат(шана).
21. Бірыңғай күрделі сөздер қатарын табыңыз.
- A) Жолсерік, той-томалақ.
 - B) ҚазТАГ, балалық.
 - C) Жалғау, Әліби.
 - D) Фотосурет, қалам.
 - E) Күздігүні, дала.

22. Еліктеу сөздің қандай қызмет атқарып тұрғанын көрсетіңіз.
Жаппамыз теңселіп тұрғандай, аяқ астымыз дір-дір етеді.
- A) Бастауыш.
 - B) Толықтауыш.
 - C) Анықтауыш.
 - D) Баяндауыш.
 - E) Пысықтауыш.
23. Іс-оқиға жайында баяндамай, тек соған байланысты жағдайды атап көрсететін жай сөйлем түрін белгілеңіз.
- A) Жайылма.
 - B) Атаулы.
 - C) Жақты.
 - D) Жақсыз.
 - E) Толымды.
24. Түсіндірмелі салалас құрмаласты табыңыз.
- A) Сен кеттің де, мен келдім.
 - B) Егіннің арасын ұзақ аралап, кешке ауылға қайтты.
 - C) Риза болғаны соншалық - бетімнен сүйе берді.
 - D) Ол бірде күледі, бірде жылайды.
 - E) Шорманның Мұстафасы атымды алып, атандым сол себепті Жаяу Мұса.
25. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.
- A) О, шіркін, осы ән ғой, құлақтан кіріп бойды алар!
 - B) О, шіркін, осы ән ғой құлақтан кіріп бойды алар.
 - C) О, шіркін осы ән ғой “құлақтан кіріп бойды алар”!
 - D) О, шіркін, осы ән ғой “құлақтан кіріп бойды алар!”
 - E) “О, шіркін, осы ән ғой, құлақтан кіріп бойды алар!”

11-нұсқа

1. “Емтихан” сөзінің қай тілден енгенін айтыңыз.
 - A) Неміс.
 - B) Грек.
 - C) Араб.
 - D) Орыс.
 - E) Түрік.
2. “и” дыбысы жазылатын сөзді белгілеңіз.
 - A) Жа _ ын.
 - B) Қа _ ық.
 - C) X _ кая.
 - D) Сы _ ындық.
 - E) Та _ па.
3. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін көрсетіңіз.
 - A) Жуан, жіңішке, ашық
 - B) Ашық, қысаң, еріндік.
 - C) Қатаң, ұяң, үнді.
 - D) Қатаң, ұяң, қысаң.
 - E) Еріндік, езулік, жуан.
4. Негізгі зат есімді белгілеңіз.
 - A) Балықшы.
 - B) Кітапхана.
 - C) Әке.
 - D) Бұрғы.
 - E) Егін.
5. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Отыздай, екінші.
 - B) Екеуі, қырық бес.
 - C) Оннан бес, екіден бір.
 - D) Мұным, менің.
 - E) Жүздеген, оншақты.
6. Өздік есімдігінің соңғы қосымшасын табыңыз.

Өзіңе жамандық тағылмауын тілеймін.

 - A) Барыс септік.
 - B) Тәуелдік жалғауы.
 - C) Жатыс септік.
 - D) Жіктік жалғауы.
 - E) Көптік жалғауы.
7. Бейнелеуіш сөздер қатарын белгілеңіз.
 - A) Дүнк-дүнк, шарт-шұрт.
 - B) Қарш-қарш, арс-арс.
 - C) Жалп, селк, бүгжең.
 - D) Қорс, қаңғыр-күңгір.
 - E) Бірс-бірс, қорс-қорс.

8. «Сырғанау» сөзінің бағыныңқысын көрсетіңіз.
- A) Көрікті.
 - B) Шанамен.
 - C) Оқыған.
 - D) Төменгі.
 - E) Бағынған.
9. Сұрау есімдігі арқылы келген сөйлем көбінде қай қатарға тән, көрсетіңіз.
- A) Толымды сөйлем.
 - B) Сұраулы сөйлем.
 - C) Құрмалас сөйлем.
 - D) Бұйрықты сөйлем.
 - E) Жақсыз сөйлем.
10. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
- A) Көктің сәні – құс әні.
 - B) Кең бөлменің ішінен әншінің әні естілді.
 - C) Жақсы ән жанды жадыратады.
 - D) Әнді сүйсең менше сүй.
 - E) Өрнекті әуезді ән естіледі.
11. Тұрақты тіркесті табыңыз.
- A) Рысжан баяндама жасады.
 - B) Ер есімі- ел есінде.
 - C) Аузымен орақ орған.
 - D) Еңсесі биік ел.
 - E) Кенесары егемендікті армандап еді.
12. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
- A) Балаша.
 - B) Үйшік.
 - C) Сөзсіз.
 - D) Ашса.
 - E) Қайығы.
13. Сапалық сын есімнің анықтамасын көрсетіңіз.
- A) Заттың белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есім.
 - B) Біркелкі сындардың бірінен екіншісінің артық я кемдігін салыстыратын сын есім.
 - C) Негізгі сын есімнің өзінен болып, заттың сынын анықтайтын сын есім.
 - D) Біркелкі сындардың бірінен екіншісінің өте артық екендігін білдіретін сын есім.
 - E) Заттың мезгіл-мекенге қатыстылығын білдіретін сын есім.
14. Етістіктің бұрынғы өткен шақ түрін табыңыз.
- A) Жүзеді.
 - B) Жүзді.
 - C) Жүзген.
 - D) Жүзер.
 - E) Жүзбек.

15. Ыңғайлас мәнді жалғаулық шылауды көрсетіңіз.
- A) Жаз(да), тез апарып бер.
 - B) Қимыл(да), еңбектен.
 - C) Сен айта жаз(да)дың.
 - D) Ар(да)ғы сенсің, еркем.
 - E) Жаз(да) барамын.
16. Бірыңғай мүше қай мәндегі жалғаулық шылау арқылы байланысып тұрғанын белгілеңіз.
- Қар суы да, жаңбыр суы да соның ырысы.*
- A) Ыңғайластық.
 - B) Қарсылықты.
 - C) Себеп-салдар.
 - D) Талғаулы.
 - E) Кезектестік.
17. Қаратпа сөз, көбінесе, қай сөз табынан жасалады, көрсетіңіз.
- A) Шылау.
 - B) Сын есім.
 - C) Зат есім.
 - D) Үстеу.
 - E) Сан есім.
18. Төл сөзді сөйлемді белгілеңіз.
- A) “Өзі күйіп жүрген жанымды күйдірме,”-деді.
 - B) Өмірде болғандығын айтыпты-мыс.
 - C) “Абай жолын” оқыдым.
 - D) “Парасат” журналынан жазып алдым.
 - E) Еңбек – ана, білім – қазына.
19. Көркем әдебиет стиліне тән белгіні анықтаңыз.
- A) Ғылымилық.
 - B) Образдылық.
 - C) Ресмилік.
 - D) Ауызекілік.
 - E) Бейтараптық.
20. Туынды түбір жасайтын бөлшекті табыңыз.
- A) Жұрнақ
 - B) Тәуелдік жалғауы
 - C) Септік жалғауы
 - D) Жалғау
 - E) Көптік жалғауы
21. Түбір тұлғасы өзгеріске ұшырап біріккен сөзді табыңыз.
- A) Әкел.
 - B) Кейбір.
 - C) Алатау.
 - D) Ешқашан.
 - E) Мұратәлі.

22. Мезгіл үстеулі сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Жомарт биыл келген.
 - B) Аяғы жазылды ма өзінің?
 - C) Олар егіннен мол өнім алу үшін жанталасады.
 - D) Әйелдер Бөкеннің үйін сыпырып жатыр.
 - E) Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады.
23. Толымды сөйлемді табыңыз.
- A) Қаңтар.
 - B) Анасын сағынды.
 - C) Сәрсенбайдың баласы кеше Асанмен бірге Алматыдан келді.
 - D) - Бұрын қайда жұмыс істеп едің?
 - E) - Мынау кім?
24. Салаластың түрін және тыныс белгісін анықтаңыз.
- Абай өзін аямайды бұған еріксіз күні түсетін халықты аяйды.*
- A) Талғаулы салалас (үтір)
 - B) Түсіндірмелі салалас (сызықша)
 - C) Қарсылықты салалас (үтір мен сызықша)
 - D) Себеп-салдар салалас (қос нүкте)
 - E) Ыңғайлас салалас (үтір)
25. Тырнақшаның қойылу себебін анықтап, дұрысын табыңыз.
- Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай,
Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай.
Жортады желмаядай шал кеңеске,
"Осылай болған екен, шырағым-ай".*
- A) Сөйлем ішіндегі төлеу сөз.
 - B) Өлең ішіндегі төл сөз.
 - C) Мәтел.
 - D) Мақал.
 - E) Дәйексөз.

12-нұсқа

1. Неологизмді табыңыз.
 - A) Диалог.
 - B) Қылқалам.
 - C) Жеңімпаз.
 - D) Үнтаспа.
 - E) Эпилог.
2. Жуан буынды сөзді анықтаңыз.
 - A) Ору.
 - B) Сән.
 - C) Бинобль.
 - D) Митинг.
 - E) Әрине.
3. Бірыңғай ұяң дауыссыз қатысқан сөзді көрсетіңіз.
 - A) Жоба.
 - B) Жылан.
 - C) Даугер.
 - D) Бейсенбі.
 - E) Сыпайы.
4. Туынды зат есімді белгілеңіз.
 - A) Үй.
 - B) Іні.
 - C) Әнші.
 - D) Күй.
 - E) Аға.
5. Дефис қойылмайтын жауапты анықтаңыз.
 - A) 5-пәтер.
 - B) 10-сынып.
 - C) 1-орын.
 - D) 25-шілде.
 - E) 6-жұп.
6. Жіктеу есімдігімен тіркесіп тұрған сөзді табыңыз.
 - A) Болат келді.
 - B) Атаның баласы.
 - C) Сіз келесіз.
 - D) Көзбен көру.
 - E) Қалаға бару.
7. Сөздердің септеулік шылау арқылы байланысын көрсетіңіз.
 - A) Бақытты сезіну.
 - B) Өзің үшін үйрен.
 - C) Қызықты кітап.
 - D) Әулие адам.
 - E) Әр килы.

8. *Ма, ме, ба, бе, на, не* шылауларының қатысуымен жасалатын сөйлемді атаңыз.
- A) Хабарлы сөйлем.
 - B) Бұйрықты сөйлем.
 - C) Сұраулы сөйлем.
 - D) Жай сөйлем.
 - E) Лепті сөйлем.
9. Әдеби тілдің анықтамасын табыңыз.
- A) Әдеби тіл деген ауызша сөйлеу.
 - B) Әдеби тіл – терминдер тілі.
 - C) Әдеби тіл – сөйлеу тілінің көшірмесі.
 - D) Әдеби тіл – жалпыхалықтық тіл.
 - E) Әдеби тіл – ғылымдар тілі.
10. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
- A) Сынау, зерттеу.
 - B) Әңгіме, ертегі.
 - C) Таңертең, түсте.
 - D) Несібелі, ырысты.
 - E) Таңдау, таныс.
11. “*Төбе шапшы тік тұру*” – тұрақты сөз тіркесінің мағынасын белгілеңіз.
- A) Әдемі, сұлу.
 - B) Дұрыс айту, құрғау.
 - C) Ренжісу.
 - D) Қатты қорқу, шошу.
 - E) Қуану, шаттану.
12. Кейінді ықпалды көрсетіңіз.
- A) Талдырмаш.
 - B) Сұлулық.
 - C) Жанғазы.
 - D) Айтып бар.
 - E) Қара қоңыз.
13. Күрделі сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.
- Топтың мүшелері тапсырмаларын жап-жақсы орындапты .
- A) Бастауыш.
 - B) Баяндауыш.
 - C) Пысықтауыш.
 - D) Анықтауыш.
 - E) Толықтауыш.
14. Анықтауыш қызметіндегі етістікті табыңыз.
- A) Айтса екен, айналайын.
 - B) Оларды тарата алатын шығарсың.
 - C) Шақырған адам күте тұрар, қазір біздің үйге барады.
 - D) Келешегінен не шығатынын білгім келеді.
 - E) Сенің де айтқаның болсың.

15. Туынды үстеуді анықтаңыз.
- A) Сонда да талай жерге еретін болды.
 - B) Әлі де түйе бақырады.
 - C) Онсыз да бітер істі тіпті осыншалық нығарлап жіберілті.
 - D) Аяғында ауылдан әбден ұзап шықты.
 - E) Айнала дүние түгел ұмытылды.
16. Септеулік шылауы бар сөйлемді ажыратыңыз.
- A) Тау мен тасты жел бұзар.
 - B) Ырысжан бұдан әрі шыдамады.
 - C) Өмір заңы қызық қой.
 - D) Базаралы бұл үйге кеше ғана келген.
 - E) Асқар оқыды, бірақ жазбады.
17. Мақал-мәтелге лайық баяндауышты табыңыз.
Өнерлінің өрісі ...
- A) кең.
 - B) бар.
 - C) ұзақ.
 - D) тар.
 - E) биік.
18. Қыстырма сөзді сөйлемді табыңыз.
- A) Қарағым, бүгін күн жұма ғой.
 - B) Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ.
 - C) Жүрегім, ойбай, соқпа енді.
 - D) Уа, халқым, құлаш жаздың кең өріске.
 - E) Айналайын, не де болса қалмайық енді.
19. Төл сөздің автор сөзінен соң орналасып тұрған түрін көрсетіңіз.
- A) Ол бірде маған шынын айтты: "Сенімен сапарға шықсам, көңілім бір түрлі көтеріңкі болады".
 - B) Мен колхозшыларға: "Өзім бұл жерде туғаным жоқ", - дедім.
 - C) "Иә,-деді Дина, басын изеп, - тіл мен үн арасында айырма жоқ".
 - D) "Біз қайда жатырмыз?" - деп сұрады.
 - E) "Біз қайда жатырмыз? - деді, - кеше кеткен жоқпыз ба?".
20. Қате жазылған сөзді табыңыз.
- A) Митингіге.
 - B) Треске.
 - C) Трестке.
 - D) Киоскіден.
 - E) Съезі.
21. Кіріккен сөзді анықтаңыз.
- A) Тасбақа.
 - B) Көкжиек.
 - C) Сөйгіп.
 - D) Бекзат.
 - E) Айдана.

2. Сөйлемнен сәлiктеу сөзді табыңыз.

Ол аяқ астынан шақ-шақ еткен көп дауыстардан сескене қалды.

- A) Сескене қалды.
- B) Аяқ астынан.
- C) Дауыстардан сескене қалды.
- D) Шақ-шақ еткен.
- E) Көп дауыстардан.

3. Толымсыз сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Радио арқылы сөйлеспек.
- B) Құлаш мойын қара нар таңертеннен кешке дейін тыныстамады.
- C) Жұмыс аумағы бүгін үш есе ұлғайды.
- D) Сіз Қатпа деген адам туралы ештеңе естімедіңіз бе?
- E) Әр халықтың өзінше жаңа жылы болады.

4. Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемді табыңыз.

- A) Ұрыста қару-жарақ қандай қажет болса, өмірде тілім де сондай қажет.
- B) Жекен үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Ержан тыста қалды.
- C) Еңбек ер атандырады.
- D) Жылтыр мұзда ешбір салмақ түсірмей, шана өзі сырғанап келе жатқан сияқты.
- E) Балuanдығы асқан соң, Нарқыз болып аталған.

5. Санамаланып айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгісін табыңыз.

- A) Нүкте.
- B) Қос нүкте.
- C) Үтір.
- D) Нүктелі үтір.
- E) Көп нүкте.

13-нұсқа

1. Неологизм сөзді табыңыз.
 - A) Ермексаз.
 - B) Шоқпар.
 - C) Ханша.
 - D) Мырза.
 - E) Атамекен.
2. Езулік дауыстылар қатарын толықтырыңыз: А, ә, е, э, ы, і, ...
 - A) О.
 - B) Ө.
 - C) Ү.
 - D) И.
 - E) У.
3. “Б” дыбысының қандай екенін анықтаңыз.
 - A) Еріндік дауысты дыбыс.
 - B) Қатаң дауыссыз дыбыс.
 - C) Ашық дауысты дыбыс.
 - D) Ұяң дауыссыз дыбыс.
 - E) Қысаң дауысты дыбыс.
4. Деректі зат есімді табыңыз.
 - A) Қобыз.
 - B) Сезім.
 - C) Ақыл.
 - D) Ой.
 - E) Реніш.
5. Болжалдық сан есімді көрсетіңіз.
 - A) Елудей, ондай.
 - B) Бесінші.
 - C) Жетеу.
 - D) Сексен бес.
 - E) Онның бірі.
6. Жіктеу есімдіктерінің жіктелген түрін көрсетіңіз.
 - A) Біреумін, бәріміз.
 - B) Менмін, сіздерсіз.
 - C) Демалысқа, мектепке.
 - D) Әлдененің, ешкімім.
 - E) Киімім, бағаңыз.

7. Сөйлемнен еліктеу сөзді табыңыз.

Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап.

- A) Қарш-қарш.
- B) Ауыздығын.
- C) Жоқ.
- D) Шайнап.
- E) Өтеді.

8. Сөздердің септеулік шылау арқылы байланысын көрсетіңіз.

- A) Болатбектің өні.
- B) Хат арқылы сырласу.
- C) Асқар тау.
- D) Бақытты жастар.
- E) Біздің мақсатымыз.

9. Стилін белгілеңіз.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды...

- A) Көркем әдебиет стилі.
- B) Ресми іс қағаздары стилі.
- C) Ауызекі сөйлеу стилі.
- D) Публицистикалық стиль.
- E) Ғылыми стиль.

10. Мына сөздердің ішінен синонимді табыңыз.

- A) Мәдениет, білім.
- B) Жарық, нұр, сәуле.
- C) Ине, жіп, оймақ.
- D) Мал, мүлік, егін.
- E) Киіз, кілем, алаша.

11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.

- A) Ән айту.
- B) Күрделі мәселе.
- C) Егіншілік кәсіп.
- D) Місе тұтпады.
- E) Ел билеу.

12. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды табыңыз.
- A) Тайбурыл.
 - B) Бақытжан.
 - C) Қараөзек.
 - D) Құтжол.
 - E) Айнабұлақ.
13. Толықтауыш қызметін атқарып тұрған сын есімді табыңыз.
- A) Әдептіге елікте.
 - B) Әдепті екен.
 - C) Әдепті сөйле.
 - D) Сөзі әдепті.
 - E) Әдепті бала.
14. Қалау райлы тіркесті ажыратыңыз.
- A) Осылар санасын.
 - B) Санағысы келеді.
 - C) Санаса қалыпты.
 - D) Осылар санады.
 - E) Санамақ болды.
15. Септеулік шылаулы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Полк командирі кеткен соң пулеметшінің қасына барды.
 - B) Қарағым-ай, ерекше жаралған жан екенсің.
 - C) Құдаша қыз-ау, әнің кандай еді, есімнен бір шықпайды.
 - D) Бүгінгі жұмысты тастап мен де келдім.
 - E) Бірақ Әбекеннің сөзінің жаны бар.
16. Сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Тайлы тұяғымен қалмай.
 - B) Еңбек ер атандырады.
 - C) 20 шақты оқушы.
 - D) Сен үшін.
 - E) Ит терісін басына қаптады.
17. Есімдіктен болып тұрған бастауышты табыңыз.
- A) Алты - жұп сан.
 - B) Әжем - дана адам.
 - C) Ештен кеш жақсы.
 - D) Ол - өкем.
 - E) Ертең кел.

18. Қыстырма сөз қай сөз табынан, анықтаңыз.
Үшінші, мен ақымақ емеспін.
- A) Есептік сан есім.
 - B) Болжалдық сан есім.
 - C) Жинақтық сан есім.
 - D) Реттік сан есім.
 - E) Бөлшектік сан есім.
19. Төлеу сөзді анықтаңыз
- A) Мағжан шешен өлсе, артында сөзі қалатынын айтты.
 - B) «Үш жұрттың тілін білген өзгеден үш есе биік тұрады», - деген халық
 - C) Абай адамгершілік, адамдық жайын қозғайды.
 - D) «Қайтуды ертең сөйлесейік», - дедім.
 - E) «Төңірі ием, атпады ғой таңың!» - деді күңіреніп.
20. Есімдіктен жасалған қос сөзді көрсетіңіз.
- A) Қайта-қайта.
 - B) Алым-салым.
 - C) Менің ойым – осы.
 - D) Өзді-өзі.
 - E) Анда-санда.
21. Қандай сөздердің қысқартылып берілетінін табыңыз.
- A) Тұрақты тіркестер.
 - B) Жаңа сөздер.
 - C) Күрделі атаулар.
 - D) Қос сөздер.
 - E) Біріккен сөздер.
22. Үстеуден жасалып тұрған туынды үстеуді табыңыз.
- A) Балаша.
 - B) Соншалық.
 - C) Сеніңше.
 - D) Кезінше.
 - E) Тотыдайын.
23. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Ол жақын жерде орналасқан.
 - B) Білесің бе?
 - C) Қыс.
 - D) Білмесең, тында!
 - E) Сен – оқушысың!

24. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Ділдені Абайға айттырған уақытта, Алшынбай ауылы күміс тартқан.
- В) Қартайсақ та, даусымыз жаспен бірдей.
- С) Жапырағы судырлап, тал таранды сұлуша.
- Д) Бойда қайрат болмаған соң, айтпа сөз.
- Е) Осы жолдан таймай адал жүрсең, жетпейтін мақсат жоқ .

25. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Шешім шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі; күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы.
- В) Шешім - шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі - күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы.
- С) Шешім - шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі, күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы.
- Д) Шешім шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы.
- Е) Шешім шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі, күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы.

14-нұсқа

1. Көнерген сөзді табыңыз.
- A) Оқырман.
 - B) Барымта.
 - C) Бастапқы.
 - D) Қоңырау.
 - E) Геометрия.
2. Ашық дауыстылар қатарын толықтырыңыз: А, ә, о, ө, е, ...
- A) Ы.
 - B) И.
 - C) Э.
 - D) Ұ.
 - E) Ү.
3. Жұп дауыссыз дыбыстар қатысқан сөздер қатарын анықтаңыз.
- A) Дақ, табыс.
 - B) Өлшем, қанағат.
 - C) Өмір, жолдас.
 - D) Ескілік, нұр.
 - E) Ес, ақыл.
4. Деректі зат есім қатысқан тіркесті көрсетіңіз.
- A) Көтеріңкі көңіл.
 - B) Ағаш қасық.
 - C) Ерекше қуаныш.
 - D) Нәзік сезім.
 - E) Ізгі ниет.
5. Сын есімдердің ішіндегі күшейтпелі шырайды табыңыз.
- A) Үлкенірек.
 - B) Үп-үлкен.
 - C) Қысқа.
 - D) Қысқалау.
 - E) Ұзындау.
6. Қай сөзде дефис қойылу керек, белгілеңіз.
- A) 9 сынып.
 - B) 1998 жыл.
 - C) 80 метр.
 - D) 200 пайыз.
 - E) XXI ғасыр.
7. Көмектес септікте тұрған өздік есімдігін табыңыз.
- A) Өзгеде.
 - B) Өзіммен.
 - C) Өздеріңізді.
 - D) Өзіміздің.
 - E) Өзінен.

8. Сөздердің септеулік шылау арқылы байланысын табыңыз.
- A) Айтқан сайын түсіну.
 - B) Әр түрлі.
 - C) Астанаға бару.
 - D) Гүлдердің иісі.
 - E) Әтір себу.
9. Хабарлы сөйлемді табыңыз.
- A) Бұл кісілер қай жердікі.
 - B) Бізбен бірге жүресің бе.
 - C) Уһ, шаршап қалыппын ғой.
 - D) Бір топ елік жайылып жүрді.
 - E) Тілінді тарт.
10. Тура мағыналы сөзді табыңыз.
- A) Өз қолымен берді.
 - B) Көкеңе айтарсың, қолы ұзын адам емес пе?
 - C) Әділ, Шалабайлар – байдың қол шоқпары.
 - D) Қолдың қысқалығынан бұл жолы да мардымды ештеңе бере алмады.
 - E) Бұл іс менің қолым екен.
11. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
- A) Қасқыр, бөрі, түлкі.
 - B) Қателесу, адасу, қайраттану.
 - C) Қойшы, сиыршы.
 - D) Қасақана, әдейі, жорта.
 - E) Әрине, мүмкін, алайда.
12. Сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды белгілеңіз.
- A) Қызықты оқиға.
 - B) Зарланасың, ақ ешкі, лағыңа.
 - C) Қазақ жері - Сарыарқа.
 - D) Бүркіт – тау қыраны.
 - E) Кең жайлау, мөлдір бұлақ.
13. «Жи» сөзіне түйық етістік жұрнағының дұрыс жалғану түрін көрсетіңіз.
- A) Жиу.
 - B) Жиыу.
 - C) Жию.
 - D) Жыйыу.
 - E) Жыйу.
14. Себеп-салдар үстеуі қатысқан тіркесті табыңыз.
- A) Амалсыздан көнді.
 - B) Ертең жалғастырар.
 - C) Тез орындады.
 - D) Әдейі тексерді.
 - E) Бірталай жазды.

5. Күшейтпелі мағыналы демеулікті табыңыз.

- A) -Ақ, -айі.
- B) Бірақ, алайда.
- C) Не, немесе.
- D) Ба? бе?
- E) Сайың, үшін.

16. Бастауыш қызметін атқарып тұрған есімшені көрсетіңіз.

- A) Бұл – Еркебұлан сөзі.
- B) Кешікпей Абайлар да аттанды.
- C) Келгендер – осы ауылдың адамдары.
- D) Орамалың бар ма?
- E) “Тұр орныңнан,” – деп әмір етті.

17. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.

- A) Көп сағындырдың ғой, қуатым!
- B) Көп, сағындырдың ғой - қуатым!
- C) Көп сағындырдың ғой: қуатым!
- D) Көп, сағындырдың ғой қуатым!
- E) Көп сағындырдың ғой - қуатым!

18. Көп құрамды төл сөзді табыңыз.

- A) «Биік мансап – биік жартас.» – дейді Абай.
- B) Әлияның батыр болғаны туралы айтылды.
- C) Ыбырай Алтынсарин: «Кел, балалар, оқылық!» – деген.
- D) – Дұрыстап көшіріп жаз! – деді Ушаков. – Сосын мына жерге іліп қой!
– деді зілмен.

E) – Ол үш күннен бері жаңбыр жауғанын айтты.

19. Қаратпа сөзге байланысты дұрыс қойылып тұрған үтірді көрсетіңіз.

- A) Уа туған жер аша бер, құшағыңды.
- B) Уа, туған жер, аша бер құшағыңды.
- C) Уа туған жер, аша бер құшағыңды.
- D) Уа туған жер аша бер құшағыңды.
- E) Уа, туған жер аша бер құшағыңды.

20. Күрделі сөз қай сөз табынан жасалғанын анықтаңыз.

Селт етті.

- A) Зат есім, зат есім.
- B) Еліктеу, зат есім.
- C) Еліктеу, көмекші етістік.
- D) Зат есім, етістік.
- E) Есімдік, зат есім.

21. Қайталама қос сөзді табыңыз.

- A) Жып-жылы, әке-шеше.
- B) Мәдени-ағарту, ат-мат.
- C) Үгіт-насихат, жап-жаңа.
- D) Өз-өзінен, жүзбе-жүз.
- E) Бақытты-бақытсыз, некен-саяқ.

22. Бейнелеуіш сөзді көрсетіңіз.
- A) Саңк етті.
 - B) Дүр етті.
 - C) Жалт қарады.
 - D) Сүп – сүр болды.
 - E) Боз ала таң.
23. Бастауышы жасырын тұрған жақты сөйлемді анықтаңыз.
- A) Кісідегінің кілті аспанда.
 - B) Ертеңіне Байқоңырға жол тарттық.
 - C) Рахметтің қуанышында шек жоқ.
 - D) Оның шек-сілесі қатты.
 - E) Тайға таңба басқандай.
24. Себеп-салдар салалас сөйлемді белгілеңіз.
- A) Айдағаның бес ешкі-ысқырығың жер жарады.
 - B) Енді жасыру мүмкін емес, үйлену тойы ертең, кеште.
 - C) Таныдым: үй-Қарабеттің отауы.
 - D) Жақсыда кек жоқ, жаманда тек жоқ.
 - E) Ауыл шымыр-шымыр қайнайды: өрістен мал қайтты, ойнаған бала.
25. Шешендік сөздің әсерлілігін арттыратын тілдік сапаны белгілеңіз.
- A) Айшықты сөздерді мол қолдану.
 - B) Қарабайыр сөздерді қолдану.
 - C) Дауыс мәнерін сақтамау.
 - D) Тез сөйлеу.
 - E) Сөз мағынасын жетік білмеу.

15-нұсқа

1. Жіңішке дауыстыларды табыңыз.
 - A) А, о, ы.
 - B) Ы, і, э.
 - C) Ұ, ү, ы.
 - D) Ө, ү, е.
 - E) Р, л, м.
2. Жұп дауыссыздарды анықтаңыз.
 - A) З-П, К-Т.
 - B) К-Г, С-З.
 - C) З-Ж, К-Б.
 - D) Ш-С, Қ-Г.
 - E) С-Б, Г-П.
3. Күрделі зат есімді көрсетіңіз.
 - A) Ауыл.
 - B) Көрме.
 - C) Көкшетау.
 - D) Қақтығыс.
 - E) Бейбітшілікті.
4. Шығыс септігінде тұрған сілтеу есімдігін табыңыз.
 - A) Бұлар.
 - B) Бұдан.
 - C) Бұнысы.
 - D) Бұны.
 - E) Бұнымен.
5. Дыбыстарға еліктеуден пайда болған сөзді көрсетіңіз.
 - A) Қоңыз.
 - B) Қырықбуын.
 - C) Төбе-төбе.
 - D) Сылқ-сылқ.
 - E) Ирелең-ирелең.
6. "Жүрісін-ай" шылаулы тіркесінің тұлғасын анықтаңыз.
 - A) Шығыс септікті сөз.
 - B) Есімше.
 - C) Үстеу.
 - D) Табыс септікті есім сөз.
 - E) Көмектес септікті сөз.
7. Жалғау арқылы байланысты табыңыз.
 - A) Алтын жүзік.
 - B) Асау жүрек.
 - C) Жастардың міндеті.
 - D) Сен тәрізді екен.
 - E) Бұл - ауыл.

15-нұсқа

8. Біршама тиянақты ойды білдіретін синтаксистік бірліктің не екенін анықтаңыз.
- A) Сөз тіркесі.
 - B) Сөйлем.
 - C) Тұрақты тіркес.
 - D) Сөздердің байланысу түрі.
 - E) Сөз.
9. Бастауыштан кейін дұрыс қойылған сызықшаны табыңыз.
- A) Көрмес түйені де көрмес.
 - B) Көрмес - түйені де көрмес.
 - C) Көрмес түйені - де көрмес.
 - D) Көрмес - түйені де - көрмес.
 - E) Көрмес түйені де - көрмес.
10. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
- A) Жоңышқа сепсе, жер тыңаяды.
 - B) Денем сергіп, тыңайып қалыпшын.
 - C) Тың және тыңайған жерді игеру басталды.
 - D) Биыл тыңайған жерден мол өнім алынды.
 - E) Егін тыңайған жерге себілді.
11. Омоним бола алмайтын сөзді көрсетіңіз.
- A) Қалыңдық.
 - B) Қасы.
 - C) Шабу.
 - D) Қарт.
 - E) Тарту.
12. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды белгілеңіз.
- A) Қараойда жалғыз үй отыр.
 - B) Белдеуден атын босатпады.
 - C) Ақын секем ала бастады.
 - D) Салт аттылар осылай беттеді.
 - E) Махамбет елден жырақ кетті.
13. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.
Төбең де қап-қара, аяқ астың да қап-қара.
- A) Бастауыш.
 - B) Пысықтауыш.
 - C) Баяндауыш.
 - D) Толықтауыш.
 - E) Анықтауыш.
14. Болжалдық сан есім жасайтын жұрнақтарды көрсетіңіз.
- A) -лаған, -деген, -лап, -дай;
 - B) -ыншы, -інші, -ншы;
 - C) -нан, -ген, -дан;
 - D) -дан, -сі, -і;
 - E) -ның, -ы, -тан;

15. Туынды етістікті табыңыз.
- A) Басқар, ұшта.
 - B) Қыста, кеше.
 - C) Ертең, бүгін.
 - D) Отыр, жүр.
 - E) Жүрді, алып келді.
16. Мөлшер үстеулі тіркесті көрсетіңіз.
- A) Ілгері кетті.
 - B) Сәл аялдады.
 - C) Күй шертті.
 - D) Әжептәуір өскен.
 - E) Таң алдында келді.
17. Бастауыш - тұйық етістік, баяндауыш - есім сөзден болғанда қойылатын тыныс белгісін анықтаңыз.
- A) Үтір.
 - B) Дефис.
 - C) Сызықша.
 - D) Нүктелі үтір.
 - E) Нүкте.
18. Қаратпа сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Шынын айту керек, өте оңай жеңдіңіз.
 - B) Апырау, Сүгірәлі гой мынау!
 - C) Меніңше, Щербаков кемшіліктерді тауып айтты.
 - D) Сапарың құтты болсын, карағым!
 - E) Мүмкін, Баймақан бабын тапқан болар.
19. Ата заңымыз қай стильге жатады, белгілеңіз.
- A) Ресми.
 - B) Ауызекі.
 - C) Ғылыми.
 - D) Публицистика.
 - E) Көркем әдебиет.
20. Көнерген сөзді табыңыз.
- A) Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында.
 - B) Отаның мен халқыңа еңбек ет.
 - C) Ол жанын шүберекке түйді.
 - D) Бақа- көлінде патша,
Балық- суында патша
 - E) Өзі оңбаған ант ұрған.

21. Түбірдің анықтамасын табыңыз.
- A) Бір түбірден жасалған әр түрлі сөздер.
 - B) Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегі.
 - C) Жалпыға ортақ тіл.
 - D) Дыбыстардан құралған бөлшек.
 - E) Заттың атауы.
22. Бірге жазылатын сөздер қатарын көрсетіңіз.
- A) Қара қыпшақ, қалам ақы.
 - B) Қол таңба, оқу орны.
 - C) Сыр дария, Жиренше шешен.
 - D) Тыйым салу, кәсіп одақ.
 - E) Бес жылдық, жылдан жылға.
23. Жай сөйлемнің қай түрі екенін белгілеңіз.
- Жайдарлы жаз*
- A) Жалаң.
 - B) Атаулы.
 - C) Жақсыз.
 - D) Толымды.
 - E) Жақты.
24. Түсіндірмелі салалас сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Мына ағайдың жүзінде әжімнен сау жер жоқ, әйтсе де беті ойнақы еді.
 - B) Бүгін ай туыпты.
 - C) Сиярлар есебінен жаңылмайсың: тарғыл аласы он жеті, қызыл шұбары - он үш.
 - D) Сыныпқа мұғалім мен директор кірді.
 - E) Әдейі танытпайын деп, ол бет-аузын жауып алыпты.
25. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) – Үйлерінде басқа ересек адам бар ма? деп сұрады ол.
 - B) – Үйлерінде басқа ересек адам бар ма? деп - сұрады ол.
 - C) – Үйлерінде басқа ересек адам бар ма? деп, сұрады ол.
 - D) – Үйлерінде басқа ересек адам бар ма?- деп сұрады ол.
 - E) – Үйлерінде басқа ересек адам бар ма?, деп сұрады ол.

16-нұсқа

Тіл білімінің терминін табыңыз.

- A) Ғасыр.
- B) Ғарыш.
- C) Дүние.
- D) Әріп.
- E) Әлем.

Еріндік дыбыстарды көрсетіңіз.

- A) й, і.
- B) а, у.
- C) у, ү.
- D) о, и.
- E) ы, ө.

Тек қатаң дауыссыз қатысқан сөзді белгілеңіз.

- A) Дәм.
- B) Дүние.
- C) Шуақ.
- D) Сәуле.
- E) Күн.

4. Ілік септігінде тұрған сөзді табыңыз.

- A) Ағаштың.
- B) Маңайда.
- C) Клубтан.
- D) Сөзге.
- E) Көркемөнер.

5. «Алтау» деген сан есімдегі түбірден түсіп қалған дыбысты көрсетіңіз.

- A) а
- B) и
- C) о
- D) ы
- E) і

6. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз.

- A) Бар.
- B) Нешеу.
- C) Міне.
- D) Нәрсе.
- E) Бір.

7. Септеулік шылаулар қатарын белгілеңіз.

- A) үшін, сайын, жайында.
- B) пен, мен, бен.
- C) ма, ме, ба, бе.
- D) әсіресе, -ау, -ақ.
- E) да, де, та, те.

8. Сөздердің қосымша арқылы байланысын көрсетіңіз.
- A) Арман үшін аттану.
 - B) Көлдiң жағасында.
 - C) Үш дәптер.
 - D) Биік дәреже.
 - E) Ер - азамат.
9. Сөйлемдi көрсетiңiз.
- A) Барлық ұстаз.
 - B) Оқып жатыр.
 - C) Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз.
 - D) Мен келдiм.
 - E) Сұрастыру.
10. Тура мағыналы сөздi көрсетiңiз.
- A) Қара жұмыс.
 - B) Қарақағаз.
 - C) Қара ниет.
 - D) Қара көйлек.
 - E) Қара сөз.
11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
- A) Ел арасы.
 - B) Асау толқын.
 - C) Көсегесі көгеру.
 - D) Азу тіс.
 - E) Арнайы келу.
12. Буын үндестігін тағы қалай деп атауға болады, табыңыз.
- A) Дыбыс үндестігі
 - B) Сингармонизм
 - C) Орфография
 - D) Орфоэпия
 - E) Ассимиляция
13. Күрделі сын есімді табыңыз.
- A) Суыққа шыдамды.
 - B) Қара шұбар.
 - C) Жусаннан аласа.
 - D) Жүк тиеу.
 - E) Жерден алып, жерге салды.
14. Дара етістікті сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Біз лекцияны тыңдап отырмыз.
 - B) Ербол көркем әдебиетті оқып отыр еді.
 - C) Олар кино көргелі келе жатыр.
 - D) Мен институттан келдім.
 - E) Ол саяхатқа шыққанды қолдап жатыр.

Себеп-салдар үстеулі тіркесті көрсетіңіз.

- A) Дерсу жетті.
- B) Амалсыздан көнді.
- C) Тез келді.
- D) Жорта сөйледі.
- E) Етпетінен жығылды.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаны табыңыз.

- A) Қыс қатты.
- B) Күн ашық.
- C) Татулықта табыс мол.
- D) Екі сегіз он алты.
- E) Жанымызда төртеуі бар.

7. Қаратпа сөзге тән тыныс белгісін қойыңыз.

Тоғжан ятырмай, жақсы айттыңыз-ау.

- A) Сұрақ белгісі.
- B) Нүкте.
- C) Үтір.
- D) Леп белгісі.
- E) Көп нүкте.

8. Төл сөзге тән құрылымды көрсетіңіз.

Серғазы аттанарда: «Аттай түспе, абайла!»-деді.

- A) Автор сөзі, төл сөз, автор сөзі.
- B) Автор сөзі, төл сөз.
- C) Төл сөз, автор сөз, төл сөз.
- D) Төлеу сөз.
- E) Төл сөз, автор сөзі.

19. Сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылған сызықшаны табыңыз.

- A) Жұрт айтты - көне берді.
- B) Аяғы жоқ, - жүреді, аузы жоқ, - сөйлейді.
- C) Қарқаралы деген округтің әміршісі - Құнанбай мен осы Майыр.
- D) Алыс-берісіміз көп, ағайын адамбыз.
- E) Ағаш арасын қаратса - жоқ.

20. Оқушылар сөзінің негізгі түбірін табыңыз.

- A) Оқ.
- B) Оқушылар.
- C) Оқу.
- D) Оқы.
- E) Оқушы.

21. Бірыңғай күрделі сөздер қатарын табыңыз.

- A) Ержан, бүгін.
- B) ГЭС, тіршілік.
- C) Әлдекім, ауыл.
- D) Ойын-күлкі, жүрек.
- E) Туысқаншылық.

22. Сөйлемдегі еліктеуіш сөздер қай топқа жататынын белгілеңіз.
Әйгерім жүрісін кілт доғарып, жалт қарады.
- A) Екеуі де бейнелеуіш еліктеу сөздер.
 - B) Сөйлемде еліктеуіш сөздер кездеспейді.
 - C) Біріншісі бейнелеуіш, екіншісі дыбыстық.
 - D) Біріншісі дыбыстық, екіншісі бейнелеуіш.
 - E) Екеуі де дыбыстық еліктеуіш сөздер.
23. Жаксыз сөйлемді табыңыз.
- A) Абай шығармаларынан үзінді келтірді.
 - B) Ердостың атқа мінгісі келді.
 - C) Асанмен бес жыл бірге оқыдым.
 - D) Мөлдір бұлақ сылдырлайды.
 - E) Қызықты кітап.
24. Шартты бағыныңқы сабақтасты көрсетіңіз.
- A) Жұмыс бізді үш үлкен жамандықтан: зерігуден, аурудан, жокшылықтан күтқарады.
 - B) Жаңа жұмысшыларға техника қауіпсіздігін ұғындырмайынша, шахтаға жіберуге тыйым салған.
 - C) Әңгімені басынан бастау үшін, Саржанмен кездескен күнді есіме түсірдім.
 - D) Білікті адам айтпай-ақ жаныңды ұғар.
 - E) Ержан үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Серік тыста қалды.
25. Коммуникативтік және экспрессивті эстетикалық сөздер - қай қатарға тән, табыңыз.
- A) Тарих.
 - B) Биология.
 - C) Әдеби тіл.
 - D) Математика.
 - E) Табиғаттану.

17-нұсқа

1. Фонетика саласына жататын термин сөзді табыңыз.
 - A) Қысаң.
 - B) Сөз тіркесі.
 - C) Жұрнақ.
 - D) Синоним.
 - E) Мақал-мәтел.
2. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.
 - A) Ә, Е, І.
 - B) О, Ұ, Ү.
 - C) А, Е, Ы.
 - D) Ұ, Ү, Ы.
 - E) Ы, І, Ә.
3. Ортаңғы буында ұяң дауыссыз келген қатарды табыңыз.
 - A) Қажырлы.
 - B) Жартыкеш.
 - C) Бұрынғы.
 - D) Зымыра.
 - E) Аңсарым.
4. Күрделі зат есімді көрсетіңіз.
 - A) Шаруашылық.
 - B) Егемен.
 - C) Ертенгі.
 - D) Қасым Аманжолов.
 - E) Қызыл ала.
5. Жинақтық сан есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.

Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

 - A) Баяндауыш.
 - B) Бастауыш.
 - C) Анықтауыш.
 - D) Пысықтауыш.
 - E) Толықтауыш.
6. Жіктеу есімдігін табыңыз.
 - A) Бәріміз.
 - B) Кімдер.
 - C) Өзім.
 - D) Біз.
 - E) Әрбір.

7. Еліктеуіш сөзді көрсетіңіз.
- A) Турадан-тура.
 - B) Тарс-тұрс.
 - C) Тарпаң.
 - D) Талтаң.
 - E) Ербең-ербең.
8. Бағыныңқы, басыңқы сыңары бар, лексикалық, тұлғалық негізі бар сөздер тобына тән атауды табыңыз.
- A) Сөйлем.
 - B) Сөз тіркесі.
 - C) Екпін.
 - D) Буын.
 - E) Дыбыс.
9. Тіл білімін зерттейтін ғылымды атаңыз.
- A) Филология.
 - B) Жаратылыстану.
 - C) Тарих.
 - D) Археология.
 - E) Философия.
10. Синонимдік қатарды белгілеңіз.
- A) Он, екі, бес.
 - B) Ынтымақ, бірлік, араздық.
 - C) Барлық, барша, түгел, күллі.
 - D) Әдебиет, ұстаз, оқушы.
 - E) Бау-бақша, орман, саябақ.
11. Антонимдік жұпты табыңыз.
- A) Ықшам - көркем.
 - B) Өлі аруақ - тірі жан.
 - C) Қара орман - тіршілік.
 - D) Иманы ұшты - қорықты.
 - E) Сұлу - үріп ауызға салғандай.
12. Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз.
- A) Бүрсігүні.
 - B) Бірсгүні.
 - C) Бүрсүгүні.
 - D) Бүрісігүні.
 - E) Бірсүкүні.
13. Қатыстық сын есімді сөйлемді анықтаңыз.
- A) Жатқан тастың астына су бармайды.
 - B) Көңілсіздеу жұмыс өнбейді.
 - C) Дөніккеннен құныққан жаман.
 - D) Еріншектің ертеңі таусылмас.
 - E) Орманшы отынға жарымайды.

14. Ортақ етісті табыңыз.
- A) Жазысты.
 - B) Құйылды.
 - C) Жуын.
 - D) Барғыз.
 - E) Сөйлет.
15. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулық шылауды табыңыз.
- A) Себебі.
 - B) Және.
 - C) Ғана.
 - D) Үшін.
 - E) Түгіл.
16. Лепті сөйлемді табыңыз.
- A) Жақыныңды жаралама
 - B) Түу, тауда күннің күркіреген қандай қорқынышты
 - C) Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін
 - D) Күн сәулесі шашырап барады
 - E) Не жазып жүрсіз
17. Бастауышты дәлелдеп түсіндіруші мүшені табыңыз.
- Біздер, жастар, ел сенімінен шыға білейік!*
- A) Оңашаланған айқындауыш.
 - B) Одағай.
 - C) Қаратпа сөз.
 - D) Қыстырма сөз.
 - E) Бірыңғай мүше.
18. Қаратпа сөзді табыңыз.
- A) Ей, аққу, сәлем деші жолыққанда.
 - B) Сөйлейді Жамбыл бөріңе.
 - C) Теріскейден сокқан жел әрі суық, әрі күшті.
 - D) Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да.
 - E) Зеренің, Құнанбайдың көрі шешесінің, көк арбасы екен.
19. Сөйлеушінің біреудің айтқан сөзін ешбір өзгертпей беруінің атауын табыңыз.
- A) Төл сөз.
 - B) Автор сөзі.
 - C) Төлеу сөз.
 - D) Қыстырма сөз.
 - E) Қаратпа сөз.
20. Түбірдің негізгі мағынасын өзгертіп, оған жаңа мағына беретін жұрнақтың түрін табыңыз.
- A) Сөз түрлендіруші жұрнақ.
 - B) Сөз тудырушы жұрнақ.
 - C) Тәуелдік жалғау.
 - D) Есімшенің жұрнағы.
 - E) Көсемшенің жұрнағы.

21. Көсемшеден болған қос сөзді табыңыз.
- А) Жүзбе-жүз
 - В) Алпамсадай-алпамсадай
 - С) Барар-бармасымды
 - Д) Сөйлей-сөйлей
 - Е) Салдыр-гүлдір
22. Мезгіл үстеуін белгілеңіз.
- А) Тым.
 - В) Аса.
 - С) Сонша.
 - Д) Енді.
 - Е) Шапшаң.
23. Жай сөйлем түрін анықтаңыз.
- Марат ағай кеңес беріп отырады.*
- А) Атаулы сөйлем.
 - В) Жалаң сөйлем.
 - С) Жайылма сөйлем.
 - Д) Құрмалас сөйлем.
 - Е) Жақсыз сөйлем.
24. Мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлемді табыңыз.
- А) "Бұл бала - менің інім", - деді Ержан.
 - В) Бүгін бірінші сабақ болмайды.
 - С) Данияр Мәскеуден келді.
 - Д) Кеше үйірге жазылмақ болып, оқушылар сарайына бардым.
 - Е) Гүлдерге су құйылмағандықтан, құрғап кетіпті.
25. Үтір қайсысына тән, табыңыз.
- Менің ойымша, бағытымыз дұрыс.*
- А) Қаратпа сөз.
 - В) Қыстырма сөз.
 - С) Төл сөз.
 - Д) Бірыңғай мүше.
 - Е) Одағай.

18-нұсқа

1. Кірме сөзді анықтаңыз.
 - A) Қышқыл.
 - B) Бәтеңке.
 - C) Ғарышкер.
 - D) Желім.
 - E) Алыс.
2. Бірінғай ашық дауыстыларды белгілеңіз.
 - A) А, ө, о, ө.
 - B) Ы, е, і, э.
 - C) Х, т, ф, һ.
 - D) А, ұ, ү, и.
 - E) О, ө, и, у.
3. Сөз басында келмейтін дауыссызды көрсетіңіз.
 - A) Ж.
 - B) Ф.
 - C) Т.
 - D) Ң.
 - E) У.
4. Жалпы есімді табыңыз.
 - A) Майра.
 - B) Құлагер.
 - C) Қарағанды.
 - D) Көл.
 - E) Алматы.
5. Негізгі сын есімді көрсетіңіз.
 - A) Терең.
 - B) Табыскер.
 - C) Ұйқышыл.
 - D) Жазғы.
 - E) Киімшең.
6. Жинақтық сан есімді табыңыз.
 - A) Үш-үштен.
 - B) Жиырма екі.
 - C) Жүз.
 - D) Бесеу.
 - E) Оннан үш.
7. Жіктеу есімдігін көрсетіңіз.
 - A) Сіздер.
 - B) Осы.
 - C) Бір.
 - D) Өзім.
 - E) Сол.

8. Етістікті сөз тіркесін белгілеңіз.
- A) Қаладан қашық.
 - B) Орындалған арман.
 - C) Судан таза.
 - D) Балалармен әңгімелесу.
 - E) Жасыл жайлау.
9. Хабарлы сөйлемді анықтаңыз.
- A) Неге үндемейсіз, әже
 - B) Домбыра, бостандықты жырла
 - C) Білім-адамның қанаты
 - D) Астана
 - E) Қолыңды тарт
10. Көп мағыналы сөзді анықтаңыз.
- Олар ертең жол жүретін болды.*
- A) Олар.
 - B) Ертең.
 - C) Жол.
 - D) Жүретін.
 - E) Болды.
11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
- A) Күллі ғалам.
 - B) Нашар кісі.
 - C) Дауыссыз дыбыс.
 - D) Айызы қану.
 - E) Күн көзі.
12. Буын үндестігіне бағынбай тұрған қосымшалы сөзді көрсетіңіз.
- A) Арбалы.
 - B) Арбакеш.
 - C) Арбада.
 - D) Арбасын.
 - E) Арбаға.
13. Бұйыра, талап, тілек етіле айтылу мағынасын білдіретін рай түрін табыңыз.
- A) Ашық.
 - B) Шартты.
 - C) Бұйрық.
 - D) Жабық.
 - E) Қалау.
14. Сын - қимыл (амал) үстеуі қандай сөз табымен тіркесетінін белгілеңіз.
- A) Етістік.
 - B) Сын есім.
 - C) Шылау.
 - D) Зат есім.
 - E) Есімдік.

15. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Ерінбей еңбек етуге дағдылан.
 - B) Айт, айт, Шөжеке! Уа, төресін өзің айт.
 - C) Бірақ Шымырбайдың қойшы деген аты ғана.
 - D) Асқанға аспан аласа.
 - E) Оның мойнына су құйылып тұр.
16. Жалпылауыш сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) Айран, сүт, қымыз – бәрі де ұлттық тағамдар.
 - B) Жылқы мен түйе сүтінен қатық ұйытылмайды.
 - C) Қатыққа еш нәрсе қоспай ішеді.
 - D) Айран – ұйытылған сүт.
 - E) Айранды пісіп, сары май шайқайды.
17. Ыңғайлас салалас құмаласты табыңыз.
- A) Ол еңбекқор еді.
 - B) Таң атты, мен ояндым.
 - C) Клубта бірде кино болады, бірде концерт болады.
 - D) Ән салынды, бірақ домбыра сазы естілмеді.
 - E) Қалаға мен барамын, не Асан барады.
18. Қаратпа сөзді табыңыз.
- A) Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз?
 - B) Немене, риза емеспісің?
 - C) Амал қанша, осылай болды.
 - D) Алма, алманы өкел.
 - E) Сөйтіп, ол Домалақ ана атанды.
19. Шешендік сөздің Отаны саналатын елді көрсетіңіз.
- A) Египет.
 - B) Ассирия.
 - C) Эллада.
 - D) Үндістан.
 - E) Вавилон.
20. Бірігу арқылы жасалған сөзді көрсетіңіз.
- A) Бүрсігүні.
 - B) Жазғы.
 - C) Оның киімі.
 - D) Қысы-жазы.
 - E) Оқыттыр.
21. Қосымшалы қос сөзді табыңыз.
- A) Бүрк-бүрк.
 - B) Бала-шағаны.
 - C) Ұн-мұн.
 - D) Ұзын-қысқа.
 - E) Мінез-кұлық.

22. Көмекші етістікпен келген еліктеуішті табыңыз.
- A) Алба-жұлба.
 - B) Анда-санда келіп тұр.
 - C) Үйді-үйімізге тараймыз.
 - D) Жалп-жалп етті.
 - E) Кұрт-кұмырсқа көп.
23. Сөйлем түрін анықтаңыз.
Мұндай жұмысқа енді баруға да болады.
- A) Жақсыз.
 - B) Жақты.
 - C) Атаулы.
 - D) Толымды.
 - E) Құрмалас.
24. Төл сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Бөлірік қашайын деп еді, күзен желкесін қырқып алды.
 - B) Токта деймін, тоқташы.
 - C) "Салыстырудың қай-қайсысы да кемшіліксіз болмайды", - дейді неміс мақалы.
 - D) "Қансонарда бүркітші шығады аңға".
 - E) Ей, тентек қарындасым!
25. Тыныс белгісі қойылмаған сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Ырғызбай ішінде әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын.
 - B) Ол тіпті көшелі кісі боп қапты.
 - C) Дегенмен, мен жаңылмаппын.
 - D) Ал ол өзінің келешегіне күлімсірей қарайды.
 - E) Тек не бұйырсаң да, тезінен бұйырғайсың.

19-нұсқа

1. Дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.
 - A) Ы, ұ, о.
 - B) Л, м, н.
 - C) X, ц, һ.
 - D) П, р, ф.
 - E) К, т, с.
2. Қатаңнан басталып, қатаңға аяқталған сөзді табыңыз.
 - A) Қайрат.
 - B) Сақтан.
 - C) Парыз.
 - D) Тамыр.
 - E) Арман.
3. Дыбыстық өзгеріске ұшыраған жалқы есімді табыңыз.
 - A) Жасұлан.
 - B) Әулиеата.
 - C) Бекболат.
 - D) Амангелді.
 - E) Сарыарқа.
4. Салыстырмалы шырайды көрсетіңіз.
 - A) Ауыр жүк.
 - B) Аласарак жер.
 - C) Жап-жарык.
 - D) Аппак қар.
 - E) Өте үлкен.
5. Жіктеу есімдігі қатысқан сөз тіркесін табыңыз.
 - A) Бірнеше кітап.
 - B) Менің кітабым.
 - C) Ағамның кітабы.
 - D) Бес кітап.
 - E) Қалың кітап.
6. Еліктеуіш сөзді көрсетіңіз.
 - A) Сарт-сұрт, арс-арс.
 - B) Қалбаң-қалбаң.
 - C) Арбаң, селк-селк.
 - D) Барды, оқыды, сұртті.
 - E) Барша, тегіс.

7. Септеулік шылау арқылы байланысқан сөздерді анықтаңыз.
- А) Итті құды.
 - В) Кешке таман жетті.
 - С) Алтын тіс.
 - Д) Жылтыраған сәуле.
 - Е) Арқанмен түсті.
8. Сөйлемді табыңыз.
- А) Отыз метр.
 - В) Бала сияқты.
 - С) Әке-шеше қамқорлығы.
 - Д) Түн ортасында ауа райы бұзылды.
 - Е) Үш метрдей қашықтық.
9. Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.
- А) Ата-ананың – ақ тілеуі ақ жол.
 - В) Сұрмерген аң аулап жүрсе – алдынан үш елік қаша жөнелді.
 - С) Бозбаламын – мен де енді.
 - Д) Ата-ананың ақ тілеуі – ақ жол.
 - Е) Білім адамның – қанаты.
10. Омоним сөздер қатысқан сөйлемді белгілеңіз.
- А) Сағынтып жастық дәурен желдей өткен, Жастаулы қалған екен құс жастығым.
 - В) Жалығу, еріну жоқ, жасу да жоқ.
 - С) Болып ед жат та болса туысындай.
 - Д) Көкірегі қайғылы, көзі жасты.
 - Е) Жақсыда жаттық жоқ.
11. Тұрақты сөз тіркесінің басқа атауын белгілеңіз.
- А) Неологизм.
 - В) Фразеологизм.
 - С) Термин.
 - Д) Диалект.
 - Е) Архаизм.
12. Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.
- А) Жанармай.
 - В) Шокжұлдыз.
 - С) Әлдекім.
 - Д) Бестас.
 - Е) Қалжыңбас.

3. Қате жазылған болжалдық сан есімді табыңыз.
- A) 1000-дап.
 - B) 100-деген.
 - C) 10 даған.
 - D) Қырық-слу.
 - E) Сағат 5-терде.
14. Қалау райлы сөзді табыңыз.
- A) Әркім өз ойымен отыр.
 - B) Ғылым таппай мақтанба.
 - C) Келемін тау ішінде түнделетіп.
 - D) Менің қалаға барғым келеді.
 - E) Мен болсам ауылда қалдым.
15. Мөлшер үстеуін табыңыз.
- A) Лажсыздан, өзінше.
 - B) Тіпті, өңкей.
 - C) Соншалық, онша.
 - D) Алды-артында, өрі.
 - E) Емін-еркін, өйтіп-бүйтіп.
16. Күшейткіш демеуліктер қатарын көрсетіңіз.
- A) -ақ, әсіресе, да
 - B) -мыс, -міс, екеш.
 - C) түгіл, тұрсын, тұрмақ.
 - D) -ау, -еу, -мыс
 - E) ғана, тек, -ды
17. Бірінғай мүшелі сөйлемді табыңыз.
- A) Кек, намыс, білім, ақыл көкірек қоймасында дестелеулі.
 - B) Жиренше де Абайға енді жылы амандасты.
 - C) Зере Құнанбайға ұрысып, еріксіз бүгін көшетін етті.
 - D) "Аһ" деп жалын атып отыр.
 - E) Жақсымен жолдас бол, жақсы жүр.
18. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтасты табыңыз.
- A) Әкесі жұмыстан келгенде, Әсел алдынан шықты.
 - B) Жаман есепші жанынан төлейді.
 - C) Екі бүктелген күйі, ішін ұстап қалды.
 - D) Жауын жауса – жер ырысы.
 - E) Жұртқа сездірмегенмен, іштей мүжілгені анық.

19. Публицистикалық стильге қайсысы тән, табыңыз.
- A) Интервью.
 - B) Повесть.
 - C) Скетч.
 - D) Роман.
 - E) Поэма.
20. Барлық сөздері басқа тілден енген сөздерден құралған қатарды белгілеңіз.
- A) Театр, күрке, ханзада.
 - B) Секунд, пиала, төсек.
 - C) Әдебиет, зымыран, жүйе.
 - D) Кірпіш, билет, пальто.
 - E) Иман, үшбұрыш.
21. Түбірі өзгеріске ұшырап біріккен сөздер қатарын табыңыз.
- A) Туынды, Сарыөзек.
 - B) Қонағасы, итбалық.
 - C) Сөйтіп, ендігәрі.
 - D) Жүкаяқ, ата-ана.
 - E) Әлдекім, белбеу.
22. Бір түбірдің әр түрлі қосымшада тұрып қайталануын көрсетіңіз.
- A) Жүзбе-жүз.
 - B) Барар-бармасымды.
 - C) Тау-тау.
 - D) Өз-өзінен.
 - E) Ат-мат.
23. Берілген сөйлем жай сөйлемнің қай түрі екенін көрсетіңіз.
- Ол – еңбек адамы.
- A) Сабақтас.
 - B) Атаулы.
 - C) Салалас.
 - D) Жақты.
 - E) Жақсыз.
24. Қыстырма сөзге тән қатарды белгілеңіз.
- A) Оқшау сөздің бір түрі.
 - B) Толық мағынасы бар сөз.
 - C) Көңіл - күйді білдіреді.
 - D) Біреудің назарын аударушы сөз.
 - E) Өкінуді білдіретін сөздер.

25. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді табыңыз.

- А) – Япыр-ай, мықты екенсіз, ақсақал, деді Байжан.
- В) “Япыр-ай мықты екенсіз ақсақал”: деді Байжан.
- С) – Япыр-ай, мықты екенсіз, ақсақал!- деді Байжан.
- Д) – Япыр-ай, мықты екенсіз, ақсақал:- деді Байжан.
- Е) – Япыр-ай, мықты екенсіз, ақсақал!,- деді Байжан.

20-нұсқа

1. Басқа тілден енген сөздер қалай аталатынын айтыңыз.
 - A) Жаңа сөздер.
 - B) Қос сөздер.
 - C) Кірме сөздер.
 - D) Архаизм.
 - E) Көнерген сөз.
2. Бірыңғай еріндік дауыстылы сөзді ажыратыңыз.
 - A) Әңгіме.
 - B) Жеміс.
 - C) Метр.
 - D) Көну.
 - E) Білімді.
3. Бірыңғай үнді дауыссыз дыбыстарды табыңыз.
 - A) М, н, ң, һ.
 - B) Б, в, й, ж.
 - C) У, л, м, т.
 - D) Р, л, й, у.
 - E) Н, л, г, ғ.
4. Есім сөзден жасалған туынды зат есімді табыңыз.
 - A) Адамдық.
 - B) Басқыш.
 - C) Батпак.
 - D) Күрек.
 - E) Тарамыс.
5. Шығыс септігінде тұрған есімдікті анықтаңыз.
 - A) Ол.
 - B) Одан.
 - C) Оған.
 - D) Онымен.
 - E) Оның.
6. Көңіл-күй одағайын табыңыз.
 - A) Тәйт.
 - B) Арлы-берлі.
 - C) Бәрекедді.
 - D) Пырс.
 - E) Қош-қош.
7. Шылауы бар сөйлемді анықтаңыз.
 - A) Нанды шаш(па).
 - B) Үй айналып жүгір(ме).
 - C) Қолыңды аузыңа сал(ма).
 - D) Сабақ басталды(ма)
 - E) Көкті жүл(ма).

8. Орын тәртібі арқылы байланысқан қабысуды анықтаңыз.
- А) Болашақ қала.
 - В) Одан бұрын келді.
 - С) Ертiс арқылы.
 - Д) Өзен жағасымен.
 - Е) Жыл сайын.
9. Төмендегi өлең жолдарын жазған ақынды табыңыз.
- Сүйемiн туған тiлдi – анам тiлiн,
Бесiкте жатқанымда-ақ берген бiлiм ...*
- А) Ж.Молдағалиев.
 - В) I.Жансүгiров.
 - С) С.Торайғыров.
 - Д) М.Дулатов.
 - Е) А.Байтұрсынов.
10. Ауыспалы мағынаны көрсетiңiз.
- А) Аншылар аңға шықты.
 - В) Аншы адамға ыңғайлы киiм керек.
 - С) Ол өзi аңшы, мерген адам.
 - Д) Өлеңдi қуып жүрген мен бiр аңшы.
 - Е) Түлкi қуған аңшыдай iз кестiм.
11. Антонимдiк қатарды көрсетiңiз.
- А) Жеңiл - ауыр.
 - В) Қаз - жаз.
 - С) Сулы - сусыз.
 - Д) Таулы - таусыз.
 - Е) Ақ - ақшылдау.
12. Қате жазылған сөздi табыңыз.
- А) Күздiкүнi.
 - В) Құттықтау.
 - С) Лайық.
 - Д) Мейiрбандық.
 - Е) Митингiге.
13. Қатыстық сын есiмдi анықтаңыз.
- А) Тәттi.
 - В) Жақсы.
 - С) Шексiз.
 - Д) Кең.
 - Е) Ұзын.

14. Қалау райды табыңыз.
А) –Көне, жол беріңдер!
В) Білімділігіне піріндей сенеді.
С) Бетің былғанса, су тазартады.
D) Менің аралап қайтқым келеді.
E) Ынтыға тұрып ентелейді.
15. Мақсат үстеуді табыңыз.
А) Шапшаң.
В) Былтыр.
С) Бірталай.
D) Қасақана.
E) Алда.
16. Сұраулы сөйлемді табыңыз.
А) Әркімнің бір арманы бар.
В) Театрға барушы ма едің.
С) Сабағыңды оқы.
D) Көзіңді қолыңмен сүртпе.
E) Тапсырманы айт.
17. Жалпылауыш сөз қай сөз табынан, белгілеңіз.
Үйге Әсем, шешем, мен - үшеуіміз кірдік.
А) Сын есім.
В) Жалпылау есімдігі.
С) Жіктеулі есімше.
D) Жіктеулі жинақтық сан есім.
E) Зат есім.
18. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
А) Жалтыр мұзда ешбір салмақ түсірмей, шана өзі сырғанап келе жатқан төрізді.
В) Ұлберген кедей болғанмен, киім-кешектерін таза ұстайды.
С) Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде, Абай шешіле түсті.
D) Әңгімені басынан бастау үшін, Саржанмен кездескен күнді есіме толық түсіріп көрейін.
E) Ол талантты болғанмен, жалқау еді.
19. Күрделі қаратпа сөзге тән тыныс белгісін қойыңыз.
Қаражан ай сенен де мырза бай болар ма екен?
А) Үтір, сызықша
В) Үтір
С) Дефис, үтір
D) Көп нүкте
E) Нүктелі үтір

20. Бірге жазылатын сөздерді көрсетіңіз.
- A) Бас қосу, қол басшы.
 - B) Өнер кәсіп, арам адам.
 - C) Ұлы тау, тіл білімі.
 - D) Күн бағыс, түйе тауық.
 - E) Баян ауыл, жәрдем беру.
21. Қос сөзге байланысты тыныс белгісі қойылмаған жерді көрсетіңіз.
- A) Күн ілгері.
 - B) Бара сала.
 - C) Өзді өзі.
 - D) Кез келген.
 - E) Он бес.
22. Көп нүктенің орнына лайықты еліктеу сөзді көрсетіңіз.
Үйдегі жұрттың бәрі ... боп тысқа қарай шықты.
- A) Жарқ-жүрқ.
 - B) Сатыр-сұтыр.
 - C) Абыр-сабыр.
 - D) Былқ-сылқ.
 - E) Гүрс-гүрс.
23. Баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрін белгілеңіз.
- A) Жақты сөйлем.
 - B) Құрмалас сөйлем.
 - C) Жақсыз сөйлем.
 - D) Толымды сөйлем.
 - E) Салалас құрмалас сөйлем.
24. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
- A) "Бозинген" күйінің шығу тарихын естідің бе?
 - B) Сапар өзінің газетке жазылғанын айтты.
 - C) Сара Жиенқұлдың "асылдығынан" жеңіліп қалды.
 - D) "Білмегенді біле бер," - деді Шәкәрім Құдайбердіұлы.
 - E) Ол ешкімге тіс жармауды өтінді.
25. Қандай тыныс белгісі қойылмағанын көрсетіңіз.
Тұрайыш деп еді тұра алмады.
- A) Үтір, көп нүкте.
 - B) Нүктелі үтір.
 - C) Үтір, сызықша.
 - D) Көп нүкте, үтір.
 - E) Сызықша, қос нүкте.

21-нұсқа

1. Орыс тілінен енген сөздер қатарын табыңыз.
 - A) Адам, әлем, ғалым.
 - B) Жәшік, доға, сот.
 - C) Емтихан, тәрбие, азамат.
 - D) Мұғалім, тарих, әдебиет.
 - E) Қоғам, білім, мектеп.
2. Езулік дауыстыларды көрсетіңіз.
 - A) б, в
 - B) м, н
 - C) о, ө
 - D) е, і
 - E) ү, у
3. Ұяң дауыссыздар қатар тұрған сөзді анықтаңыз.
 - A) Қаздар.
 - B) Жаңбыр.
 - C) Аспан.
 - D) Кітап.
 - E) Наурыз.
4. Негізгі зат есімді көрсетіңіз.
 - A) Дүние.
 - B) Әдептілік.
 - C) Сазгер.
 - D) Қысым.
 - E) Өнім.
5. Заттың өзін де, белгісін де, санын да білдірмейтін, есім сөздер орнына жұмсалатын сөз табын көрсетіңіз.
 - A) Зат есім.
 - B) Есімдік.
 - C) Сан есім.
 - D) Етістік.
 - E) Сын есім.
6. Екі буыннан тұратын бейнелеуіш сөзді табыңыз.
 - A) Ербең.
 - B) Шіңк.
 - C) Лап.
 - D) Сарқ.
 - E) Қалқ.
7. Шылау сөздер қатарын табыңыз.
 - A) Оқы, күл, ойна, жүр.
 - B) Быт-шыт, жарқ-жүрқ, жалт.
 - C) Екі, он, үш, бес.
 - D) Алайда, сайын, арқылы, соң.
 - E) Жаксы, кең, биік, төмен.

8. Шылаулар арқылы байланысқан жауапты табыңыз.
 - A) Сөйткенше Оспан сырттан кіріп келді.
 - B) Естіген жаңалығымыз туралы оңаша отырып ақылдастық.
 - C) Баласына қосылып, ата-ана қуанды.
 - D) Шын батыр сын үстінде танылар.
 - E) Көңілің тартпаған іске қол ұрма.
9. Айтылу мақсатына қарай бөлінетін сөйлем атауын табыңыз.
 - A) Жай сөйлем.
 - B) Жалаң сөйлем.
 - C) Хабарлы сөйлем.
 - D) Жайылма сөйлем.
 - E) Құрмалас сөйлем.
10. Омоним бола алмайтын сөзді белгілеңіз.
 - A) Терезе.
 - B) Орыс.
 - C) Табыс.
 - D) Отау.
 - E) Айт.
11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
 - A) Өскен өркен.
 - B) Бүгінгі хабар.
 - C) Қара аспанды төндіру.
 - D) Түскі ас.
 - E) Қызыл күрең.
12. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді белгілеңіз.
 - A) Синтаксис.
 - B) Роман.
 - C) Вагон.
 - D) Пысықтауыш.
 - E) Проза.
13. Сапалық сын есім қатысып тұрған тіркесті табыңыз.
 - A) Білгеннің пайдасы.
 - B) Малдың шөбі.
 - C) Көк аспан.
 - D) Ақылды адам.
 - E) Он оқушы.
14. Өздік етісті табыңыз.
 - A) Жудырды, оқытты.
 - B) Сөйлесті, тыңдасты.
 - C) Кел, оқыс.
 - D) Жуын, киін.
 - E) Қойылды, сүртілді.

15. Сызықшаның қойылу себебін анықтаңыз.
Бұл – үлкен бақыт.
А) Жіктеу есімдік - зат есім.
В) Есімдік - сын есім.
С) Сілтеу есімдігі - зат есім.
D) Есім - етістік.
E) Зат есім - зат есім.
16. Жалғаулықты себеп-салдар салаласты табыңыз.
А) Бұл жердің дәнін мен сепкендіктен, өзгеңнен гөрі менің жаным қатты ауырады.
В) Жаманшұбарлықтар қыстаудан шықпайды, өйткені жас төлді қорада ұстау керек.
С) Мал өріске қарай шұбатыла жөнелді.
D) Асқар бұл сұраққа жауап таба алмай, ұзақ үнсіз отырды.
E) Талғат есепті шығара алмады және оған қиналмады.
17. Қыстырма сөзді табыңыз.
А) Иә.
В) Ехе.
С) Шынында.
D) Апырау.
E) О, сикыр.
18. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
А) Қоян “батыр” қорыққаннан зыта жөнелді.
В) “Көзімнің қарасы” – махаббат өні.
С) Киноға барайын деп едім.
D) “Қалауын тапса, қар жанады,” – деген мақал – үлкен философия.
E) Өзім де солай деп ойладым.
19. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатын жерді табыңыз.
А) Көңіл кірлесе, сол жаман.
В) Үңгір іші қараңғылана түсті.
С) Сондағы оқитыным Некрасовтың өлеңдері.
D) Даланы өрлей жүрген ақын Абай өнге салды.
E) Ұстазың үйде ұйықтап жатыр.
20. Бірігу арқылы жасалған жұлдыз аттарын табыңыз.
А) Жетіқарақшы, ұлтабар.
В) Ақбозат, Темірқазық.
С) Мырзашөл, қосаяқ.
D) Атауыз, Алакөл.
E) Қаражорға, Есекқырған.

21. Қайталану арқылы есімдер тобынан жасалған күрделі сөзді көрсетіңіз.

- A) Шығанақ сөзі ауыздан-ауызға тарады.
- B) Бір хабар аяқ астынан дүңк ете қалды.
- C) Ұрып-соғумен мәселе шешілмейді.
- D) Төбеден түскен түнек жаудың үрейін ұшырды.
- E) Сен үшін дала бұлбұлы сұлу өнін сайраған.

22. Сан есімнің емле ережесіне сай жазылғанын көрсетіңіз.

- A) XX ғасыр.
- B) XX-ншы ғасыр.
- C) XX-сыншы ғасыр.
- D) XX-шы ғасыр.
- E) XX-ғасыр.

23. Үстеу - сөйлемнің қай мүшесі, анықтаңыз.

Ала жаздай үй салумен болды.

- A) Бастауыш.
- B) Баяндауыш.
- C) Пысықтауыш.
- D) Толықтауыш.
- E) Анықтауыш.

24. Тек тұрлаулы мүшелермен келген сөйлем атауын табыңыз.

- A) Жалаң.
- B) Атаулы.
- C) Жақты.
- D) Толымсыз.
- E) Толымды.

25. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңындағы тарау санын анықтаңыз.

- A) Бес.
- B) Үш.
- C) Алты.
- D) Он.
- E) Төрт.

22-нұсқа

1. Диалект сөзді табыңыз.

Асқаров Мараттың баратын жері алыстұғын.

- A) Асқаров.
- B) Мараттың.
- C) Баратын.
- D) Алыстұғын.
- E) Жері.

2. Бірыңғай еріндік дауыстыдан жасалған сөзді көрсетіңіз.

- A) Дүлдүл.
- B) Бұлғын.
- C) Жүзім.
- D) Бүркіт.
- E) Жәрдем.

3. Дауыссыз дыбысқа жататын қатарды көрсетіңіз.

- A) Қатаң.
- B) Езулік.
- C) Қысаң.
- D) Еріндік.
- E) Жіңішке.

4. Дерексіз зат есімді табыңыз.

- A) Болат Бурабайды бұрын көрмеген.
- B) Екі беті алмадай қызарып кетіпті.
- C) Рәбиға зұлымдық пен зорлықтан қашып келеді.
- D) Топтанып келіп жылқыға да шапты.
- E) Сен бесікте жатқанда, бала болып жыламадың.

5. Күрделі сын есімді табыңыз.

- A) Сарғыштау.
- B) Ауылдарынанбыз.
- C) Ақшыл.
- D) Сүп-сүйкімді.
- E) Күлгін.

6. Жинақтық сан есімді анықтаңыз.
- A) Жеті өлшеп, бір кес.
 - B) Сегіз қырлы, бір сырлы.
 - C) Жасым жүзге жеткенше жаным төтті.
 - D) Соңғы екеуіне ескерту жасалды.
 - E) Қырықтың бірі қыдыр.
7. Септеулі тұрған өздік есімдікті табыңыз.
- A) Үзенгі.
 - B) Жақсылар.
 - C) Өзінен.
 - D) Саудагер.
 - E) Артынан.
8. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысын көрсетіңіз.
- A) Өнегелі өмірі.
 - B) Біздің ауыл.
 - C) Неге көндім.
 - D) Ойсыздарға қосылма.
 - E) Малыңды бақ.
9. Айтылу мақсатына қарай бөлінетін сөйлем атауын табыңыз.
- A) Бұйрықты сөйлем.
 - B) Жай сөйлем.
 - C) Жалаң сөйлем.
 - D) Құрмалас сөйлем.
 - E) Жакты сөйлем.
10. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді табыңыз.
- A) Күнде-күнде мойнына массаж жасатады.
 - B) Бала-шағаға мойын-сойын да тамақ.
 - C) Аққудың мойнындай мойын көз алдынан кетер емес.
 - D) Қолымен істегенді мойнымен көтереді де...
 - E) Компьютер алдында көп отырғандықтан, мойным қарысып қалыпты.
11. Омоним бола алмайтын сөзді табыңыз.
- A) Сасу.
 - B) Қыр.
 - C) Шығыс.
 - D) Көже.
 - E) Тату.

12. Буын үндестігіне сай қосымша сөзге қалай үндесетінін көрсетіңіз.
- А) Буынның жуан-жіңішкелігіне қарай.
 - В) Дауыссыз дыбысқа қарай.
 - С) Тұйық буынға қарай.
 - Д) Тек жіңішке буынға қарай.
 - Е) Тек жуан буынға қарай.
13. II жақта жіктеліп тұрған есімшені табыңыз.
- А) Сен сонда істің мәнін білгенсің.
 - В) Турасын айтпасқа амалы қалмады.
 - С) Ыңылдап ән салып отырған секілді.
 - Д) Шексіз алғысқа бөленген жан еді.
 - Е) Тыңдар құлаққа аталық ақылын айтқан.
14. Сұраулық шылаулы сөйлемді анықтаңыз.
- А) Сен ол туралы сұрама.
 - В) Кешегіні айтып қойғанбысың.
 - С) Оның ашуланбағаны орынды.
 - Д) Ол туралы айтып келген-ді.
 - Е) Балақай-ау, келгенің жақсы болды.
15. Бірыңғай бастауышы бар сөйлемді табыңыз.
- А) Ойнақшып, шапқылап аттар кете барды.
 - В) Ол-агроном, ғалым, ақын, прозаик.
 - С) Қалада тоғыз қабатты, он қабатты үйлер салынууда.
 - Д) Мұнда шай, лимон, мандарин өсіріледі.
 - Е) Жерді екі рет айдап екі рет тырмалайды.
16. Ыңғайлас салалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар қайсы, көрсетіңіз.
- А) Себебі, сондықтан.
 - В) Сонша, сондай.
 - С) Я, яки, не.
 - Д) Да, де, өрі.
 - Е) Бірақ, дегенмен.
17. Бірнеше қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- А) Балалар, аманбысың, шырақтарым.
 - В) Қарағым, бермен кел.
 - С) Сіңілім, айыпқа бұйырма.
 - Д) Ұйықтай ғой, сәулем, ұйықта.
 - Е) Мереке құтты болсын, достар.

18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған көп құрамды төл сөзді табыңыз.
- A) – Мен, енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
 - B) – Мен, енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
 - C) Мен енді сенімен тілмен емес мынаумен сөйлесемін деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
 - D) – Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
 - E) – Мен, енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін – деп, Кулаков қамшысын көрсетті – одан да айт шыныңды.
19. Қандай тыныс белгісі жетпей тұр, белгіленіз.
- Тіл адамның адамдық белгісінің зоры.*
- A) Дефис.
 - B) Үтір.
 - C) Сызықша.
 - D) Қос нүкте.
 - E) Нүктелі үтір.
20. Бірге жазылатын сөздер қатарын көрсетіңіз.
- A) Ат қою, Ақ сүйек.
 - B) Құс жолы, Баян сұлу.
 - C) Сөз жұмбақ, алты бақан.
 - D) Шаң сорғыш, тоң май.
 - E) Жегжат адам, соқыр ішек.
21. Бірге жазылатын қос сөзді көрсетіңіз.
- A) Бессайыс.
 - B) Жолсоқты.
 - C) Биыл.
 - D) Көкпеңбек.
 - E) Әп-әдемі.
22. Үстеудің қызметін табыңыз.
- Ала жаздай не бітірдің, қарағым?*
- A) Пысықтауыш.
 - B) Мезгіл пысықтауыш.
 - C) Мақсат пысықтауыш.
 - D) Толықтауыш.
 - E) Қимыл-сын пысықтауыш.

23. Еліктеуіштер қатарын көрсетіңіз.

- А) Қиқаң-қиқаң, бүгжең-бүгжең.
- В) Қарш-қарш, пыр-пыр.
- С) Бұлтын-бұлтын, ербең-ербең.
- Д) Алба-жұлба, шарт-шарт.
- Е) Сылқ ету, қалт-құлт.

24. Жайылма жасап тұрған сөйлем мүшесін анықтаңыз.

Мен бақытты көрсем деуші едім.

- А) Бастауыш
- В) Анықтауыш
- С) Толықтауыш
- Д) Пысықтауыш
- Е) Баяндауыш

25. Соңғы жылдары шешендік сөздерді жинап, зерттеп, танытуға үлес қосқан ғалымды табыңыз.

- А) А.Байтұрсынов.
- В) С.Сейфуллин.
- С) Б.Адамбаев.
- Д) Ә.Кекілбаев.
- Е) М.Жұмабаев.

23-нұсқа

1. Қазақ тіліндегі терминдердің жасалу жолын анықтаңыз.
 - A) 6.
 - B) 3.
 - C) 2.
 - D) 5.
 - E) 4.
2. Әрі жуан, әрі жіңішке дауыстыға жататын дыбысты белгілеңіз.
 - A) О.
 - B) А.
 - C) У.
 - D) Ы.
 - E) Ә.
3. Дауыссыз дыбысқа жататын қатарды анықтаңыз.
 - A) Езулік дыбыс.
 - B) Қысаң дыбыс.
 - C) Ұяң дыбыс.
 - D) Жуан дыбыс.
 - E) Еріндік дыбыс.
4. Нақтылы тануға болатын зат есімді көрсетіңіз.
 - A) Сызғыш.
 - B) Сезім.
 - C) Сана.
 - D) Рақым.
 - E) Көңіл.
5. Сапалық сын есімді табыңыз.
 - A) Көйлексіз.
 - B) Күзгі.
 - C) Жаксырақ.
 - D) Қалалық.
 - E) Балалық.
6. Сілтеу есімдігінің көптелген түрін көрсетіңіз.
 - A) Бірдей.
 - B) Аңдар.
 - C) Осылар.
 - D) Ойнар.
 - E) Жолдас.
7. Негізгі еліктеуіш сөзді көрсетіңіз.
 - A) Адыраң.
 - B) Бүлкек.
 - C) Бұраңда.
 - D) Тырс.
 - E) Қызараң.

8. Шақыру одағайын белгілеңіз.
- A) Құр-кұр.
 - B) Уһ.
 - C) Пәлі.
 - D) Қап.
 - E) Түү.
9. Сөйлемге қажетті тыныс белгісін қойыңыз.
- Астана арман қала.*
- A) Сыздықша.
 - B) Қос нүкте.
 - C) Тырнақша.
 - D) Жақша.
 - E) Үтір.
10. Синоним емес сөздерді көрсетіңіз.
- A) Бағалы, құнды.
 - B) Сәби, перзент.
 - C) Бақ, бақыт.
 - D) Бал, бала.
 - E) Басқыш, саты.
11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз
- A) Көзайым болу.
 - B) Ақырын сөйлеу.
 - C) Басып озу.
 - D) Қоғамдық меншік.
 - E) Ішкен ас.
12. Дұрыс жазылған сөзді анықтаңыз.
- A) Рингтан.
 - B) Рингқа.
 - C) Рингте.
 - D) Рингты.
 - E) Рингта.
13. Ортақ егіс жұрнағын табыңыз.
- A) -ын, -ін, -н.
 - B) -ыс, -іс, -с.
 - C) -дыр, -дір, -тыр, -тір.
 - D) -ыл, -іл, -л.
 - E) -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз.
14. Мезгіл үстеуі қай сөз табымен тіркесетінін белгілеңіз.
- A) Зат есім.
 - B) Сан есім.
 - C) Сын есім.
 - D) Етістік.
 - E) Есімдік.

15. Септеулік шылауды көрсетіңіз.
А) Уау, қайдасың.
В) Жас екен.
С) Япырау, келдің бе?
D) Үйге қарай бар.
E) Мынау - бала.
16. Интонация арқылы байланысқанда қойылатын тыныс белгісін табыңыз.
А) Сзыықша.
B) Үтір.
C) Нүктелі үтір.
D) Дефис.
E) Қос нүкте.
17. Жалпылауыш сөзі есімдіктен болған сөйлемді көрсетіңіз.
А) Баланың бас ұстазы – ата-анасы.
B) Асқар тау алыстан көрінеді.
C) Мортық, жусан, алабота – бөрі де жақсы өсіпті.
D) Ынтымақты ел – сарқылмас көл.
E) Серік, Берік, Ермек – үшеуі бір сыныпта оқиды.
18. Құрмалас сөйлемді табыңыз.
А) Асқар белгілі мерзімде тұрды.
B) Байжан Самарқанға қарап еді, кескіні ыңғайсыздау екен.
C) Жабай жауап қайтара алмады.
D) Ауылдарыңнан не хабар бар?
E) Ертең күн жылы, бұлтсыз, жауынсыз болады.
19. Іс-қағаздары мәтінінің стилін анықтаңыз.
А) Әңгімелеу.
B) Бейнелеу.
C) Баяндау.
D) Кескіндеу.
E) Суреттеу.
20. Еліктеу сөзден болған қайталама қос сөзді көрсетіңіз.
А) Жарқ-жарқ.
B) Жапа-тармағай.
C) Сұлу жүзді.
D) Ұзынды-қысқалы.
E) Емін-еркін.
21. "Сөйтіп"- қандай сөз екенін көрсетіңіз.
А) Біріккен сөз.
B) Қосарланған сөз.
C) Қайталама сөз.
D) Түбір сөз.
E) Қысқарған сөз.

22. Сөйлем түрін анықтаңыз.

Қылышқ жүнді қыл құйрықты қойдан басқаны Бексұлтан ағайдың білгісі келмейді.

- A) Толымсыз.
- B) Жалаң.
- C) Жакты.
- D) Жаксыз.
- E) Атаулы.

23. Қыстырма сөзді белгілеңіз.

- A) Е, бөрекелді, шыныңды айттың ғой.
- B) Шыныңда, бұл - ойланатын жұмыс.
- C) Еңбек ет, құлыным...
- D) Марат, Қанат барсын.
- E) Ол - ақын.

24. Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолының дұрысын көрсетіңіз.

- Енді кері қайтуға бола ма? – деп сұрады жауынгерлер.

- A) Жауынгерлер қайтуға рұқсат сұрады.
- B) Жауынгерлер кері қайтуға болатынын сұрады.
- C) Жауынгерлер енді кері қайтуға болатын, болмайтынын сұрады.
- D) Жауынгерлер кері қайтатынын айтты.
- E) Жауынгерлер кері қайтуға болмайтынын сұрады.

25. Тыныс белгісінің дұрысын көрсетіңіз.

- A) Бұл кім болды екен әлде деп, ойлай бастады ұста.
- B) “Бұл кім болды екен”, - әлде деп ойлай бастады ұста.
- C) Бұл кім болды екен, әлде - деп ойлай бастады ұста.
- D) “Бұл кім болды екен, әлде ... ” - деп ойлай бастады ұста.
- E) “Бұл кім болды екен, әлде” - деп, ойлай бастады ұста.

24-нұсқа

1. Диалект сөзді табыңыз.
 - A) Делдал, нарық.
 - B) Ашық, мұрат.
 - C) Дулыға, садақ.
 - D) Сым, кепеш.
 - E) Қыз, көз.
2. Дауысты дыбыстардың тіл қатысына қарай бөлінуін көрсетіңіз.
 - A) Жіңішке, ашық.
 - B) Жуан, жіңішке.
 - C) Ашық, қысаң.
 - D) Жуан, ашық.
 - E) Еріндік, езулік.
3. Орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылатын әріпті белгілеңіз.
 - A) Ц.
 - B) Ю.
 - C) Х.
 - D) И.
 - E) Я.
4. Дерексіз зат есімді белгілеңіз.
 - A) Оқушы.
 - B) Ой.
 - C) Бала.
 - D) Ағаш.
 - E) Кітап.
5. Есімдікті табыңыз.
 - A) Қызыл, көк.
 - B) Белсенді.
 - C) Сонау, мына.
 - D) Бәрекелді, пәлі.
 - E) Әрине, мүмкін.
6. Одағай сөздің мағынасын анықтаңыз.

Бүгінгі дос - ертең жау, мен не қылдым, япырмау?!

 - A) Аяу.
 - B) Шаттану.
 - C) Қапалану.
 - D) Қуану.
 - E) Шақыру.
7. Кезектестік қатынасты білдіретін жалғаулықтарды табыңыз.
 - A) Да, де.
 - B) Арқылы, не.
 - C) Бірде, біресе.
 - D) Ақ, сынды.
 - E) Мыс, міс.

8. Есімді сөз тіркесін көрсетіңіз.
- A) Біліміне таңғалды.
 - B) Әнді тыңдады.
 - C) Кеше келді.
 - D) Бесінші сынып.
 - E) Көп ойланды.
9. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алған жылын белгілеңіз.
- A) 1991 ж.
 - B) 1990 ж.
 - C) 1987 ж.
 - D) 1989 ж.
 - E) 1986 ж.
10. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.
- A) Қанды ауыз, ашушаң.
 - B) Ат төбеліндей, азын-аулақ.
 - C) Көкпар тарту, атқа шабу.
 - D) Тұңғыш, орташа.
 - E) Арып-талып, асығып.
11. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
- A) Хат-хабар.
 - B) Аза бойы қаза болу.
 - C) Ішкен ас.
 - D) Қиғаш қас.
 - E) Адамның мінезі.
12. Сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
- A) Әдемі қыз.
 - B) Қаратау маңы.
 - C) Әр адам.
 - D) Текшетас тауы.
 - E) Қай уақыт.
13. Төменгі үй - сын есім түрін белгілеңіз.
- A) Сапалық.
 - B) Күрделі.
 - C) Қатыстық.
 - D) Негізгі.
 - E) Салыстырмалы.
14. -ғай, -гей, -қай, -кей жұрнақтары жіктеліп келіп, қай райды жасайтындығын көрсетіңіз.
- A) Ашық рай.
 - B) Қалау рай.
 - C) Шартты рай.
 - D) Бұйрық және ашық.
 - E) Бұйрық рай.

15. Мөлшер үстеулі тіркесті көрсетіңіз.
- A) Бандылар қасқырша кезіп, елдің үрейін алды.
 - B) Соншалық үлкен.
 - C) Құс жоғары ұшты.
 - D) Амалсыздан көндім.
 - E) Әңгіме әбден қызық болды.
16. Хабарлы сөйлемнің ерекшелігін белгілеңіз.
- A) Іс-әрекеттің белгілі бір шақта жүзеге асатындығын білдіреді.
 - B) Жетек сұрақтар арқылы жасалған сөйлем.
 - C) Ерекше эмоциямен айтылатын сөйлем.
 - D) Көңіл-күйді білдіретін сөйлем.
 - E) Бұйрық не шартты райға –шы, –ші жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөйлем.
17. Күрделі бастауышты табыңыз.
- A) Шабан атқа жер шалғай.
 - B) Ілбіген де ілгерілейді.
 - C) Қолы шебер еді.
 - D) Еңбек еткен - ер атанар.
 - E) Есепсіз есесін жібермейді.
18. Қаратпа сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Ниет болса, бәрі бітеді.
 - B) Сөз жоқ, тәртіпке шақыру керек.
 - C) Қыз өссе, елдің көркі.
 - D) Қызым, саған айтам.
 - E) Меніңше, тауып айтты.
19. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
- A) Осы алаңнан қоныс тауып, біз ошак қаздық.
 - B) «Амангелдіге» келісімен, бұл арман шыңына жетті.
 - C) «Табылған ақыл, Мұқа!»-деп, Жарқын айналасына қарады.
 - D) Күрең ат – Бөжейдің қыс мінетін аты.
 - E) Тәртіп бойынша, мен сіздерге есеп беруге міндеттімін.
20. Жұрнақ жалғанған сөзді көрсетіңіз.
- A) Балаға.
 - B) Татулық.
 - C) Әңгіме.
 - D) Ыдыс-аяқ.
 - E) Ендігәрі.
21. Қысқарған сөзге қосымша қосылғанда қойылатын тыныс белгіні көрсетіңіз.
- БҰҰ(ның) құрамына кіргеніміз – үлкен абырой.*
- A) Үтір.
 - B) Сызықша.
 - C) Көп нүкте.
 - D) Дефис.
 - E) Қос нүкте.

22. Анықтауыш қызметіндегі еліктеу сөзді табыңыз.
- A) Наған шаңк етті.
 - B) Жүрегім зу ете қалды.
 - C) Ырғалып қарға қарқ етті.
 - D) Ол тарс-түрс ете қалған дауысты естіді.
 - E) Түйе шөккенде, Қамқа серейіп, сұлқ түсті.
23. Жақсыз сөйлемді табыңыз.
- A) Өзіңе қарай дос таңда.
 - B) Оған келуге болмайды.
 - C) Ол – әкесінің шаңырағының иесі, мұрагері.
 - D) Әкесі мен шешесін кенже ұлы асырайды.
 - E) Ыстық асты үрleme.
24. Бағыныңқы сөйлем баяндауышының жасалу жолын көрсетіңіз.
Бұл кезде түн ортасы ауып, таң сәрісі таянып қалған еді.
- A) Етіс арқылы
 - B) Есімшелі сөз
 - C) Көсемшелі сөз
 - D) Ортақ етіс
 - E) Туынды етістік
25. Сөйлемде қойылмаған тыныс белгісін табыңыз.
Үйде шешен дауда жоқ.
- A) Үтір, қос нүкте.
 - B) Үтір, сызықша.
 - C) Сызықша.
 - D) Қос нүкте.
 - E) Нүктелі үтір.

25-нұсқа

1. Диалект сөзді табыңыз.
 - A) Құдағай.
 - B) Құдаша.
 - C) Бөле.
 - D) Абысын.
 - E) Нағашы.
2. Қысаң дауыстылардан құралған сөзді көрсетіңіз.
 - A) Жеке.
 - B) Күлкі.
 - C) Бала.
 - D) Керуен.
 - E) Жарық.
3. "Жолсерік" сөзіндегі буын санын анықтаңыз.
 - A) 1.
 - B) 3.
 - C) 5.
 - D) 4.
 - E) 2.
4. «Белбеу» сөзін қай қатарға жатқызамыз, дұрысын көрсетіңіз.
 - A) Біріккен сөз.
 - B) Дара сөз.
 - C) Тіркесті сөз.
 - D) Қысқарған сөз.
 - E) Қос сөз.
5. Көптік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
 - A) Алысар.
 - B) Отырыңыз.
 - C) Жапты.
 - D) Келгендер.
 - E) Келісер.

25-нұсқа

6. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз
- A) Ана, мына.
 - B) Күллі, барша.
 - C) Ата-ана.
 - D) Ақылды, мейірлі.
 - E) Шөре-шөре, кіш-кіш.
7. Бастауыш қай сөз табынан болып тұрғанын көрсетіңіз.
Сыбдыры, тықыры естіледі.
- A) Етістік
 - B) Есімдік
 - C) Зат есім
 - D) Сын есім
 - E) Етіс
8. Есім сөз бен көмекші етістіктен жасалған тіркесті табыңыз.
- A) Ауылдан екен.
 - B) Оқып бара жатыр.
 - C) Есін шығару.
 - D) Кеше жолықты.
 - E) Үй сайын.
9. Төмендегі өлең жолдарының авторын атаңыз.
*Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.*
- A) А.Құнанбаев.
 - B) М.Мақатаев.
 - C) М.Шаханов.
 - D) А.Байтұрсынов.
 - E) Қ.Мырзалиев.
10. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз.
- A) Бет алды сөйлеме.
 - B) Бет жыртысты.
 - C) Бет пердесі ашылды.
 - D) Әйгерімнің беті аппақ.
 - E) Бет моншағы төгілді.

11. Синоним сөздерді көрсетініз.
- А) Өкшелес, тетелес.
 - В) Бұлақ, өзен.
 - С) Сұлу, сыпайы.
 - Д) Әркім, әркез.
 - Е) Арба, машина.
12. Орфоэпиялық заңдылық бойынша жазылған сөзді табыңыз.
- А) Әңгіменді айтып бол.
 - В) Қой қораға қамалды.
 - С) Шопан үйге келді.
 - Д) Қара ғазан, сары бала ғамы үшін қылыш серместік.
 - Е) Өзен жағасы - қалың қамыс.
13. Қатыстық сын есімнің анықтамасын табыңыз.
- А) Заттың сынын білдіретін сын есім.
 - В) Заттың белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есім.
 - С) Негізгі сын есімнің өзінен болып, заттың сынын анықтайтын сын есім.
 - Д) Біркелкі сындардың бірінен екіншісінің өте артық екендігін білдіретін сын есім.
 - Е) Біркелкі сындардың бірінен екіншісінің артық я кемдігін салыстыратын сын есім.
14. Бұйрық райлы етістікті табыңыз.
- А) Алса екен, естігей еді.
 - В) Келсе игі еді.
 - С) Келіндер, келсін.
 - Д) Келермін, бара жатырмын.
 - Е) Барсам, болса.
15. Күрделі үстеуді табыңыз.
- А) Ендігәрі.
 - В) Бұрын.
 - С) Жорта.
 - Д) Төмен.
 - Е) Тез.

16. Атау септігіндегі сөзбен тіркесіп келетін септеулікті көрсетіңіз.

- А) Кейін, бұрын, гөрі.
- В) Қатар, секілді, тарта.
- С) Бірге, дейін, қарай.
- Д) Шамалы, үшін, туралы.
- Е) Шейін, таман, соң.

17. Бұйрықты сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Бұл мәселемен өзгелер айналыссын.

- А) Бұйрық райдың 1-жақ жекеше түрі.
- В) Бұйрық райдың 3-жақ көпше түрі.
- С) Бұйрық райдың 2-жақ жекеше сыпайы түрі.
- Д) Бұйрық райдың 2-жақ көпше сыпайы түрі.
- Е) Бұйрық райдың 2-жақ көпше түрі.

18. Бірыңғай мүшені анықтаңыз.

Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр.

- А) Бастауыш .
- В) Пысықтауыш.
- С) Баяндауыш.
- Д) Толықтауыш.
- Е) Анықтауыш.

19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.

- А) Рас-ау, Абай аға, тағы бір байқағанымды айтайын ба?
- В) Рас-ау, Абай аға - тағы бір байқағанымды айтайын ба?
- С) Рас-ау - Абай аға, тағы бір байқағанымды айтайын ба?
- Д) Рас-ау Абай аға, тағы бір - байқағанымды айтайын ба?
- Е) Рас-ау Абай аға, тағы бір байқағанымды айтайын ба?

20. Қосымша арқылы жасалған сөзді табыңыз.

- А) Техника.
- В) Шекара.
- С) Шеше.
- Д) Шөлейт.
- Е) Акку.

21. Қате жазылған сан есімді анықтаңыз.
- A) 21-том.
 - B) XXI-ғасыр.
 - C) 30-40.
 - D) IX сынып.
 - E) 10-сынып.
22. Толымсыз сөйлемнің ерекшелігін көрсетіңіз.
- A) Ойға қатысты сөйлем мүшесінің бірі түсіріліп айтылады.
 - B) Ойға қатысты сөйлем мүшелері толық қатысады.
 - C) Сөйлем мүшесінің бәрі қатысады.
 - D) Іс- оқиғаның атауы ғана болады.
 - E) Тек тұрлаулы мүшелер қатысады.
23. Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
- A) Сауран шаңғыға әуесқойлардың бірі бола тұра, әлі күнге мұншалықты ұзын алқапта, әсіресе мынау еңістікте сырғанап көрген емес.
 - B) Міне біз де келдік. Кеш те басталды.
 - C) Мен үй жинап жатырмын, өзің келіп кет.
 - D) Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қардың суы секілді тез суалар.
 - E) Бұл уақыттың ішінде ел де өзгеріп кетті, адамдар да өзгерді.
24. Төл сөздің тыныс белгісін анықтаңыз.
- Кеше кешке жолдасы Қарқаралыда әлі екі-үш күн боламыз деген болатын.*
- A) Тырнақша, үтір, сызықша.
 - B) Қос нүкте, сызықша, леп белгісі.
 - C) Қос нүкте, тырнақша, үтір, сызықша.
 - D) Қос нүкте, тырнақша.
 - E) Сызықша, қос нүкте, тырнақша.
25. Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз.
- A) "Тарақ" деген сөздегі та буыны, ашық буын.
 - B) "Тарақ деген сөздегі та" буыны-ашық буын.
 - C) "Тарақ" деген сөздегі "та" буыны-ашық буын.
 - D) "Тарақ" деген сөздегі "та" буыны: ашық буын.
 - E) Тарақ деген сөздегі та буыны-ашық буын.

Дұрыс жауап кілттері
(I бөлім)

| Нұсқа № | Сұрақ № | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|------------|---------|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
| 1 | B | B | C | A | C | D | A | D | C | D | D | C | D | A | D | D | C | B | C | B | C | D | A | A | C |
| 2 | C | C | D | D | A | D | A | A | B | A | C | B | D | C | C | B | C | A | D | C | B | B | B | A | D |
| 3 | D | D | B | D | A | D | B | C | D | C | C | D | C | C | B | C | A | B | B | B | B | B | B | D | D |
| 4 | C | A | A | D | B | A | D | C | D | B | D | A | C | C | D | D | A | C | B | B | D | D | A | A | A |
| 5 | C | D | A | D | A | D | B | A | C | B | D | A | C | D | A | B | A | A | B | C | C | B | C | D | A |
| 6 | B | A | A | D | A | A | A | B | D | D | D | C | A | C | C | C | B | C | A | A | C | D | D | A | C |
| 7 | B | A | B | D | B | A | A | A | D | B | B | D | C | D | B | A | C | C | D | C | B | D | A | B | A |
| 8 | A | C | D | B | C | D | D | A | C | A | B | B | C | A | D | A | A | D | D | A | D | B | C | D | C |
| 9 | D | D | A | A | C | A | A | B | C | A | B | A | C | A | B | A | B | D | B | C | D | C | B | B | B |
| 10 | A | B | A | D | B | B | A | C | C | C | A | D | A | B | D | A | D | A | D | B | A | D | B | C | D |
| 11 | C | C | C | C | C | A | C | B | B | A | C | D | C | C | A | A | C | A | B | A | A | A | C | C | B |
| 12 | D | A | A | C | D | C | B | C | D | D | D | C | C | C | C | B | A | B | A | C | C | D | A | A | D |
| 13 | A | D | D | A | A | B | A | B | A | B | D | C | A | B | A | B | D | D | A | D | C | B | C | B | C |
| 14 | B | C | A | B | B | A | B | A | D | A | D | D | C | A | A | C | A | D | B | C | D | C | B | B | A |
| 15 | D | B | C | B | D | D | C | B | B | B | D | A | C | A | A | D | C | D | A | D | B | A | B | C | D |
| 16 | D | C | C | A | D | C | A | B | D | D | C | B | B | D | B | D | C | A | C | D | A | A | B | B | C |
| 17 | A | A | A | D | B | D | B | B | A | C | B | A | B | A | B | B | A | A | A | B | D | D | B | D | B |
| 18 | B | A | D | D | A | D | A | D | C | C | D | B | C | A | C | A | B | D | C | A | B | D | A | C | A |
| 19 | A | A | D | B | B | A | B | D | D | A | B | D | C | D | C | A | A | C | A | D | C | B | D | A | C |
| 20 | C | D | D | A | B | C | D | A | C | D | A | A | C | D | D | B | D | A | C | D | C | C | C | D | C |
| 21 | B | D | A | A | B | A | D | B | C | A | C | A | C | D | C | B | C | D | C | B | A | A | C | A | C |
| 22 | D | A | A | C | D | D | C | A | A | D | D | A | A | B | D | D | A | D | C | C | D | B | B | C | C |
| 23 | C | C | C | A | C | C | D | A | A | D | A | C | B | D | D | A | C | B | C | A | A | D | B | C | D |
| 24 | D | B | A | B | C | C | C | D | D | B | B | A | C | B | B | A | D | D | C | B | D | D | B | C | B |
| 25 | A | B | B | A | D | B | C | A | A | D | A | D | B | C | A | D | B | C | A | D | B | A | A | C | C |

II бөлім

Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалады

1-нұсқа

1. Сөздің ауыспалы мағынада тұрған қатарын белгілеңіз.

- 1) Темірді ұштау.
- 2) Қайланы ұштау.
- 3) Найзаны ұштау.
- 4) Жігерін ұштау.
- 5) Қарындашын ұштау.
- 6) Таяқты ұштау.
- 7) Шеберлікті ұштау.
- 8) Бұтақты ұштау.

2. Ауыл шаруашылығына байланысты кәсіби сөздерді белгілеңіз.

- 1) Балға, төс, қайрақ
- 2) Қалып, пышақ, тарамыс
- 3) Орақ, шалғы, соқа
- 4) Қоңырау, дәріс, үзіліс
- 5) Кетпен, күрек, айыр
- 6) Ине, жіп, қайшы
- 7) Шеге, балға, кесте
- 8) Жүген, үзеңгі, таға

3. Бірыңғай жуан сөздерден тұрған сөйлемді белгілеңіз.

- 1) Бет көрсе, жүз ұялады.
- 2) Шаруа жазда жазылар, қыста қысылар.
- 3) Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.
- 4) Олар түстен кейін оқитын болды.
- 5) Алыс-жақынды жортқан білер.
- 6) Апам қалада айға жуық тұрды.
- 7) Істеу қиын, сынау оңай.
- 8) Сабақ төрт айға созылды.

4. Кейінді ықпал кездесетін қатарды белгілеңіз.

- 1) Қырық екінші жыл.
- 2) Күннің сәулесі.
- 3) Жасанды жер серігі.
- 4) Жылқы мінезді.
- 5) Бау бақша түрлері.
- 6) Өнертапқыштар үйірмесі.

1-нұсқа

- 8) Өндіріс салалары.
- 9) Ата кәсіпті құрметтеу.

5. Қосарлама қос сөз қатысқан сөйлемді табыңыз.

- 1) Алыс-жақынды жортқан білер.
- 2) Ол тарс-тұрс дыбыстан оянып кетті.
- 3) Қып-қызыл мына алманы-ай!
- 4) Орынды-орынсыз күле берме.
- 5) Бірте-бірте жауын басылды.
- 6) Бүгінгі тойға үлкен-кіші түгел жиналды.
- 7) Оқу-тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған.
- 8) Сөйлей-сөйлей шешен боласын.

6. Барыс септігінде тұрған зат есімді табыңыз

- 1) Баруға, жүруге.
- 2) Ағашқа, көшеге.
- 3) Күлуге, оқуға.
- 4) Отырғанға, жатқанға.
- 5) Ішуге, тұруға.
- 6) Қызылға, көкке.
- 7) Үлкенге, кішіге.
- 8) Беске, тоғызға.

7. Сапалық сын есім қатысқан тіркесті белгілеңіз.

- 1) Шексіз дала.
- 2) Өнерлі жігіт.
- 3) Жарық бөлме.
- 4) Күзгі мезгіл.
- 5) Иманды жүрек.
- 6) Ақшыл мата.
- 7) Егінді алқап.
- 8) Жігерлі жастар.

8. Есептік сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз.

- 1) Ол кешкі алтыларда келді.
- 2) Ер қаруы – бес қару.
- 3) Құлақ екеу, ауыз біреу.
- 4) Екі-екіден бөлініп кетті.
- 5) Алмасының жартысын інісіне берді.
- 6) Бірінші парызың – ағанды сыйлау.
- 7) Ол биыл жетінші сыныпқа көшті.
- 8) Жарысқа елуге тарта оқушы жиналды.

9. Жалпылау есімдігін табыңыз

- 1) Әркім, біреу.

- 2) Саған, маған.
- 3) Бәрі, барлығы.
- 4) Кейбіреу, ешкім.
- 5) Өзім, өзіне.
- 6) Бүкіл, күллі.
- 7) Түгел, тегіс.
- 8) Сол, солай.

10. Өзгелік етіс жұрнағы жалғанған қатарды табыңыз.

- 1) Шегеленді.
- 2) Берілді.
- 3) Жазысты.
- 4) Сөйлет.
- 5) Сендір.
- 6) Жуынды.
- 7) Айтқыз.
- 8) Жасалды.

11. Күшейткіш үстеу қатысқан сөйлемді табыңыз

- 1) Аңшылар ауылдан әбден ұзап шықты.
- 2) Олар таң ата көл жағасына жетті.
- 3) Биыл егін бітік шықты.
- 4) Ала жаздай жаңбыр жаумады.
- 5) Біз күткен поезд түн ортасы ауа келді.
- 6) Ол бүгінгі жиында керемет сөйледі.
- 7) Ұзақ жүрістен жолаушылар шаршады.
- 8) Талас өзені онша терең емес.

12. Жалғаулық шылаулар қатарын табыңыз.

- 1) Бұрын, кейін.
- 2) Арқылы, туралы.
- 3) Себебі, өйткені.
- 4) Ма, ме, па, пе.
- 5) Дейін, шейін.
- 6) Болмаса, кейде.
- 7) Ғана, ғой.
- 8) Дегенмен, алайда.

13. Қабыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.

- 1) Баланың күлкісі.
- 2) Дәрігерге барды.
- 3) Он екі дәптер.
- 4) Күннің сәулесі.
- 5) Ағасына берді.
- 6) Кеше келді.

1-нұсқа

- 7) Асқар оқыды.
- 8) Елін қорғады.

14. Бұйрықты сөйлемді табыңыз.

- 1) Жақсы адам - ел ырысы.
- 2) Көшеде дабырлап сөйлеме.
- 3) Шығыстан жұмсақ жел есеп тұр.
- 4) Жұрт назары қараторғайға ауды.
- 5) Тапсырған жұмысты уақытында орындау керек.
- 6) Ауылға кәрі-жас түгел жиналды.
- 7) Үлкеннің алдын кеспе, жол бер.
- 8) Ол шындыққа көзін жеткізді.

15. Тура толықтауыш қатысқан сөйлемді табыңыз.

- 1) Ақыл жастан, асыл тастан шығады.
- 2) Ол Асқардың жүзіне сүйсіне қарады.
- 3) Малшылар Асан мен Үсенді ауылға алып келді.
- 4) Түн салқын, ай жарық.
- 5) Қойлар ұйлығып, жаппай маңырай берді.
- 6) Бір мезгілде қойлар дүр ете қалды.
- 7) Тілден қасиетті ештеңе жоқ.
- 8) Алғашқы көлік құралы - өгіз арбалар.

16. Атаулы сөйлемді табыңыз.

- 1) Астана- әсем қала.
- 2) Ай жарық.
- 3) Қар жауды.
- 4) Қоңыр кеш.
- 5) Кең дала.
- 6) Өзен тасыды.
- 7) Табиғат өзгерді.
- 8) Ашық аспан.

17. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың сұрақтарын табыңыз.

- 1) Қайтсе де?
- 2) Неліктен?
- 3) Кім үшін?
- 4) Не жөнінде?
- 5) Кім туралы?
- 6) Не етсе де?
- 7) Не себепті?
- 8) Қашан?

18. Төлеу сөзді сөйлемді көрсетіңіз.

- 1) Мұғалім оқушы сұрағына толық жауап берді.

- 2) Мұғалімнің жауабын бар ынтамен тындады.
- 3) Түсінбей жүрген сұрақтарының көп екендігін айтты.
- 4) Бүгінгі әдебиет туралы көп айтылды.
- 5) Биылғы қыс ұзаққа созылатын сияқты.
- 6) Таң ата ызғарлы жел өршелене түсті.
- 7) Оның елге қайтқысы келмей көп ойланды.
- 8) Жан қиналмай жұмыс бітпейді, мен оны түсінемін.

19. *«Өзім ұшырған қыраныма, Нұрланыма, мен де сеніп жүрмін»?*

Үтірдің қойылу себебін табыңыз.

- 1) Оқшау сөз.
- 2) Бірыңғай сөз.
- 3) Қосарлы айқындауыш.
- 4) Құрмалас сөйлем.
- 5) Оңашаланған айқындауыш.
- 6) Қаратпа сөз.
- 7) Қыстырма сөз.
- 8) Салалас сөйлем.

20. Жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздар түрлерін табыңыз.

- 1) Келісім шарт.
- 2) Ресми хаттар.
- 3) Анықтама.
- 4) Өтініш.
- 5) Бұйрық.
- 6) Арыз.
- 7) Кепілдеме.
- 8) Хаттама.

2-нұсқа

1. «Келбет» сөзіне синоним болатын сөздерді белгілеңіз

- 1) Бет.
- 2) Ажар.
- 3) Базар.
- 4) Тазар.
- 5) Түр.
- 6) Сүр.
- 7) Жүр.
- 8) Бүр.

2. Архаизм сөздерді белгілеңіз

- 1) Той.
- 2) Торқа.
- 3) Халық.
- 4) Барымта.
- 5) Шидем.
- 6) Үй.
- 7) Киім-кешек.
- 8) Әдет-ғұрып.

3. Тек қазақ тіліне тән дауыстылар қатарын көрсетіңіз

- 1) а, ә, һ, у
- 2) о, ө, ң, қ
- 3) е, э, ғ, и
- 4) ы, і, қ, ө
- 5) ә, ө, ұ, ү, і
- 6) э, і, ұ, ғ, ң
- 7) а, е, һ, ғ
- 8) у, а

4. Буын түрлерін табыңыз

- 1) Ашық.
- 2) Жабық.
- 3) Тұйық.
- 4) Сұйық.
- 5) Бұйығы.
- 6) Бітеу.
- 7) Тұтас.
- 8) Жарты.

5. Буын үндестігіне бағына жазылған қатарды анықтаңыз.

- 1) Батыр.
- 2) Азамат.

- 3) Халықтікі.
- 4) Депутат.
- 5) Қажет.
- 6) Мұғалім.
- 7) Оқушымен.
- 8) Өнерпаз.

6. Дыбыстық өзгеріске түскен біріккен сөзді анықтаңыз

- 1) Баспасөз.
- 2) Әлденеше.
- 3) Ендігәрі.
- 4) Ақтөбе.
- 5) Талдықорған.
- 6) Сөйтіп.
- 7) Әулиеата.
- 8) Ашудас.

7. Тәуелдік жалғауында тұрып, негізгі зат есіммен тіркесіп қолданылатын қатарды анықтаңыз.

- 1) Көмекші етістік.
- 2) Дербес сөз.
- 3) Дәнекер сөз.
- 4) Көмекші есім.
- 5) Негізгі есім.
- 6) Атауыш сөз.
- 7) Туынды есім.
- 8) Көмекші сөз.

8. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз

- 1) Үлкенірек.
- 2) Қадірлі.
- 3) Тамаша.
- 4) Жақсы.
- 5) Кішілеу.
- 6) Аяулы.
- 7) Ұзын.
- 8) Жақынырақ.

9. Дефис қойылмайтын қатарды көрсетіңіз.

- 1) Ол 8 сыныпта оқиды.
- 2) 2007 жыл жақсы өтті.
- 3) Мен 19 пәтерде тұрамын.
- 4) Жиналыс 11 қарашада болады.
- 6) Аман 75 автобуспен келеді.

- 7) Досым 5 қабатта тұрады.
- 8) Әлия 9 мектепке ауысты.

10. Сілтеу есімдігінің тәуелденген түрін белгілеңіз

- 1) Мынауымыз.
- 2) Мынау.
- 3) Мынадай.
- 4) Мынаны.
- 5) Мынаған.
- 6) Мыналарың.
- 7) Мынамен.
- 8) Мыналарға.

11. Дара етістікті көрсетіңіз.

- 1) Жігіттен жұмсаған күшін сұрама, істеген ісін сұра.
- 2) Суын ішкен құдыққа түкірме.
- 3) Сыпайы тоңбайды, қалтырайды.
- 4) Ерінген екі істейді екен.
- 5) Сыпайы сызып айтатын болды.
- 6) Шешен мінбеде сөйлеп тұр.
- 7) Айман қорқып кетті.
- 8) Қоян қорқып қаша жөнелді.

12. Күшейткіш үстеуді табыңыз.

- 1) Жорта.
- 2) Кілен.
- 3) Біркыдыру.
- 4) Бірте-бірте.
- 5) Әрмен.
- 6) Былтыр.
- 7) Бағана.
- 8) Неғұрлым.

13. Септеулік шылауды көрсетіңіз.

- 1) қатар, қабат, бірге.
- 2) сондықтан, сол себепті.
- 3) сайын, сияқты, туралы.
- 4) бірақ, дегенмен.
- 5) қарай, таман, жуық.
- 6) алайда, неге десеңіз.
- 7) сонда да, әйтсе де.
- 8) мынау, сол соншалық.

14. Матасуды көрсетіңіз.

- 1) Өзімізге тартқан.

- 2) Өзімізді түсінетін.
- 3) Ауылдық жер.
- 4) Ауыл малы.
- 5) Ауылды көркейту.
- 6) Базарбай мен Төлеген.
- 7) Базарбайдың Төлегені.
- 8) Жырдан алынды.

15. Лепті сөйлемнің жасалу жолын белгілеңіз

- 1) –ақ, -ау, -ай, ғой шылаулары арқылы.
- 2) Септеулік шылаулар арқылы.
- 3) Үстеу сөздер арқылы.
- 4) Көңіл-күй одағайлары арқылы.
- 5) Жалғаулық шылаулар арқылы.
- 6) Атаулы сөйлем лепті болады.
- 7) Жалғаулар арқылы жасалады.
- 8) Хабарлы сөйлем лепті болады.

16. Толымды сөйлемді көрсетіңіз.

- 1) Шашубай.
- 2) Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкелді
- 3) – Тобықты бола ма?
- 4) – Әрине.
- 5) – Керей, уақ бола ма?
- 6) – Жок.
- 7) – Кімді ұйғарар екен?
- 8) – Кім біледі?!

17. Түсіндірмелі салаласты табыңыз

- 1) Ұлбосын жауап беруден, сөйлесуден тартынбайды, - неге екені белгісіз, қаймығады.
- 2) Оларда пасықтық бар, - адамдық жоқ.
- 3) Қараңғы жауыздық бар, - жарқын жүз жоқ.
- 4) Тұманның қалыңдығы сонша – түк те көрінбейді.
- 5) Баршагүл сәлем беріп еді, - ол қырын қарап кетті.
- 6) Оның қорыққандығы сондай – не айтып, не қойғанын білген жоқ.
- 7) Жақсыда кек жоқ, жаманда тек жоқ.
- 8) Сыыр мүйізді өгізде күш болмайды, өгіз мүйізді сиырда сүт болмайды.

18. Төл сөзге дұрыс қойылған тыныс белгіні табыңыз.

- 1) Абай былай деді: Баланың жақсысы қызық, жаманы – күйік.
- 2) Абай былай деді: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.
- 3) Абай былай деді: Баланың жақсысы – қызық, жаманы күйік.
- 4) Абай былай деді: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік»
- 5) Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік». - деді Абай.

- 6) Баланың жақсысы қызық, жаманы күйік» - деді Абай.
- 7) «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік - деді Абай.
- 8) Баланың жақсысы – қызық - жаманы – күйік, - деді Абай.

19. Жақшаға алынатын қатарды табыңыз

- 1) Мағынасы әр түрлі сөздер.
- 2) Төл сөз ретінде алынған сөйлемдер.
- 3) Қыстырма мәнді сөз, сөз тіркесі не сөйлем.
- 4) Баспасөз атаулары.
- 5) Драмалық шығармаларда кейіпкердің жүріс-тұрысын көрсететін сөздер.
- 6) Ұйым аттары.
- 7) Үзіндінің қай шығармадан алынғанын, авторын көрсететін түсініктер.
- 8) Объекті етіп алынған сөздер.

20. Пікірталастың түрін анықтаңыз

- 1) Хикаят.
- 2) Монолог.
- 3) Роман.
- 4) Проза.
- 5) Ертегі.
- 6) Аңыз.
- 7) Әңгіме.
- 8) Айтыс.

3-нұсқа

1. Омоним бола алмайтын қатарды белгілеңіз.

- 1) Бөле, күл.
- 2) Айт, жар.
- 3) Жұр, отыр.
- 4) Тіл, шаш.
- 5) Көз, құлак.
- 6) Уәде, сезім.
- 7) Мал, қара.
- 8) Түс, жаз.

2. Диалект сөздер қатарын табыңыз.

- 1) Атқамінер, адырна.
- 2) Ханзада, сұлтан.
- 3) Тұқым, шаппа.
- 4) Отбасы, жанұя.
- 5) Саяжай, кеден.
- 6) Лашық, күпі.
- 7) Шәугім, қоңсы.
- 8) Сәукеле, кебеже.

3. Бірыңғай ашық дауыстылардан тұрған сөйлемді табыңыз.

- 1) Көз қорқақ, қол батыр.
- 2) Бет көрсе, жүз ұялады.
- 3) Әкең - асыл қазынаң.
- 4) Ата - асқар тау.
- 5) Адам досымен мықты.
- 6) Досы көппен сыйлас.
- 7) Досы жоқпен сырлас.
- 8) Ғылым өлшеуі - ақыл.

4. Ашық буынды сөзі бар тіркесті табыңыз.

- 1) Кең дастархан.
- 2) Білімді адам.
- 3) Көк көйлек.
- 4) Он бес.
- 5) Әдепті бала.
- 6) Мол астық.
- 7) Ыстық күн.
- 8) Тұңғыш ғарышкер.

5. Бірыңғай түбір сөздер қатарын табыңыз.

- 1) Орман, әңгіме.
- 2) Кеңші, кеңшілік.

- 3) Қала, қалашық.
- 4) Терезе, үйшік.
- 5) Дәптер, қызыл.
- 6) Балажан, кіші.
- 7) Егін, жасылтым.
- 8) Шәкірт, даналық.

6. Жалқы есім қатысқан сөйлемді белгілеңіз.

- 1) Әңгімені ұйып тыңдады.
- 2) Жел күшейе түсті.
- 3) Елу- ердің жасы.
- 4) Нұрай домбырада ойнайды.
- 5) Шахмат үйірмесі ашылды.
- 6) Ер қаруы- бес қару.
- 7) Арал теңізі тола бастады.
- 8) Өнерлі бала сүйкімді.

7. Салыстырмалы шырай қатарын белгілеңіз.

- 1) Бозғылт, күреңдеу.
- 2) Тым үлкен, биік.
- 3) Біп-биік, аласа.
- 4) Нағыз жүйрік.
- 5) Тамаша, аппак.
- 6) Әдемі табиғат.
- 7) Өте тиянақты.
- 8) Мөп-мөлдір.

8. Тура толықтауышы сан есімнен болған сөйлемді табыңыз.

- 1) Бестің басы болғанша, алтының аяғы бол.
- 2) Домбырада он бір перне болады.
- 3) Оның жасы сол кезде қырықтарды алқымдаған еді.
- 4) Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.
- 5) Гектарынан он бес центнер бидай орылды.
- 6) Кедейлер екі-үш қап балық қақтап алды.
- 7) Бекболаттың төңірегіне отыз шамалы үй ағайындары жиналды.
- 8) Біз екі-екіден бөліндік.

9. Септеліп тұрған жіктеу есімдігін табыңыз.

- 1) Баршаның.
- 2) Ешкімге.
- 3) Бізбен.
- 4) Мені.
- 5) Өзіме.
- 6) Бәріңе.

7) Олардан.

8) Соған.

10. Тұйық етістік қатысқан сөйлемді белгілеңіз.

1) Отанды сүю от басынан басталады.

2) Тіл мен ойлау – еңбектің жемісі.

3) Ұлжан құдасының аулына келді.

4) Жаңбыр жауып тұр.

5) Аңдар тауды, орманды мекендейді.

6) Ол түс ауғанша ауылда болды.

7) Құлазып жатқан меніреу дала.

8) Асқар қуанышын жасыра алмады.

11. Үстеу қатысқан тіркесті табыңыз.

1) Он екі жолаушы.

2) Қызыл ала мата.

3) Емін-еркін жүрді.

4) Арал теңізі тасыды.

5) Жер жүзін аралады.

6) Қоңыр ала тай.

7) Ала жаздай қыдырды.

8) Әрең-әрең қозғалады.

12. Демеулік шылауы бар сөйлемді белгілеңіз.

1) Анасы мен көкесі ауылдан келді.

2) Сендер қашан жүрмексіңдер?

3) Егіннің түсімі жыл сайын артып келеді.

4) Мен Астанаға жазда ғана бара аламын.

5) Тас үй салқын да ыңғайлы.

6) Түскі астан соң қонақтар жинала бастады.

7) Айгүл анасы туралы көп ойланатын.

8) Ол досымен бірге үйірмеге жазылды.

13. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысын табыңыз.

1) Күннің жылуы.

2) Қиялға шомды.

3) Ғылыми жұмыс.

4) Гүл отырғызды.

5) Шығарма жазды.

6) Биік талап.

7) Жарқын болашақ.

8) Жаңалықты игеру.

14. Бастауышы жасырын тұрған сөйлемді табыңыз.

1) Әлсіз ат - сүріншек.

- 2) Ақылсыз адам - еріншек.
- 3) Өнерді үйрен де жирен.
- 4) Жалқаудың жаны тәтті.
- 5) Құстар – біздің досымыз.
- 6) Еңбектің наны тәтті.
- 7) Таң сарғайып келеді.
- 8) Көшеде дабырлап сөйлеме.

15. Хабарлы сөйлемді табыңыз.

- 1) Біз ағаш отырғыздық
- 2) Қазақ тілі оқулығы
- 3) Тасы өрге домалады
- 4) Он жеті оқушы
- 5) Қызыл ала көйлек
- 6) Тонның ішкі бауындай
- 7) Ауқатты жанұя
- 8) Төбе шашы тік тұру

16. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

- 1) Оқыған бала озар.
- 2) Қаладан оқығысы келеді.
- 3) Аяжан үн қаптады.
- 4) Еңбек ширатады.
- 5) Өтірік айтуға болмайды.
- 6) Тілді жылдам үйренгісі келеді.
- 7) Самал жел соғып тұр.
- 8) Бүгін сабақта Асқар жоқ.

17. Тек жалғаулықтар арқылы жасалатын салаластың түрін белгілеңіз.

- 1) Ыңғайлас.
- 2) Қарсылықты.
- 3) Талғаулы.
- 4) Себеп- салдар.
- 5) Мақсат.
- 6) Кезектес.
- 7) Шартты.
- 8) Мезгіл.

18. Одағай сөз қатысқан сөйлемді табыңыз.

- 1) Шынымды айтсам, өзің бір қызық адам екенсің.
- 2) Бәрекедді, қызылша біркелкі жақсы шығыпты!
- 3) Әрине, оқуымды жалғастыруға тырысамын.
- 4) Жаңылмасам, сіз осы зауыттың директоры боларсыз?
- 5) Жұмаш, бері келші, қалқам!
- 6) Осының бәрін, әрине, жалғыз істей алмайсың.

- 7) Күнім –ау, не істегелі жүр едің?
- 8) Қап, барлық еңбектері далаға кетеді-ау!

19. Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

- 1) Дұрыс сөйлеу- дұрыс жазу- дұрыс тыңдау керек.
- 2) Отанды қорғау әр адамзаттың- міндеті.
- 3) Аяжанның ендігі бар арманы- дәрігер болу.
- 4) Санат, Қанат, Қайрат үшеуі – жарысқа жүріп кетті.
- 5) Алматы- Астана еліміздің ірі қалалары.
- 6) Оның шаршағаны – сонша тамаққа да зауқы соқпады.
- 7) Мен - айтыскер ақындармен кездесу ұйымдастырдым.
- 8) Жақсы сөз, жарым ырыс.

20. «Шешен сөз» ұғымын термин ретінде алғаш қолданушы, шешендікті тұңғыш рет ғылым түрінде зерттеуші ғалымды табыңыз.

- 1) С.Сейфуллин.
- 2) Ә.Бөкейханов.
- 3) Ш.Құдайбердіұлы.
- 4) Б.Адамбаев.
- 5) А.Байтұрсынұлы.
- 6) Р.Сыздықова.
- 7) С.Негимов.
- 8) М.Әуезов.

4-нұсқа

1. Көп мағыналы сөздер қатарын анықтаңыз

- 1) Бейтарап сөздер.
- 2) Қос сөздер.
- 3) Біріккен сөздер.
- 4) Қарама-қарсы мағыналы сөздер.
- 5) Қысқарған сөздер.
- 6) Бір сөз табына қатысты сөздер.
- 7) Мағынасыз сөздер.
- 8) Мағынасы бірдей, айтылуы әр түрлі сөздер.

2. Жаңа сөздерді көрсетіңіз

- 1) Жолсерік.
- 2) Ана тілі.
- 3) Бау-бақша.
- 4) Жеделхат.
- 5) Бұлар.
- 6) Теңіз.
- 7) Қолдану.
- 8) Жыл.

3. Жуан дауыстыларды көрсетіңіз

- 1) а - ә
- 2) е - э
- 3) ұ - ү
- 4) ы - ү
- 5) і - ы
- 6) а - о
- 7) і - и
- 8) ә, ү, е

4. Тек буын талғайтын қатарды көрсетіңіз

- 1) а, ә, е, э, и
- 2) ы, і, у, ө, о
- 3) и, у, ұ, ү, ы
- 4) о, ө, ұ, ү, ә
- 5) а, ә, о, ө, і
- 6) ы, і, и, у, ү
- 7) э, е, и, у, ү
- 8) ұ, ү, у, и, і

5. Дұрыс жазылған сөзді табыңыз

- 1) педагогтар.

- 2) педагогі.
- 3) педагогқа.
- 4) педагогке.
- 5) педагогтан.
- 6) педагогтік.
- 7) педагогтың.
- 8) педагогты.

6. Күрделі атаулардың қысқартылу жолын анықтаңыз.

- 1) 1.
- 2) 2.
- 3) 3.
- 4) 4.
- 5) 5.
- 6) 6.
- 7) 7.
- 8) 8.

7. Септік жалғауды анықтаңыз.

- 1) Батыс.
- 2) Барыс.
- 3) Бұрыс.
- 4) Табыс.
- 5) Шабыс.
- 6) Жатыс.
- 7) Шатыс.
- 8) Қатыс.

8. Сын есімнің түрленуін белгілеңіз.

- 1) Шырай формасына енуі
- 2) Етіс жұрнақтарын қабылдауы
- 3) Көсемшенің жұрнақтарын қабылдауы
- 4) Есімшенің жұрнақтарын қабылдауы
- 5) Шақтық формаға енуі
- 6) Заттың атын білдіруі
- 7) Заттың санын білдіруі
- 8) Қимылды білдіруі

9. Бөлшектік сан есімді табыңыз

- 1) Үш ширек.
- 2) Үшке қарай.
- 3) Үшеуімен бірге.
- 4) Үштен екісі.
- 5) Үш жарым.
- 6) Үшеуден.

7) Үштен кейін.

8) Үштерде.

10. Тәуелдік жалғаулы есімдікті белгілеңіз

1) Кімге?

2) Кімсің?

3) Нешеуім?

4) Кімдер?

5) Кімі?

6) Нешеге?

7) Нешелерде?

8) Нешеумін?

11. Етістіктен сын есім тудырушы жұрнақты көрсетіңіз

1) –ған, –ген

2) –лық, –лік

3) –қан, –кен

4) –аған, –еген

5) –лы, –лі

6) –ғы, –гі

7) –шыл, –шіл

8) –дай, –дей

12. Үстеуді көрсетіңіз.

1) Бірік.

2) Тыныштал.

3) Шегеле.

4) Кешірек.

5) Білдір.

6) Жылдамдау.

7) Арзанырақ.

8) Қымбаттау.

13. Себеп-салдар мәнді жалғаулықты көрсетіңіз.

1) сондықтан

2) өйткені

3) я, яки

4) е, немесе

5) кейде

6) және

7) әрі

8) менен

14. Жалғау арқылы байланысқан тіркесті көрсетіңіз.

1) Дәркембай-жанашыр.

- 2) Дәркембай туралы жазған.
- 3) Дәркембайдан сұрасаң етті.
- 4) Кейіпкер Дәркембай туралы.
- 5) Сен сұрасаң етті.
- 6) Мына Дәркембай.
- 7) Сұрасаң етті.
- 8) Сүйіндік те, Дәркембай да болды.

15. Сөйлемнің айтылу мақсаты мен сазына қарай түрін көрсетіңіз.

- 1) Төл сөз.
- 2) Хабарлы, сұраулы.
- 3) Қаратпа.
- 4) Лепті.
- 5) Қыстырма.
- 6) Бұйрықты.
- 7) Оқшау.
- 8) Одағай.

16. Жақты сөйлемді анықтаңыз.

- 1) Толықтауыштан ғана тұрады.
- 2) Бастауышы бар сөйлем.
- 3) Тұрлаулы мүшенің қатысы жоқ.
- 4) Тұрлаусыз мүше ғана қатысады.
- 5) Анықтауыш пен пысықтауыштан болады.
- 6) Баяндауышы арқылы бастауышты табуға болады.
- 7) Ойға қатысты сөйлем мүшесі толық емес.
- 8) Құбылыстың атын ғана атайды.

17. Талғаулы салаласқа тән жалғаулықтарды көрсетіңіз.

- 1) әйтпесе, әлде
- 2) біресе, және, сондықтан
- 3) не, немесе, болмаса
- 4) бірде, әрі, алайда
- 5) бірақ, дегенмен, да, де
- 6) я, яки, я болмаса
- 7) себебі, неге десеңіз
- 8) кейде, сол себепті

18. Қаратпа сөзді көрсетіңіз.

- 1) Иә, айтары жоқ, өте сүйкімді балалар.
- 2) Білем, е, білем!
- 3) - Әже, Ырысбектікіне мен де барайын ба?
- 4) Байқаймын, ол мені танитын адамға ұқсайды.
- 5) - Армысың, хан ием!
- 6) Жалған шығар бұл, кім біледі.

- 7) – Бар бол, Дарабозым! Алыс жолдан аман-есен жеттің бе?
- 8) Ол қандай үн болғаны, апыр-ау?

19. Даралаушы қызмет атқаратын тыныс белгісін табыңыз.

- 1) Үтір.
- 2) Қос нүкте.
- 3) Дефис.
- 4) Тырнақша.
- 5) Көп нүкте.
- 6) Нүктелі үтір.
- 7) Леп белгісі
- 8) Жақша.

20. Стильге тән қатарды анықтаңыз

- 1) Тарихи.
- 2) Кәсіби.
- 3) Ғылыми.
- 4) Диалект.
- 5) Ресми.
- 6) Ұлттық.
- 7) Дәстүрлік.
- 8) Өркениеттік.

5-нұсқа

1. Антонимдік жұпты белгілеңіз.

- 1) Жасыл-жасылтым.
- 2) Қорамсақ-сәукеле.
- 3) Құпия-жария.
- 4) Батыр- су жүрек.
- 5) Мұхит-теңіз.
- 6) Қорқақ- қауқарсыз.
- 7) Ел-халық.
- 8) Кітап-дәптер.

2. Көнерген сөздер қатарын белгілеңіз.

- 1) Қымыз, шұбат.
- 2) Қаршыға, түлкі.
- 3) Архаизм, неологизм.
- 4) Уәзір, болыс.
- 5) Барымта, шоқпар.
- 6) Жомарт, сараң.
- 7) Лашық, кебеже.
- 8) Сәуір, апрель.

3. Еріндік дауыстылар кездесетін сөйлемді белгілеңіз.

- 1) Үлкенге ізет, кішіге құрмет.
- 2) Ісіне қарап, адамын таны.
- 3) Ашу келгенде, абайлап сөйле.
- 4) Жақсы кітап- жан азығы.
- 5) Сөз семсерден де өткір.
- 6) Бес жердегі бес- жиырма бес.
- 7) Жаманның тілі ащы.
- 8) Адам табиғатпен егіз.

4. Тұйық буынды сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

- 1) Көз қорқақ, қол батыр.
- 2) Істеу қиын, сынау оңай.
- 3) Ақыл жастан, асыл тастан.
- 4) Білім алу – зор күш.
- 5) Ұстаз көрген хат таныр.
- 6) Тазалық- тамаша әсемдік.
- 7) Әуезов- ұлы жазушы.
- 8) Малдың жайын баққан білер.

5. Біріккен сөз қатысқан қатарды табыңыз.

- 1) Ауыл шаруашылығы.
- 2) Жезқазған қаласы.

- 3) Арал теңізі.
- 4) Алғашқы ұстаз.
- 5) Бірінші сынып.
- 6) Қызыл моншақ.
- 7) Арқан есу.
- 8) Кішкене көлшік.

6. Ілік септігінде тұрған зат есімді табыңыз.

- 1) Бестің, сегіздің.
- 2) Менің, сенің.
- 3) Тауың, алтының.
- 4) Барудың, келудің.
- 5) Көлдің, өзеннің.
- 6) Оқығанның жазғанның.
- 7) Ағаштың, гүлдің.
- 8) Үштің, күштің.

7. Қатыстық сын есімді тіркесті белгілеңіз.

- 1) Көгілдір аспан.
- 2) Жасыл шөп.
- 3) Жұмыр жер.
- 4) Жазғы киім.
- 5) Кеңдеу бөлме.
- 6) Таза орамал.
- 7) Сарғыш жапырақ.
- 8) Қышқылтым алма.

8. Бастауышы сан есімнен болған сөйлемді табыңыз.

- 1) Ол биыл бірінші сыныпқа барады.
- 2) Білімді мыңды жығады.
- 3) Алты - үшке қалдықсыз бөлінеді.
- 4) Жиналыс сағат жетілерде басталды.
- 5) Асқар он үште, Айдар он бесте.
- 6) Оқушылар сапка екі-екіден тұрды.
- 7) Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
- 8) Біз үш түрлі кедергіден өттік.

9. Белгісіздік есімдік қатарын табыңыз.

- 1) Нешеу, қанша.
- 2) Әркім, біреу.
- 3) Олар, сендер.
- 4) Өзіме, өзіңе.
- 5) Әлдекім, кейбіреу.
- 6) Кімде-кім, бірдеме.

7) Ешқашан, еш нәрсе.

8) Бұл, осы.

10. Салт етістікті тіркесті табыңыз.

1) Кітап оқыды.

2) Хат жазды.

3) Әкесін көрді.

4) Үйге жүр.

5) Өлең айтты

6) Дәптерін алды.

7) Анасын сағынады.

8) Алма берді.

11. Күрделі үстеу қатысқан сөйлемді табыңыз.

1) Асан екеуміз ақырындап әңгімелесіп келеміз.

2) Көкем ала жаздай егін басында болды.

3) Биыл да егін бітік шықты.

4) Бұл жаңалыққа апам балаша қуанды.

5) Қазір ол ақ отаудың төрінде жалғыз отыр.

6) Ауыл жартылай көшіп кеткен.

7) Егін орағы жақында басталып кетті.

8) Екі ауылдың арасы жақын орналасқан.

12. Көңіл-күй одағайын табыңыз.

1) Тәйт

2) Әттең

3) Шөре-шөре

4) Ойпырай

5) Пай- пай

6) Тек

7) Көс-көс

8) Құр-құр

13. Жалғау арқылы байланысқан тіркесті табыңыз.

1) Білімді азамат

2) Өнерлі жігіт

3) Үйін салды

4) Жасылтым мата

5) Үлкендеу ыдыс

6) Көкке қарады

7) Бірінші сынып

8) Бітік егін

14. Жалпылауыш сөз қатысқан сөйлемді белгілеңіз.

1) Талапты бала- талпынған құстай.

- 2) Іле, Есіл, Еділ- барлығы ірі өзендер.
- 3) Бүгін- Ұлыстың ұлы күні.
- 4) Тіл тазалығы- ар тазалығы.
- 5) Еріншектік - өмірдің дұшпаны.
- 6) Әлия, Берік, Ұлан – үшеуі жарысқа кетті.
- 7) Пайда, мақтан- бәрі тұл.
- 8) Көрмес- түйені де көрмес.

15. Күрделі баяндауышы бар сөйлемді табыңыз.

- 1) Қонақтар кешікпей аттанды.
- 2) Айым биледі.
- 3) Таң атып келеді.
- 4) Үлкенді сыйла.
- 5) Сабақ бір айға ұзартылды.
- 6) Ана тілің - қазынаң.
- 7) Өнерді үйрен де жирен.
- 8) Өнерлі озады.

16. Жакты сөйлемді табыңыз.

- 1) Уәде- жан азығы.
- 2) Малды тебуге болмайды.
- 3) Біздің ерте баруымыз керек.
- 4) Қаладан оқығысы келеді.
- 5) Оған досымен сөйлесу керек.
- 6) Отыз – беске бөлінеді.
- 7) Марат күліп жіберді.
- 8) үн іші.

17. Ыңғайлас салаластың жалғаулықтарын табыңыз.

- 1) Дегенмен
- 2) Және
- 3) Себебі
- 4) Да, де
- 5) Немесе
- 6) Кейде
- 7) Біресе
- 8) Алайда

18. Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз.

- 1) Биыл, несін айтасың, егіннің шығымы жақсы болды.
- 2) Әрине, еңбексіз ер де, жер де көгермейді.
- 3) Амал қанша, сенің ойың дұрыс еді.
- 4) Аңсаған менің, арманым, жеттім бүгін шегіңе!
- 5) Бәрекелді, қызылша біркелкі жақсы шығыпты!
- 6) Меніңше, бұл оқиға оны көп ойландырды.

- 7) Шакырғанда келмедің, ұмытып кеттің-ау, сірә.
- 8) Шынымды айтсам, өзің бір қызық жан екенсің.

19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қатарды табыңыз.

- 1) ІЗ-мамыр
- 2) ІІІ-том
- 3) ҰБТ-дан
- 4) ХХІ-ғасыр
- 5) 2008- жыл
- 6) АҚШ:қа
- 7) ІІ-сынып
- 8) Кіп кішкене

20. «Мемлекеттік тіл.... қамқорлығында болады»

Көп нүктенің орнына лайықты сөзді табыңыз.

- 1) Халықтың
- 2) Қаланың
- 3) Парламенттің
- 4) Партияның
- 5) Мемлекеттің
- 6) Сенаттың
- 7) Депутаттың
- 8) Ауданның

**Бірнеше дұрыс жауабы бар тест
тапсырмаларының жауап кілттері
(II бөлім)**

| Нұсқалар | 1-нұсқа | 2-нұсқа | 3-нұсқа | 4-нұсқа | 5-нұсқа |
|----------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Сұрақ № | | | | | |
| 1. | 4,7 | 1,2,5 | 3,5,6 | 6 | 3,4 |
| 2. | 3,5,8 | 2,4,5 | 3,7 | 1,4 | 4,5,7 |
| 3. | 2,6 | 5 | 4 | 4,6 | 1,3,5 |
| 4. | 1,3 | 1,3,6 | 2,5,8 | 4 | 2,5 |
| 5. | 1,6,7 | 1,2 | 1,5 | 2,4,6 | 2 |
| 6. | 2 | 3,6,8 | 4,7 | 5 | 5,7 |
| 7. | 3,6 | 4 | 1 | 2,4,6 | 4 |
| 8. | 2 | 2,6 | 3,4 | 1 | 3,7 |
| 9. | 3,6,7 | 2,4 | 3,4,7 | 1,4,5 | 2,5,6 |
| 10. | 4,5,7 | 1,6 | 1,2 | 3,5 | 4 |
| 11. | 1,6 | 1,2,3 | 3,7,8 | 4 | 2,3 |
| 12. | 3,6,8 | 2 | 4 | 4,6 | 2,4,5 |
| 13. | 3 | 1,3,5 | 3,6,7 | 1,2 | 3,6 |
| 14. | 2,7 | 4,7 | 3,8 | 3 | 2,6,7 |
| 15. | 3 | 1,4 | 1 | 2,4,6 | 3 |
| 16. | 4,5,8 | 2 | 2,5,6 | 2,6 | 1,6,7 |
| 17. | 1,6 | 4,6 | 3,6 | 1,3,6 | 2,4 |
| 18. | 3 | 4 | 2,8 | 3,5,7 | 4 |
| 19. | 5 | 3,5,7 | 3 | 5,7 | 3,7 |
| 20. | 4,6 | 8 | 5 | 3,5 | 5 |

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ



ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанында құрылған «Қаржы орталығы» АҚ сіздерге білім беру кредитін ресімдеу арқылы жоғары білім алуға мүмкіндік береді. Білім беруді кредиттеу бағдарламасы бойынша талапкерлер және Қазақстанның жоғары оқу орындарында ақылы негізде білім алушылар **Қаржы орталығымен** әріптес-банктерден жеңілдік шарттарда кредит ресімдей алады.

Кредиттеудің негізгі шарттары:

- ✓ Кредит бойынша сыйақы ставкасы – 15% жоғары;
- ✓ Кредит мерзімі – 10 жылға дейін;
- ✓ Негізгі қарызды өтеу үшін жеңілдік кезеңі = оқу мерзімі + жұмысқа тұруына 6 ай;
- ✓ Кепілдікпен қамтамасыз ету тәртіп ретінде талап етілмейді;
- ✓ Кредитті мерзімінен бұрын өтеуде шексіздіктің болмауы.

**КРЕДИТКЕ БІЛІМ –
КҰНЫ ЖОҒАЛМАС БАЙЛЫҚ!**

Мекен - жайы:

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 37, 4-кеңсе

Телефондары: 8 (717 2) 24 50 62, 24 41 70

Факс: 8 (717 2) 24 42 37

WEB-САЙТ: WWW.FINCENTER.KZ

E-MAIL: FINCENTER@FINCENTER.KZ

Қазақ тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал. /Астана:

«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2009 – 144 б.

Жауапты редактор Нұрмұханова Г.Е.

Компьютерде беттеу Жаренов К.Г.

Басуға 21.01.2009 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16.

Әріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа парағы 9.

Таралымы 12343 дана. Тапсырыс № 2058.